

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2006

жылғы

"__"_____

№

_____ Жарлығымен

бекітілген

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы МАЗМҰНЫ

Паспорт

Кіріспе

1. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

&1. Ұзақ мерзімді орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету

&2. Қала құраушы құрылымды жасау

&3. Кірістер және шығыстар саясаты

1. К і р і с т е р

2. Ш ы ғ ы с т а р

3. Т а п ш ы л ы қ

&4. Іскерлік және инвестициялық ахуалды жақсарту

&5. Жоғары технологиялы өндірістің жаңа түрлерін дамыту

&6. Астананың азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

&7. Ұтымды көлік жүйесін қалыптастыру

&8. Медициналық көмектің қол жетімділігі мен сапасын арттыру

&9. Бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістікті қалыптастыру

Демографиялық ахуалға сай келмейтін әлеуметтік қамсыздандыру

Ғылыми-білім беру саласы деңгейінің астаналық мәртебеге сай келмеуі

Сауда және қызмет көрсету саласы даму деңгейінің қазіргі заман талаптарына сай келмеуі

Экологиялық ахуалдың нашарлауы

Елдің саяси орталығының географиялық жағдайы мен әлеуетін нашар пайдалану

Ақпараттық-бедел саясатының енжар сипаты

&10. Туризм индустриясы

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

&1. Салық және бюджет саясаты

&2. Инвестициялық саясат

1. Қала тіршілігінің дамыған инфрақұрылымын жасау
 2. Сумен қамтамасыз ету және су бөлу
 3. Көлік
 4. Әлеуметтік сала
 5. Тұрғын үй құрылысы
 6. Қаланы абаттандыру
 7. Қоршаған ортаны қорғау
 8. Қосылған құны жоғары өнімдер өндіруге бағдарланған ғылыми- өнеркәсіптік кешендерді қалыптастыруға және дамытуға жәрдемдесу
 9. Инновация саласындағы басымдықтарды ескере отырып, кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау
 10. Инвестицияларды тарту үшін құқықтық база мен экономикалық тетіктерді жетілдіру
- &3. Индустриялық-инновациялық саясат
- &4. Қала тіршілігінің инфрақұрылымы
1. Энергиямен жабдықтау
 - 1) Электр энергетикасы
 - 2) Жылу энергетикасы
 - 3) Газбен жабдықтау
 2. Қаланың көлік жүйесі
 - 1) Автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту және жөндеу
 - 2) Көлік айырымдарын, көпірлерді, өткерме жолдарды, жерасты өткелдерін салу
 - 3) Қала ішіндегі жолаушылар көлігінің баламалы түрлерін енгізу және дамыту, қазіргі автобус және троллейбус парктерін жаңарту
 - 4) Автомобиль паркингі жүйесін дамыту
 - 5) Автобус және троллейбус парктерін, қоғамдық көлік инфрақұрылымының объектілерін жаңалау
 - 6) Жол құрылысы үшін құрылыс материалдарының қазіргі заманғы өндірісін дамыту
3. Сумен қамтамасыз ету және су бөлу
4. Телекоммуникациялар
- & 5 . Құрылыс
1. Азаматтық-өнеркәсіптік құрылыс
 2. Тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй нарығы
 3. Қала құрылысы
- & 6 . Әлеуметтік даму
1. Демографиялық даму
 2. Халықтың тұрмыс деңгейі
 3. Әлеуметтік камсыздандыру
 4. Денсаулық сақтау

5. Білім беру
6. Мәдениет және спорт
- &7. Сауда және қызмет көрсету
- &8. Экологиялық саясат
1. Атмосфералық ауаны қорғау
 2. Су ресурстарын қорғау
 3. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару
 4. Көгалдандыру құрылысын дамыту
 5. Қоршаған ортаны қорғауды дамытуды қамтамасыз ету
- &9. Қалалық қызмет көрсету саласы
1. Ақпараттық қоғамды қалыптастыру процесінің нормативтік-құқықтық базасы
 2. Қалалық ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды жалпы- жүйелік қамтамасыз ету
 - 1) Электронды өзара іс-қимыл ортасы
 - 2) Технологиялық шешімдер
 - 3) Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
 3. Жалпықалалық ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту
 - 1) Қалалық порталдар жүйесі
 - 2) Қала тұрғындарын есепке алудың автоматтандырылған жүйесі
 - 3) Автоматтандырылған сауда-саттық жүйесі
 - 4) Телекоммуникациялық инфрақұрылым
 4. Ақпараттық теңсіздікті еңсеру
 5. Қаланы дамыту үшін ақпараттық технологияларды пайдалану
 1. Қалалық басқаруды ақпараттандыру ("Электронды әкімдік" тұғырнамасын іске асыру)
 - 1) Электронды құжат айналымы жүйесі
 - 2) Қалалық басқарудың орталық органдары
 - 3) Мүліктік-жер қатынастары
 - 4) Әлеуметтік орта
 - 5) Қалалық шаруашылық
 - 6) Сәулет және құрылыс
 - 7) Табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау
 2. Қызмет салаларын ақпараттандыру
 - 1) Тұрғын үй-коммуналдық қатынастар
 - 2) Білім беру
 - 3) Денсаулық сақтау
 - 4) Әлеуметтік қорғау саласы
 - 5) Көлік
 - 6) Халықтың өтініштерін қабылдау қызметі

& 10.

Ақпараттық-имидждік

саясат

1 .

А қ п а р а т т ы қ

с а я с а т

2 .

И м и д ж д і к

с а я с а т

& 11 .

Т у р и з м

и н д у с т р и я с ы

4. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның паспорты

Атауы	Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама).
Өзірлеу негіздеме үшін	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен өткен кеңестің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 01-7.11 хаттамасы.
Өзірлеуші	Астана қаласының әкімдігі.
Мақсаты	Халықтың тұрмыс сапасын дәйекті арттыру, әлемдік стандарттарға сай келетін және қала халқы мен экономикасының өсуіне барабар тіршілік ету инфрақұрылымын қалыптастыру, қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету, елдің экономикасында астананың интеграциялық ролін арттыру
Міндеттері	<p>I кезең (2006 - 2008 жылдар):</p> <p>бюджетті перспективалық жоспарлау және атқару процестерінің тиімділігін арттыру; қалалық бюджеттің кіріс бөлігін барынша ұлғайту; қаланың экономикасын, әлеуметтік, өндірістік, тұрғын үй және көліктік инфрақұрылымын дамыту үшін қаржы ресурстарын тарту мақсатында тартымды инвестициялық ахуал жасау; ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық экспортқа бағдарланған өндірістер құруды қамтамасыз ететін өнеркәсіптік кластер құру; халық санының өсуіне және қала экономикасының даму қарқынына сәйкес қаланың тыныс-тіршілік инфрақұрылымының жұмыс істеуінің тиімділігін арттыру; ұлғайып келе жатқан қалаішілік жолаушы және жүк тасымалына қажеттілікті қамтамасыз ететін көліктік инфрақұрылымды дамыту; қаланы сумен жабдықтаудың және су бөлудің сенімділігін арттыру және халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету; телекоммуникация мен почта байланысы қызметтерін дамыту құрылыс жұмыстарының сапасын арттыру және құнын азайту үшін капитал шығындарын азайтуды және қазіргі заманғы құрылыс материалдарын пайдалануды ынталандыруды қамтамасыз ететін құрылыс кластерін құру;</p> <p>тұрғын үй иелерінің тұрғын ғимараттарын тиісінше ұстау және оларды уақтылы күрделі жөндеу жөніндегі міндеттерді орындауын мемлекеттік бақылауды күшейту; қаланың көркемдік бейнелігімен, тарихи-мәдени және ұлттық өзгешелігімен ерекшеленетін сәулеттік келбетін қалыптастыру;</p> <p>сапалы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін медициналық кластер құру; бала тууды көтермелеу, денсаулықты нығайту және өмір сүру ұзақтығын ұлғайту; халықтың неғұрлым осал және қорғалмаған жіктеріне атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді ұсыну;</p> <p>мемлекеттік және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын денсаулық сақтауды дамытудың басым бағыттарын іске асыру;</p> <p>қазақстандық және шетелдік жетекші университеттердің академиялық және ғылыми орталықтары мен ғылыми орталықтардың арасындағы көпірге және әлемдік деңгейдегі білікті кадрларды даярлау үшін басты білім көзіне айналатын ғылыми-білім беру кластерін құру;</p> <p>білім беру мекемелерінің теңгерімделген желісін құру және сапалы, үздіксіз білім беру</p>

жүйесін қалыптастыру;
 халықтың рухани деңгейін нығайту және зияткерлік деңгейін арттыру;
 халықты жұмыспен қамтуды және қала экономикасына туризмді дамытудан кіріс түсуін қамтамасыз ететін туристік кластерді құру;
 сапаның мемлекет белгілеген кепілдігі жағдайында астана тұрғындарының алуан түрлі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге сұранысын қанағаттандыру, сауда және тұрмыстық қызмет көрсету мәдениетін арттыру.

II кезең (2009 - 2010 жылдар):
 бәсекеге қабілетті еңбек нарығын құру, білім беру, медициналық қызмет көрсету, мәдениет және т.б. стандарттарын арттыру арқылы қала халқының тұрмыс сапасын арттыру;
 тиімді көлік инфрақұрылымын құру, көлік ағынын оңтайландыру, жүрдек қоғамдық көліктің баламалы түрлерін енгізу;
 тұрғын үй құрылысын жедел дамыту және тұрғын үй нарығының тиімді тетіктерін қолдану арқылы тұрғын үйге қол жетімділікті қамтамасыз ету;
 қаланың тыныс-тіршілік үшін қолайлы қоршаған ортасын тұрақты дамытуды қамтамасыз ету;
 қала кәсіпорындары өндіретін өнімді өткізу нарығын кеңейту;
 жоғары технологияларды тарта отырып, қаланы басқарудың озық тәжірибесін пайдалану;
 өзекті әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін қаланы басқарудың талдамалық-ақпараттық қамтамасыз етілуін жақсарту жолымен оның тиімділігін арттыру;
 Қазақстан Республикасының ел ордасы - Астананың жағымды бейнесін жасау және нысаналы аудиториялар арасында жылжыту.

Іске асыру мерзімі

2006-2010 жылдар

Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға республикалық, жергілікті бюджеттердің және халықтың қаражаты, экономикалық ұйымдардың гранттары, шетелдік және отандық инвестициялар пайдаланылатын болады. 2006 - 2010 жылдарға арналған инвестицияларға жалпы қажеттілік 523,2 млрд. теңгені құрайды. Қаражатты Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жылдары бойынша бөлу:

	Республикалық бюджет				Жергілікті бюджеттер		ЖИЫНЫ
	бюджет	бюджеттер	және қаражаты	және қаражаты	және қаражаты		
2006	62,5*	6,9	-	69,4			
2007	79,3*	7,7	-	87,0			
2008	100,9	4,1	0,01	105,01			
2009	119,3	4,3	0,02	123,62			
2010	133,5	4,6	0,04	138,14			
жиыны	495,5	27,6	0,07	523,17			

Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылысына қала бюджеті алған

	кредит қаражатын (2006 - 2007 ж.ж. кредит қаражаты - 5,07 млрд. теңге) есепке алмағанда. Қазақстан Республикасында білім беруді және денсаулық сақтауды дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде республикалық бюджеттен бөлінетін ресми трансферттерді есепке алмағанда. Жылдар бойынша қаржыландыру көлемі кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті және Астана қаласының бюджетін қалыптастыру кезінде нақтыланады.
Күтілетін нәтижелер	<p>Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2010 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру үйлесімді дамыған астаналық ортаны құруды қамтамасыз етеді, жаңа сапалы және сандық деңгейде халықтың тұрмыс деңгейін көтеру үшін жағдай жасайды. Қаланың инфрақұрылымы үздік әлемдік үлгілерге жақындай түседі. Қабылданған бағдарламалық іс-шараларды практикада іске асыру Астана қаласы экономикасының дамуындағы оң үрдістерді нығайтуға мүмкіндік береді, сол арқылы орта мерзімді, сондай-ақ ұзақ мерзімді кезеңдерде оның дамуының макроэкономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.</p> <p>Бағдарламаны іске асыру:</p> <p>экономикада:</p> <p>2010 жылы ЖӨӨ-ні 2004 жылмен салыстырғанда екі есеге ұлғайтуға (I кезең - 1,4 есеге); өнеркәсіптік өндіріс көлемін 2,8 есеге (I кезең - 1,7 есеге), оның ішінде өңдеуші өнеркәсіпте - 3,6 есеге (I кезең - 1,8 есеге), электр энергиясын, газ бен суды өндіруде және бөлуде - 1,3 есеге (I кезең - 1,1 есеге) ұлғайтуға;</p> <p>әлеуметтік салада:</p> <p>ресми жұмыссыздық деңгейін 1 %-ға дейін азайтуға (I кезең - 1,2 % -ға дейін); халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай кірісін 1,5 есеге ұлғайтуға (I кезең - 1,3 есеге);</p> <p>қала халқының өмір сүруінің орташа ұзақтығын 71,8 жасқа дейін ұлғайтуға (I кезең - 71 жасқа дейін) мүмкіндік береді.</p>

Кіріспе

Елдегі тұрақты экономикалық өсу және әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, сондай-ақ отандық кәсіпкерліктің астаналық нарықтағы қызметке жоғарғы ниеті Астана қаласын дамытуды жеделдету және оның Қазақстан Республикасының саяси, іскерлік, осындай-ақ мәдени орталығы ретіндегі мәртебесін арттыру үшін жағдай жасайды.

2005 жылы "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" мемлекеттік бағдарламасының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты Астана қаласының жаңа орталығын салу барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2004 жылғы 27 қазандағы отырысында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Астана қаласының дамуының 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді тапсырды.

"Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қомақты инвестицияларды тартуға және астаналық орта қалыптастыруға мүмкіндік берген шаралар кешені орындалды. Қаланың экономикасы жылдам өсті, қалаішілік жағдай, оның ішінде демографиялық ахуал едәуір өзгерді.

Осыған байланысты осы Бағдарламаны қабылдау Қазақстан Республикасының елордасы ретінде қалыптасу кезеңінен сәтті өткен Астана қаласын дамытудың одан арғы перспективаларын айқындау қажеттілігінен туындаған.

Қазіргі таңда Астана өзінің бизнес қауымдастығын қалыптастыру сатысына аяқ басты. Халықтың тез көбеюі энергетиканы, көлікті, коммуникацияларды қоса алғанда, білім беру, денсаулық сақтау, қалалық инфрақұрылым сияқты салаларды дамытудың барабар қарқынын талап етеді. Бұл ретте, аталған міндеттерді жүзеге асыру қоршаған ортаға техногендік жүктемені азайту жөніндегі пәрменді шаралармен қатар жүруге тиіс.

Бағдарлама Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын талдауды, орта мерзімді мақсаттар мен міндеттерді, оларға қол жеткізудің тәсілдері мен құралдарын қамтиды, негізгі проблемаларды шешуді көздейді, өзге жағдайларды және болжанып отырған үрдістерді ескере отырып, қаланы одан әрі дамыту бағыттарын айқындайды, сондай-ақ оның ұзақ мерзімді әрі тұрақты өсуінің негізін қалайды.

1. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

"Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қаланы дамытудың 2005 жылға дейінгі негізгі басымдықтары:

- ұзақ мерзімді орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету;
- қала құраушы құрылым жасау;
- қала бюджетінің кіріс базасын жақсарту;
- іскерлік және инвестициялық ахуалды жақсарту;
- жоғары технологиялық өндірістердің жаңа түрлерін дамыту;
- астананың азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ұтымды көлік жүйесін қалыптастыру;
- медициналық көмектің қол жетімділігін және сапасын арттыру;

бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістікті қалыптастыру болды.

1. 1-1.9-бөлімдерде Бағдарламада анықталған басымдықтар шеңберінде қаланың дамуына талдау жүргізілді.

&1. Ұзақ мерзімді орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету

Жаңа астананың дамуына көрсетілген мемлекеттік қолдау, ұлттық, ірі отандық және шетелдік компаниялардың топ-менеджментінің көшуі, банктер филиалдарының ірілендірілуі және қазақстандық экономиканың тұрақты өсуі Астана қаласында іскерлік белсенділіктің артуына әкелді: 2000 - 2004 жылдары жаңадан тіркелген жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны 4640 бірліктен 10591-ге дейін (2,3 есе) өсті.

Бүкіл кезең ішінде жылдар бойынша жалпы өңірлік өнімнің (ЖӨӨ) өсуінің тұрақты үрдісі, сондай-ақ жалпы республикалық ЖІӨ-дегі Астананың ЖӨӨ-нің 5-тен 6,5 %-ға дейін өскені байқалды (1-суретті қараңыз).

Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) 2000 жылғы 115,4 млрд. теңгеге қарағанда 2004 жылы 419,3 млрд. теңгені құрады.

1-сурет

Қазақстанның ЖІӨ-дегі Астананың ЖӨӨ үлесі, %

Қағаз мәтіннен қараңыз

Жан басына шаққанда ЖӨӨ-нің деңгейі бойынша Астана елдің басқа өңірлерінің ішінде төртінші орынға шықты. Бұл ретте, бірқатар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша орташа республикалық деңгеймен салыстырғанда озыңқы өсімі байқалады (1-кестені қараңыз).

1-кесте

Астана қаласы мен Қазақстан Республикасының негізгі экономикалық көрсеткіштерінің салыстырмалы бағалармен өзгеру серпіні

	Салыстырмалы бағалармен өткен					5 жыл ішіндегі өсу, есе
	жылға өсім қарқыны %					
	2000	2001	2002	2003	2004	
Нақты жалақының индекстері						
Астана	1,6	7,8	14,9	11,7	17,8	1,65
Қазақстан	7,1	11,1	10,9	7,6	13,9	1,62
Өнеркәсіптік өндіріс индексі *						
Астана	12,3	18,5	13,7	10,8	24,7	2,1
Қазақстан	15,5	13,8	10,5	9,1	10,4	1,75
Тұрғын үйдің іске қосылған жалпы алаңы						
Астана	13,9	55,9	6,0	13,2	61,6	3,45
Қазақстан	10,2	23,7	3,1	36,0	22,7	2,34

* Нақты көлем индексі аралық сипаттағы қызметтер мен үй шаруашылығы секторындағы өндірісті ескере отырып, заттай көрсеткіштер негізінде есептелген

&2. Қала құраушы құрылымды жасау

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы N 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарына сәйкес астаналық орта жасауға мүмкіндік беретін әкімшілік, іскерлік, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-білім беру және бизнес орталықтары қалыптастырылуда.

Жаңа әкімшілік орталықтың қазіргі заман талаптарына сай инженерлік инфрақұрылымын жасауға маңызды мән берілуде. Осы бағыттағы бірнеше маңызды объектілер пайдалануға берілді, оның ішінде:

Ұзындығы 26 км жауын-шашын кәрізін төсеу аяқталды;
Ұзындығы 18,6 км дренаждық магистральдық желісі және ұзындығы 8,1 км кәріз

с а л ы н д ы ;

7,9 км құрайтын су құбырының инженерлік желісі салынды;
жаңа 11010 килловольтті төмендетуші станция салынды;

бес таратушы шағын станциясымен жоғары вольтті желі салынды;

Қорғалжын тас жолында сорғы станциясы бар коллектор пайдалануға берілді.

Астананың жаңа орталығын салу қаланың сол жақ жағалауында жүзеге асырылуда, бұл ретте "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы (АЭА) шеңберінде қала құраушы құрылым қалыптастырылуда.

Қаланың қалыптасқан бөлігінде авариялық күйдегі тұрғын үйлерді бұзу, жаңа сәулет-қала құрылысы тораптарын құру, өзен жағалауын жайластыру және т.с.с. кешенді түрде жүзеге асырылуда. Қаланы абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі жұмыстар орындалуда.

2000 - 2004 жылдар кезеңінде қаланың аумағындағы инвестициялар көлемі салыстырмалы бағалармен 2,6 есе өсті және кезеңнің аяғына қарай 158,9 млрд. теңгеге жетті (2-суретті қараңыз).

2-сурет

Астана қаласында 2000-2004 жылдары құрылыс көлемінің оның түрлері бойынша өзгеру серпіні

Қағаз мәтіннен қараңыз

2000-2003 жылдары азаматтық-өнеркәсіптік құрылыстың үлесі 77,4 %-дан 81 %-ға дейін өскені байқалады. Алайда, 2004 жылдың басында тұрғын үй құрылысының республикалық бағдарламасы қабылданған соң ахуал өзгерді: құрылысқа инвестициялар күрт өсті (273,6 %-ға).

2000-2004 жылдары құрылысқа салынған инвестициялар құрылымында корпорациялық сектор мен халықтың үлесі ұдайы 39,3-тен 57,1 %-ға дейін өскені байқалды, бұл бюджет қаражатының барабар азаюына әкелді.

2001-2004 жылдары құрылысқа салынған инвестицияларды игеруде жеке компаниялардың үлесі 33,1-ден 58,2 %-ға дейін өсті, ал мемлекеттің үлесі 66,5-тен 40,32 %-ға дейін азайды.

"Астана - жаңа қала" АЭА жобасының техникалық-экономикалық негіздемесіне сәйкес 2007 жылға дейін құрылысқа 238,6 млрд. теңгеге инвестиция (1,6 млрд. АҚШ доллары) салу жоспарланып отыр. Жоспарланған объектілерді салуға жұмсалатын шығыстар мемлекеттік қаржыландыруды барынша азайту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" "Арнайы экономикалық аймақтың қолданылу мерзімін 2010 жылға дейін ұзарту және оның шекарасын кеңейту туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы N 645 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі құжаттар әзірленді.

Әйтсе де, қол жеткізілген нәтижелерге қарамастан, инженерлік және көліктік инфрақұрылымдар жеткілікті түрде дамымай отыр.

Тұрғын үй құрылысы

Қалада тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі 2000-2004 жылдары 3 есе, оның ішінде жеке құрылыс салушылар - 8,4 есе өсті. 2004 жылы осы көрсеткіштердің неғұрлым жоғары қарқынмен өскені байқалды, тиісінше - 61,6 және 90,3%. Тұрғын үй саласында 2004 жылы Астана қаласының кәсіпорындары, ұйымдары мен халқы жалпы көлемі 421,3 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға берді, бұл 2003 жылдың деңгейінен 1,6 есе артық. Жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен халық 5 жылдық кезеңде пайдалануға берген тұрғын үйдің негізгі көлемі 996,9 мың шаршы метр, немесе мемлекеттік меншік нысанындағы жаңа тұрғын үйдің жалпы алаңының - 78,6 %-ын, - 244,3 мың шаршы метр, немесе 19,3 %-ды құрады.

Тұрғын үйді пайдалануға берудің неғұрлым жоғары өсу қарқыны мемлекеттік емес, атап айтқанда тұрғындар салған секторда байқалды. 2000-2004 жылдары мемлекеттік емес сектордың тұрғын үй салу көлемі 10,1 есе, оның ішінде халықтық - 4,4 есе (3-суретті қараңыз) өсті. Мемлекеттік сектор бойынша 2004 жылы 2000 жылмен салыстырғанда тұрғын үйді пайдалануға беру көлемінің 72,8 %-ға абсолютті түрде азайғаны байқалды.

Соңғы бес жылда халық 395,8 ш.м. құрылыс салды. 2004 жылы барлығы 3790 пәтерлік 818 тұрғын үй пайдалануға берілді. 2000 жылмен салыстырғанда тұрғын үй құрылысына жіберілген инвестициялар көлемі 4,3 есе өсті және 54,3 млрд. теңге құрады.

3-сурет

Іске қосылған тұрғын үй көлемінің серпіні, жалпы алаңы, мың ш.м.

Қағаз мәтіннен қараңыз

Пайдалануға берілетін тұрғын үй құрылымында меншік нысандары бойынша түбегейлі өзгерістер болды. Мысалы, егер 2000 жылы пайдалануға берілген тұрғын үйдің 71,7 %-ы мемлекеттік меншік нысанында болса, 2004 жылы жеке тұрғын үй салушылар салған үйдің үлес салмағы 93,6 %-ды (мемлекеттік меншік - 6,4 %) құрады (4-суретті қараңыз).

4-сурет

Пайдалануға берілген тұрғын үй қорының меншік нысандары бойынша құрылымы, мың шаршы метр.

Қағаз мәтіннен қараңыз

Астанада 1 шаршы метр тұрғын алаңның орташа нақты бағасы тұрғын үйге тұрақты сұраныстың болуы есебінен сақталуда және ол өткен жылдың қорытындысы бойынша 57,5 мың теңге (орташа есеппен соңғы бес жылда - 58,3 мың теңге) болды. Өз кезегінде тұрғын үйге сұраныстың артуы қала халқының нақты табысының өсуі мен халықтың көші-қон ағынының ұлғаюынан туындады. Ипотекалық кредит беруді дамыту тұрғын үй салудың өсуі үшін қосымша серпін болып табылды.

Құрылыстың жоғары қарқынмен дамуына қарамастан, Астана қаласында тұрғын үймен қамтамасыз ету әлі де өткір сипатқа ие. 5 жылда тұрғын үй қоры 1579 мың шаршы метрге өскенімен, қала халқының тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі бір адамға 19,2 шаршы метр (2-кестені қараңыз).

2-кесте

Астана қаласы тұрғын үй қорының өзгеру серпіні

Жылдар	Тұрғын үй қоры, мың шаршы метр	Тұрғын үймен қамтылу 1 ад/м ² .
2000	4768	15,7
2001	4905	14,7
2002	5182	15,4
2003	5821	18,1
2004	6347	19,2

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бұл ретте, тұрғын үй құрылысының проблемалары: салынатын тұрғын үйлердің жоғары құны, құрылыстың құны мен сапасының сай келмеуі;

ипотекалық кредит берудің қатаң шарттары халықтың жинақ ақшасын тұрғын үй құрылысына толыққанды жұмыс істетуге мүмкіндік бермей отыр;

Астана қаласында пайдалану мерзімі біткен, елуінші-алпысыншы жылдары салынған тұрғын үйдің болуы орын алып отыр.

Қаланың тыныс-тіршілік қызметінің инфрақұрылымы Электр энергетикасы

2004 жылғы 1 қаңтарда Астана қаласының электр станцияларының белгіленген жиынтық қуаты 262 МВт құрады. 2000-2004 жылдар кезеңінде электр энергиясын өндіру 12,0 % өсті және 2004 жылы 1491 млн.кВт/сағ. құрады (3-кестені қараңыз).

Қуатты жинақтаушы негізгі құралдардың тозу дәрежесі 2004 жылдың басында 19,3 % құрады, электр энергетикасы қуаттарын пайдалану 64,5 % болды.

3-кесте

Астана қаласында электр энергиясын өндіру және тұтыну теңгерімі

(млн. кВт/сағ.)

	2000	2001	2002	2003	2004	2000-2004 өсімі, (%)
Электр энергиясы өндірілді*	1331,3	1424,4	1454,9	1481,5	1491,1	12,0
Қаладан тыс жерден алынды	233,3	185,8	341,2	234,5	251,1	7,6
Электр энергиясын тұтыну	1166,2	1269,4	1466,1	1419,1	1524,5	30,7
оның ішінде:						
- өнеркәсіп	419,3	412,1	416,6	423,2	433,3	3,3
- құрылыс	12,7	17,8	41,9	46,6	68,5	439,3
- көлік	112,4	186,4	178,0	181,5	178,9	59,2
экономиканың басқа салалары және халық	324,7	351,9	374,7	426,6	501,4	54,4
- жалпы пайдалану желісіндегі шығын	297,1	301,2	454,9	341,2	642,4	15,2
Қаладан тыс жерлерге босатылды	398,4	155,1	330,0	296,9	217,7	-45,4
Нақты шығын деңгейі	280,1	289,3	291,9	317,2	312,2	11,4

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

*Дербес энергия көздерін есепке алмағанда

Астана қаласының электр энергиясын тұтыну құрылымындағы неғұрлым зор үлес салмақ өнеркәсіпке, экономиканың басқа салалары мен халыққа тиесілі (2004 жылы тиісінше 28,4 және 32,9 %). Құрылыста электр энергиясын тұтыну неғұрлым жоғары қарқынмен өсуде - оның құрылымдағы үлесі 2000-2004 жылдары 4,1 есе өсті.

Электр энергиясын тұтынудың жедел өсуін жабу үшін (2004 жылы 2000 жылмен салыстырғанда 30,7 % құрады) қазіргі уақытта мынадай іс-шаралар жүргізілді әрі ж ү з е г е а с ы р ы л у д а :

сол жақ жағалауда бірқатар объектілер салынды: "Сол жағалау" 110/10 ШС; "Әуежай" - "Сол жағалау" ВЛ-110 кВ ШС; ЖЭО-2 - "Әуежай" ШС ВЛ-110/10 кВ (35 км) Восточная, Насосная, Заречная тармақтарымен;

ЖЭО-2-ні, жылу желілері мен электр желілері объектілерін кеңейту әрі қайта жаңарту жобасы бойынша шарттар жасалды, онда энергия қуаттарын 120 МВт және жылу қуатын 450 Гкал/сағ. арттыру көзделді.

Электрмен жабдықтау проблемалары: электр желілері астананың болашақта құрылыс салынатын аймағында өтетіні

ескеріле отырып, 60-70 жылдары салынған қалалық электр желілерінің техникалық ж а й - к ү й і ;

Қалалық ШС, Астана, Өнеркәсіптік аймақ, Орталық және Көктем, ОРУ-110кВ-ден басқа, 110/10 кВт барлық шағын станцияларда А және ҚТ (ажыратушы және қысқа тұйықтаушы) трансформаторлар тізбегінде орындалған, бұл электрмен жабдықтаудың қазіргі заманғы сенімділік талаптарына сай келмейді және оларды қайта жаңартуды т а л а п е т е д і ;

жалпы пайдаланымдағы электр желілерінде шығын әлі де едәуір, ол электр энергиясын тұтынудың жалпы көлемінің 24 % бағалануда, бұл электр энергиясының коммерциялық шығынымен, сондай-ақ қалалық электр желілерінің жоғары дәрежеде тозуына байланысты.

Жылумен жабдықтау

Қала тұтынушыларын бумен және ыстық сумен жабдықтау жылу электр орталықтарымен (ЖЭО-1, ЖЭО-2) және қазандықтармен қамтамасыз етіледі, 2004 жылы олардың жиынтық өндірісі 3 308,3 мың/Гкалды құрады (2000 жылға қатысты - 2 851,8 мың. Гкал - 16,0 %-ға өсу). Сол жағалаудағы көп қабатты тұрғын үй құрылысының аймағында ЖЭО-дан жылу желілерін төсеп үлгермеу мұнда қазандық құрылысын салуға мәжбүр етеді. Бұл тұрғын үйдің құнын едәуір арттырады және қала бюджетінен үлкен дотацияны талап етеді, алайда алдағы уақытта жылумен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз етеді.

Жылу энергиясының шығыны әлі де болса жоғары. 2004 жылы энергиямен қамтамасыз ету кәсіпорындары бойынша технологиялық жабдықтың тозуы 33,4 %-ға ж е т т і .

Қазіргі уақытта Есіл өзенінің сол жағалауында 1-ОЖТП (орталық жылу-тарату пункті) және 2-ОЖТП құрылысы жүріп жатыр, бұл сол жағалаудағы жаңа әкімшілік орталықты, сондай-ақ N1 жаңа тұрғын үй шағын ауданын жылу энергиясымен жабдықтау үшін құбырлардың өткізу қабілетін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, 2005 жылы М-1 көпірінің құрылысын аяқтау жоспарланып отыр, оның құрылысында әкімшілік орталықты жылумен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ететін жылу магистралінің екінші жолы салынатын болады.

2000-2004 жылдардағы жылу энергиясын тұтынудың құрылымында коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждар мен өндірістік мұқтаждар үлесінің өскені және халықтың үлесінің азайғандығы байқалды (5-суретті қараңыз).

5-сурет

2000 және 2004 жылдардағы жылу энергиясын тұтыну құрылымы

Қағаз мәтіннен қараңыз

2005 жылдың 1 қаңтарында су жылу желілерінің жалпы ұзындығы 386,0 км құрады, оның ішінде магистральдық желілер - 88,1 км, кварталдық желілер - 301,6 км.

88,1 км магистральдық желілердің 72 %-ы (64,8 км) пайдалану 20 жылдан астам мерзімді және қайта құру мен кеңейтуді қажет етеді.

32,5 км кварталдық және 75 км иесіз таратушы жылу желілері ауыстырылуға әрі қайта жаңартылуға тиіс.

Қаланың сол жағалау бөлігінің бірінші кезектегі тұтынушыларын жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін 1-ОЖТП (1-кезектегі жылу магистралі), М-1 көпірінің құрылғыларында Есіл өзені арқылы өту жолының, 2-ОЖТП (2-кезектегі жылу магистралі) құрылысын аяқтау қажет.

Ыза сулар көп болып, олар жер бетіне жақын орналасқан жағдайда құбыр желілерін қайта жаңарту және жөндеу кезінде жаңа технологияларды қолдану талап етіледі. Бұл мәселенің шешімі өнеркәсіптік аумақтар бойынша жылу желілерін жер бетінде салуды қолдану және қалада қазірдің өзінде қолданылатын құбыр желілері мен тұйықтаудың жай-күйін бақылау жүйесімен жабдықталған, арнасыз жылу желілерін жүргізген кезде салынатын зауытта шығарылған тұйықтағыш құбырларды пайдалану болып табылады. Осы технологияның қолданылуы жөндеу аралығындағы циклды едәуір ұлғайтады және жылу энергиясының нормативтік шығынын төмендетуге әкеледі.

Бұдан басқа, желілер мен жабдықтардың жай-күйін бақылаудың қарапайымдылығын қамтамасыз ететін, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын уақытылы жүргізуді қамтамасыз ететін өту тоннельдерінде инженерлік құрылыстар салу іске асырылады.

Жылумен жабдықтаудың проблемалары:

соңғы жылдары жылу желілері кәсіпорындарының қаржы жағдайының күрделі болуы нормативтік жөндеу аралық циклдарды сақтауға мүмкіндік бермеді. Қазіргі уақытта қолданыстағы жылу желілерін техникалық оңды күйде ұстау үшін жеткіліксіз тарифпен есептелген жөндеу қоры қаржыландырудың бірден бір көзі болып табылады. Жылу желілерін күрделі жөндеуді жүзеге асырудың нормативтік циклдарымен салыстырғанда жөндеу аралық циклдарын ұлғайту жылу трассаларының 100 км-ден астамын ауыстыру қажеттілігіне әкелді;

құбыр желісінің жарамдылық мерзімінің нормативтік мерзіммен салыстырғанда қолайсыз жергілікті жағдайлардың: топырақтың нашарлығы, ыза судың жоғары деңгейі әсерінен қысқаруы;

жылу желілерінің қазір бар жүйелерінде жылу энергиясының нормадан тыс шығынын азайту және жою мәселесі шешілмейді. Нақты жылу шығындары нормативтегіден екі еседен астам жоғары;

автоматика және жылу энергиясын есепке алу аспаптарымен және ыстық сумен жабдықтау санауыштарымен жеткіліксіз жабдықталғандықтан, тұтынушылардың негізгі бөлігі - тұрғындардың - энергияны үнемдеу мақсатында жылу тұтынуды

реттеуге

мүмкіндігі

жоқ;

қазіргі ғимараттардағы жеке жылу пункттерінің және жылу жүйелерінің ішкі тарамдарының жай-күйі қанағаттанғысыз, олар қайта жаңғыртуды және есепке алу мен реттеуші құрылғыларының кешенді жүйелерін енгізуді талап етеді.

Газбен жабдықтау

Қалада газ жеткізумен айналысатын бірнеше кәсіпорын бар, олардың ішінде ең ірі жеткізуші "Астанагазсервис" АҚ болып табылады. 2004 жылы сыйымдық газ рыногында тұрғындарды "Астанагаз-сервис" АҚ-ның сыйымдықтағы газбен қамтамасыз етуі 100%-ды, автогаз бен баллондағы газбен қамтамасыз етуі 60 %-ды құрады. Астана қаласындағы газ тұтынушылардың саны 74,6 мың пәтерді, ал газ құбырларының қалалық желісінің ұзындығы 126 километрді құрайды.

2000-2004 жылдары сыйымдықтағы газды өткізу асыру көлемі 6,5%-ға қысқарғанда автогазды өткізу көлемі 5,1 есе (1,1 мың тоннадан 5,7 мың тоннаға дейін), ал баллондағы газды өткізу 2 %-ға (9,3 мың тоннадан 8,7 мың тоннаға) өсті. Соның нәтижесінде сыйымдықтағы және баллондағы газдың үлесі әлдеқайда азайды, ал автогаздың үлесі өсті (6-суретті қараңыз).

6-сурет

Өнім түрлері бойынша "Астанагазсервис" АҚ газын тұтыну құрылымының серпіні

Тұтынушыларды сұйықты газбен жабдықтау үшін жеткізушілерде қуаты жылына 56 мың тонна бір газ толтыру станциясы (ГТС), 10 теміржол цистернасын бір уақытта босатуға арналған эстакадалармен 2 теміржол тұйығы, газ баллондары бар. Газ баллондарын тасымалдауға арналған мамандандырылған автокөлік паркі қалыптастырылды. Қалада 9 автогаз толтыру станциялары қызмет көрсетіп жүр, өнімділігі сағатына 250 баллон 2 газ толтыру айналмалы агрегат, өнімділігі сағатына 70 баллон 1 газ жинақтауыш УБН агрегаты бар.

Сонымен бірге, газбен жабдықтау:

коммуникациялардың инженерлік инфрақұрылымының дамуының, олардың сенімділігінің жеткіліксіз деңгейі;

қаланың газ инфрақұрылымының тозуы;

тұрғындардың газ тұтынуын жеке есепке алудың жоқтығы проблемаларын шешуді талап етеді.

Сумен жабдықтау

Астана қаласының аумағында орналасқан жер асты судың барлап табылған қоры жеткіліксіз болып табылады және қаланың ауыз су қажеттілігін 1% жаппайды.

2000 жылы Астана қаласын сумен жабдықтаудың қосымша көзі ретінде Астана қаласынан солтүстік-шығысқа және солтүстікке қарай 5-50 км жерде орналасқан Ақмола жер асты су орнын толық барлау аяқталды. Орындалған жұмыстардың нәтижелері бойынша Ақмола жер асты су орнының пайдалану қорлары 10 жыл пайдалану мерзіміне арналған С1 санаты бойынша тәулігіне 20,6 мың текше метр су шығару көлемінде Қоянды учаскесінде қайта бағаланды және Софиев учаскесінде барланды. Пайдалану мерзімінің қысқа екенін ескере отырып, бұл су қоймасы төтенше жағдай туындаған кезде Астана қаласын сумен жабдықтаудың резервтік көзі ретінде п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

2002 жылы Нұра жер асты су орнында барлау жүргізілді. Мемлекеттік қорлар жөніндегі комиссия астананың тәуліктік тұтыну нормасының 30 %-ын құрайтын, тәулігіне 35 мың текше метр су шығару көлеміндегі қоры бойынша су қорын бекітті. 2004 жылы Есіл өзенінің жазықтығында Волгодон учаскесінде іздестіру-бағалау жұмыстары аяқталып, онда тәулігіне 15,5 мың текше метр су шығаратын болжамды жиынтық ресурстары бар пайдасы аз сулы қатпар-қабаттар табылды.

Нұра өзенінің арнасын сынап қосылыстарымен ластанудан тазалау жөніндегі жоспарланатын іс-шаралармен байланысты Нұра-Есіл бас тоғанының және сорғы-сүзу станциясына дейінгі ұзындығы 9,5 км Д=1000 мм су тартқыштың технологиялық және энергетикалық жабдықтарына қайта жаңартуды жүргізу қажет, бұл қаланың тәулігіне жалпы көлемі 100 мың текше метрден асатын техникалық және суару суына қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2000-2004 жылдардағы сумен жабдықтаудың негізгі көрсеткіштері 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте

Астана қаласын сумен жабдықтаудың негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	2000	2001	2002	2003	2004
Белгіленген өндірістік қуат	тәулігіне мың текше метр					
- 1 көтерудің сорғы станциялары		272,2	272,2	272,2	272,2	272,2
- тазарту құрылыстары		200	200	200	200	200
- с у құбырлары		163,9	200	200	200	200
1 көтерудің сорғы стан-		50091	61481	61687	59280	59601

цияларымен кетірілген су	жылына т./м					
Желіге берілген су	жылына т./м	50091	61481	61687	59280	59601
Газартылған су	жылына т./м	39323	52683	49367	53031	52632
Тұтынушыларға берілген су	жылына т./м	30198	29308	29110	31325	34714
оның ішінде:						
тұрғындар		15216	14233	14019	14867	16191
бюджет		2105	1992	2219	2665	2932
кәсіпорындар		7273	6909	6740	7348	8371
- техникалық су		5604	6174	6132	6444	6860
Судың ысырап болуы және судың есептелмеген шығысы	жылына т./м	15666	29550	26389	22028	18926
Желіге берілген барлық суға %-бен		31,3	48,1	42,8	37,2	31,2

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

2001 жылға дейін су Вячеслав су қоймасынан су тартқыштың ұзындығы 51 км құрайтын тозған екі құбыр арқылы берілді. 2001 жылы су тартқыштың бірінші құбыры (1967 жылы салынған) пайдаланудан шығарылды және жаңа су тартқыш пайдалануға берілуді, бұл судың қажетті көлемін беруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен бір мезгілде су тартқыштың екінші құбыры 2006 жылы қайта жаңартылуға тиіс.

Вячеслав қоймасынан су тазарту үшін сорғы-сүзу станциясына беріледі, ал оның технологиялық және энергетикалық жабдықтары ауыстыруды және жаңғыртуды қажет етіп отыр. Сумен жабдықтаудың сенімділігін арттыру және суды тиімді пайдалану үшін автоматтандыру, телемеханика, қашықтан басқару элементтерін енгізу қажет, бұл үлкен инвестицияларды талап етеді.

Сорғы станциялары 30 жылдан астам пайдаланылып келеді. Оларды қайта жаңарту, сондай-ақ жабдықтар мен бақылау-өлшеу аспаптарын жаңғырту қажет. Қолданылатын сорғы жабдықтары экономикалық жағынан тиімсіз және энергияны көп пайдаланады, артық қысымның кесірінен ауыз су тиімсіз пайдаланылады, тұрғын үйлерді сумен жабдықтаудың ішкі жүйесі тозып жатыр. 30 су құбырлы сорғы станциялары мен 40 су құбырлы сорғы станцияларындағы жаңа буын сорғы жабдықтарын қолдану, энергия үнемдеу мен суды тиімсіз пайдалануды азайту жөніндегі іс-шаралар жүргізу ж о с п а р л а н у д а .

Халық санының өсуіне байланысты Астана қаласының ауыз суды тұтынуы да өсіп жатыр, бұл 2008 жылға дейін ауыз суды тазартуға арналған құрылыстардың жаңа блогын салуды және жұмыс істеп тұрған су тазарту құрылыстарын қайта жаңартуды талап етеді.

"Астана су арнасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 1000 км жуық су құбыры желілеріне қызмет көрсетеді, олардың көпшілігі ұзақ мерзім бойы пайдаланылған. Су шығыны 40 %-ды құрайды, шамамен 200 км су құбыры ауыстырылуға тиіс. Сонымен бірге, жаңа құрылыстардың аумағында 70 км құбыр желісін және Күйгенжар, Интернациональный, Мичурино, Железнодорожный, Пригородный, Тельман, Көктал, Өндіріс кенттерін сумен жабдықтау үшін 100 км құбыр желісін салу қажет. Интернациональный және Мичурино кенттерін сумен жабдықтаудың негізгі көзі суы санитарлық талаптарға сәйкес келмейтін ұңғымалар болып табылады, осыған байланысты су тазартатын қондырғылар қажет.

Магистральды су құбырларының желілерін пайдалану мерзімін ұзарту үшін және су өлшеуіш құрылғыларды орнату үшін іс-шаралар кешені әзірленді.

Сумен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі проблемалық мәселелері:

Вячеслав су қоймасына баламалы сумен жабдықтаудың сенімді көздерінің жоқтығы ;

қаланың өсіп жатқан қажеттіліктеріне су құбыры желілерінің ұзақтығы мен жай - күйінің сәйкес келмеуі ;

Вячеслав су қоймасынан шығатын ұзындығы 20 км-ден астам $D=1000$ мм 2 су құбырының қатты тозуы ;

Нұра-Есіл бас тоғанының және ұзындығы 9,5 км $D=1000$ мм су тартқышының қатты тозуы ;

ауыз судың сапасын жақсартуға арналған жаңа технологиялардың болмауы;

ауыз және техникалық суды тиімсіз пайдаланудың жоғары деңгейі;

Сол жағалаудың аумағында "Астана су арнасы" МКК өндірістік базасының болмауы болып табылады.

Су бөлу

Қаланың тәулігіне 100 мың текше метрге дейінгі көлемдегі ақаба суы механикалық және толық биологиялық тазарту кешені бар тазарту имараттарға, ал одан кейін сыйымдылығы 65,6 млн. текше метр Талдыкөл ақаба су жинағышына жіберіледі. Тазарту имараттары ұзақ мерзім бойы пайдаланылуына байланысты қайта жаңартуды талап етеді. Суды жинау, тазарту және тарату бойынша негізгі құралдардың тозу дәрежесі 29 % құрайды.

Орталықтандырылған шаруашылық-фекальдік кәрізбен қамтылған жер бетіндегі және атмосфералық су ағынының жалпықалалық ауданы 12750 га, қаланың бүкіл аумағындағы жаңбыр суының орташа жылдық көлемі жылына 8486,0 текше метрді, қар суының орташа жылдық көлемі жылына 4227,0 текше метрді құрайды.

"Астана су арнасы" МКК теңгерімінде 60 жылдан астам пайдаланылып келген 593 км кәріздік коллекторлар бар. Қаланың қазіргі бар аудандарындағы қарқынды құрылысқа және көлік магистральдарын қайта құруға байланысты 90 километрге дейінгі кәріздік желілерді қайта салу қажет. Сонымен бірге, қала жаңа құрылыс аудандарына және қалаға жаңадан қосылған шеткі кенттерге кәріз тарту жұмысы қосымша 187 км дейін кәріз коллекторлары мен желілерді салуды талап етеді.

Астана қаласының кәріз жүйесі жалпы ағынды, мұнда атмосфералық және жер бетіндегі су шаруашылық-фекальдік ақаба сумен бірге ажыратылады және тазартылады. Атмосфералық суды айдаудан шеккен шығындар жылына 200 млн. теңгеге дейін болады.

Сол жағалаудағы жаңа құрылыстың өсуіне және қаланың бас коллекторының өткізу қабілеттілігін арттыру қажеттілігіне байланысты жаңа коллекторды салу керек және екінші кәріздеу аймағының қала сыртындағы өз бетімен ағызатын коллекторын қайта жаңарту керек.

Қазіргі уақытта Д-2000 мм өз бетімен ағызатын кәріздік коллекторы және жаңа кәріздік сорғы станциясы пайдалануға берілді. Екінші кәріздеу аймағындағы ақаба су көлемінің перспективалық өсуін ескере отырып, жоғарыда аталған объектілердің үзіліссіз жұмыс істеуі үшін жаңа КСС-тан кәріздік тазарту ғимараттарына дейін ұзындығы 4 километрлік кәріздік коллектор салу қажет.

Астана қаласының шекарасы 2001 жылдан бастап шеткі кенттердің есебінен кеңейтілді. Промышленный, Күйгенжар, Мичурино, Интернациональное және Қызылжар кенттерінің сарқынды суы экологиялық жағдайды нашарлатып, тазартусыз сүзу алаптарына ағызылады. Осы кенттерді жалпықалалық шаруашылық-фекальдік жүйеге қосу керек.

Қаланың қазіргі құрылыстарын қайта жаңарту және жаңа аудандарды игеру үшін жаңа кәріздік сорғы станцияларын (бұдан әрі - КСС) салуды және қолданыстағыларын қайта жаңартуды талап етеді. 38 КСС-ның жартысынан көбі 30 жылдан аса пайдаланып, олардың құрылыс құрылымдары тозғандықтан кейбірі авариялық жай-күйде. Қаланың жаңа салынған құрылыстарындағы және қалаға жаңадан қосылған шеткі кенттердегі қазіргі бар станциялардың орнына жаңа сорғы станцияларын салу қажет.

КСС-ты энергиямен жабдықтаудың және электр жабдықтарының тозуына байланысты, КСС-тың үзіліссіз жұмысын жоғарлату үшін жаңа кәбіл желілерін салу, трансформаторлық қосалқы станцияларды монтаждау, КСС-тың электротехникалық бөлігін қайта жаңарту жөнінде жұмыстарды жүргізу қажет.

Жобалық қуаттылығы тәулігіне 135,9 мың текше метрлік қазіргі бар кәріздік ғимараттар 1969 жылы пайдалануға берілген. Құрылыс құрылғыларында, әсіресе "су-ауа" шекарасында тұрған ашық ғимараттарда ұзақ мерзім бойы пайдаланылуға байланысты едәуір зақымданушылық бар.

Өткен кезеңде ғимараттарды және құрылыстарды, бастапқы және қайталама

тұндырғыларды күрделі жөндеу жүргізілді. Аэротенктерде аэрация процесі жаңа технология бойынша жабдықталған. Соның нәтижесінде ақаба суды тазартудың және шөгінділерді өңдеудің химиялық-биологиялық көрсеткіштері жақсартылды. Қазіргі уақытта су 26 көрсеткіш бойынша зерттеледі және химиялық, бактериологиялық факторлар бойынша оның тазартылуы 95-98 %-ды құрайды.

Су бөлу проблемалары :

қаланың артып отырған қажеттіліктеріне кәріздік желілердің ұзындығы мен өткізу қабілеттілігінің сай келмеуі ;

суды жинау, тазарту және беру объектілерінің, кәріз желілерінің, сорғы станцияларының және тазарту құрылыстарының тозуы;

Талды көл ақаба судың буландырғышы-жинағышының техникалық талаптарға сай келмеуі ;

қарқынды құрылыс жағдайында топырақ суының жоғары деңгейі;
қаланы үлкен тасқын судан қорғайтын өзен жағасындағы бөгеттердің жеткіліксіздігі

&3. Кірістер және шығыстар саясаты

2000-2004 жылдары қалалық бюджеттің кіріс бөлігі 21 млрд. теңгеден 35,2 млрд. теңгеге (1,7 есе), шығыс бөлігі - 23,5 млрд. теңгеден 68,8 млрд. теңгеге (2,9 есе) өсті, бұл инфрақұрылымды дамыту жобаларының бюджеттен қаржыландырылғанының нәтижесі болып табылады.

1. Кірістер

Қаланың ЖӨӨ-не бюджет кірістерінің үлес салмағының ұдайы төмендеу үрдісі назар аудартады (7-сурет).

7-сурет

Астана қаласы бюджетінің кірістері мен шығыстары, ЖІӨ-ге %

Суретті қағаз мәтіннен қараңыз

Бұл ретте, бюджет кірістері құрылымының өзгерістерін талдау, егер 2000 жылы кірістердің негізгі бөлігі - 74 % (15,6 млрд. теңге) корпоративтік табыс салығының және қосылған құн салығының есебінен қалыптастырылса, ал 2004 жылы 57,5% (20,2 млрд. теңге) - жеке табыс салықтарынан және әлеуметтік салықтар есебінен қалыптастырылғанын көрсетеді.

Құрылымның осы өзгерісі тұрғындар санының 381 мың адамнан 528 мың адамға өсуі, оның жан басына шаққандағы орташа номиналды табысының 2,2 есе өсуі,

құрылыстың жоғары қарқыны, соған сәйкес меншікке салынған салықтан кірістердің 0,5 млрд. теңгеден 3,0 млрд. теңгеге ұлғаюы, ҚҚС бойынша ставканың 20 %-дан 15 %-ға дейін төмендеуі және нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша ҚҚС қайтарымы сомасының артуы сияқты объективті факторларға байланысты болып отыр.

2. Шығыстар

Қаланың астана мәртебесі мен онда дамыған ел астаналарының стандарттарына сай келетін орта қалыптастыру, қаланы өсу дінгегіне айналдыру қажеттілігі бюджеттік саясаттың айқын әлеуметтік бағдарлануын белгілейді (5-кестені қараңыз).

5-кесте

N	Баптар	С о м а с ы (млрд. теңге)		Үлес (%)	
		2000 ж.	2004 ж.	2000 ж.	2004 ж.
1.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4,2	26,4	18	38,3
2.	Мәдениет, туризм және спорт	0,9	6,1	3,8	8,9
3.	Білім беру	1,7	5,7	7,4	8,3
4.	Денсаулық сақтау	1,6	4,8	6,6	7
5.	Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек	0,7	1,3	2,8	2

2000-2004 жылдары бюджеттің экономикаға және өндірістік инфрақұрылымға арналған шығыстары 0,6 млрд. теңгеден 14,6 млрд. теңгеге дейін немесе 23,4 есе өсті (6-кестені қараңыз).

6-кесте

	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
Экономика және инфрақұрылым, млрд. тг.	0,6	1,1	3,8	7,9	14,6
оның ішінде жалпы көлемге %-бен					
отын-энергетика кешені	0,0	0,0	0,0	8,5	39,2
ауыл шаруашылығы	7,5	5,5	24,5	16,0	1,2
құрылыс	0,1	1,3	2,9	3,9	2,1
көлік	9,4	93,2	72,5	71,6	57,5

Экономикаға және инфрақұрылымға арналған шығыстардың құрылымында қаланың жылдам кеңеюіне және жол құрылысына ірі инвестицияларға байланысты көлікке арналған шығыстардың жоғары үлесі сақталуда. Мысалы, 2004 жылы жаңа әкімшілік орталықта автомобиль жолдары пайдалануға берілді.

2003 жылдан бастап отын-энергетикалық кешен бюджет шығыстарының маңызды бабына айналды. Бұған 2004 жылы экономикаға және инфрақұрылымға арналған барлық шығыстардың 39,2 % келді, бұл қаланың өсуіне барабар энергетикалық қуаттарды кеңейту қажеттілігіне байланысты.

3. Тапшылық

Астана қаласы бюджетінің жалпы түсімдеріндегі үлесі 2000 жылғы 9,4%-дан (2,2 млрд. теңге) 2004 жылы 46,7%-ға (30,8 млрд. теңге) өскен, республикалық бюджеттен ресми трансферттердің есебінен тапшылық қаланың жалпы өнімінің 0,8 %-нан асқан жоқ.

Астана қаласының бұрынғы алған қарыздары бойынша жергілікті атқарушы органның борышын өтеу және оған қызмет көрсету проблемалары бар. Мысалы, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Астана қаласы әкімдігінің борыштық міндеттемелерінің сомасы 5,533 млрд. теңгені құрады.

2005 жылдан бастап ҚҚС-дан түсетін түсімдердің республикалық бюджет кірісіне енгізілуіне байланысты қалалық бюджеттің тапшылығы 8-8,5 млрд. теңгеге (инфрақұрылымды дамытуға арналған қосымша шығыстарды есептемегенде) өсуі мүмкін.

&4. Іскерлік және инвестициялық ахуалды жақсарту

Астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының соңғы жылдары оң нәтижелері жоғары инвестициялық белсенділіктің нәтижесі болды.

Астананы дамытудың үдемелі қарқынына және инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін бюджет қаражатының жетіспеушілігіне байланысты (қаражатқа нақты қажеттілік бюджеттің мүмкіндігінен асады) қаржыландырудың баламалы көздерін тарту, соның ішінде сыртқы қарыздарды тарту және/немесе бір түрі "инфрақұрылымдық облигациялар" болып табылатын жобалық облигацияларды шығару арқылы тарту қажеттілігі пісіп-жетілді.

Осыған байланысты Путраджаи қаласының әлеуметтік және инфрақұрылымдық объектілерінің құрылысы үшін қаржыландырудың баламалы көздерін тарту бөлігіндегі Малайзияның оң тәжірибесін қолдану пайдалы болып табылады.

Малайзия Үкіметінің жаңа әкімшілік орталығы Путраджая қаласын салу тәжірибесінде мынадай оң тұстар бар:

1. Путраджая өмір сүрудің қолайлы қалалық ортасын құрудың жалпы әлемдік үрдістеріне сәйкес келетін "бақша-қала" ретінде жоспарлануда.

2. Путраджая зияткерлік қала идеясын көрсетеді.

3. Құрылыс үшін жеке инвестицияларды тартудағы Малайзияның оң тәжірибесі.

Тұтастай алғанда, Астана қаласы үшін жеке инвестицияларды тартудың барлық

кестелерін пайдалану қолайлы деп есептейміз. Олардың артықшылығы мемлекеттік бюджетке біржолғы жүктемелерді ұлғайтпай, қаланың инфрақұрылымдық және әлеуметтік объектілерге мұқтаждығын жылдам қанағаттандыруға мүмкіндік беретіндігі
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бұл схема, сондай-ақ бірінші кезекте әлеуметтік, коммерциялық емес сипаттағы, бала бақшалар, емдеу-профилактикалық мекемелер, қаланың көлік коммуникациялары, тұрғын үй және т.б. сияқты объектілердің құрылысын қаржыландыру үшін қолайлы.

Мемлекет жеке инвесторлар үшін тартымсыз инфрақұрылым объектілерін инвестициялау жауапкершілігін өз мойнына алды.

Сол жағалаудағы бірінші кезектегі объектілерге инвестициялар тарту үшін "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы құрылды. Арнайы экономикалық аймақ шеңберінде жасалған қолайлы инвестициялық ахуалдың нәтижесінде шетелдік инвестицияларды салу 2000 жылғы 3,8 млрд. теңгеден 2004 жылы 5,3 млрд. теңгеге
д е й і н ө с т і .

Жалпы, негізгі капиталға инвестициялар көлемі 2000 жылғы 59 млрд. теңгеден 2004 жылы 220,6 млрд. теңгеге дейін өсті. Қаланың инвестициялық саясатын іске асыруда құрылыс салу негізгі басымдық болып отыр. 2004 жылы құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 148,5 млрд. теңгені құрап, 2000 жылғы деңгейден 2,7 есе артты.

Негізгі капиталға инвестициялар көлемі бойынша Астана қаласы ел өңірлерінің көшбастаушылар үштігіне еніп отыр. 2000-2004 жылдары инвестициялардың республикалық көлеміндегі оның үлесі 9,9 %-дан 12,9 %-ға көтерілді. Moody's Investors Servis серейтингілік агенттігі Астана қаласының кредиттік рейтингісін "тұрақты" Ba3 болжамынан "оңды" Ba1 болжамына көтерді. Инвестициялық ахуал жақсарды, соның арқасында қалада әлемнің 50 елінің 408 шетелдік және 143 бірлескен кәсіпорындары
ж ұ м ы с і с т е й д і .

2000-2004 жылдары негізгі капиталға инвестициялар 2,8 есе, соның ішінде жеке инвестициялар - 3,2 есе өсті.

2001-2004 жылдары негізгі капиталға салымдар көлеміндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың меншікті қаражатының үлесі қатысты мәнде 64,7%-дан 57,1%-ға азайды, ал бюджеттік қаражат 28,7-ден 31,1%-ге артты (8-сурет).

8-сурет

2004 жылы қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға инвестициялардың салыстырмалы құрылымы

Қағаз мәтіннен қараңыз

Кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың меншікті қаржыларын тарту шапшаң өсіп келе жатқаны абсолюттік көрсеткішпен байқалады. Олар ағымдағы бағалармен есептегенде 2001 жылмен салыстырғанда 2 есе өсіп, 2004 жылы 114,7 млрд.

т е н г е г е

ж е т т і .

2002 жылдан бастап негізгі капиталға инвестицияларды игеру құрылымында оңды үрдістер орын ала бастады. Мемлекеттік сектордың үлесі 65 %-дан 34,0 %-ға (2000 ж. - 37,8%) елеулі түрде кеміп, жеке сектордың үлесі - 33,7%-дан 63,7 %-ға (2000 жылы 55,8%) өсті (9-суретті қараңыз).

9-сурет

Меншік нысандары бойынша Астана қаласының негізгі капиталына инвестициялардың құрылымы

Қағаз мәтіннен қараңыз

Инвестициялардың технологиялық құрылымы құрылыс-монтаж жұмыстары белсенді жүргізіліп жатқан қалаға тән (7-кестені қараңыз).

7-кесте

2004 жылғы негізгі капиталға инвестициялардың технологиялық құрылымы жиынына %-бен

	Қазақстан	Астана қаласы
Негізгі капиталға инвестициялар, барлығы	100,0	100,0
оның ішінде:		
құрылыс-монтаж жұмыстары	43,1	67,3
машиналар, жабдықтар, құрал, құрал-сайман	24,4	12,4
басқа да жұмыстар мен шығындар	32,5	20,3

Құрылыс саласында алға қойылған міндеттерді қамтамасыз етуде құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкциялары индустриясын ұйымдастыру маңызды ф а к т о р б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бұл бағытта өнеркәсіп пен құрылыс индустриясында жаңа технологияларды игеруді көздейтін инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда:

германдық технология бойынша ұялы бетоннан үй құрылысы бұйымдарын өндіретін зауыт салу аяқталды;

италиялық "Spanevello" технологиясы бойынша ағаш бұйымдарын өндіретін жоба іске асырылуда, негізгі қорларға салынған инвестициялар көлемі 417,6 млн. теңгені құрайды;

италиялық технология бойынша қаптама кірпіш өндіретін зауыт салу жобасы іске асырылуда, қаржыландыру 1080 млн. теңге сомасында жүзеге асырылуда;

1080 млн. теңге инвестициялар көлемімен тиімді кірпіш зауытын салу жобасы қарастырылып жатыр.

Тұтастай алғанда бүгінгі таңдағы инвестициялық саясаттың түйінді проблемалары: инвестициялар құрылымдарын әртараптандыру деңгейінің жеткіліксіздігі; өндірістік қуаттардың табиғи және моральдық тозуының жоғары дәрежеде болуы; экономиканың өнеркәсіптік секторында инвестициялық белсенділігінің төмен болуы ; кәсіпкерлікті, оның ішінде инновациялық кәсіпкерлікті қаржылық қолдаудың тиімді схемасының болмауы.

&5. Жоғары технологиялы өндірістердің жаңа түрлерін дамыту

2000-2004 жылдар аралығындағы кезеңде қала өнеркәсібінің өсуі байқалды. Бұл кезеңде өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2,6 есе - 2000 жылғы 18,4 млрд. теңгеден (ағымдағы бағалармен) 2004 жылы 51,3 млрд. теңгеге дейін өсті.

Астана қаласының өндірілген өнеркәсіп өнімінің жалпы республикалық көлеміндегі үлесі артты - ол 2004 жылы 1,3 %-ды құрады, бұл 2001-2003 жылдардағыдан 0,1%-ға артық (8-кестені қараңыз).

8-кесте

Өнеркәсіпті дамытудың негізгі көрсеткіштері

	2000	2001	2002	2003	2004
Өнімдер (тауарлар, қызметтер) көлемі, қолданыстағы бағамен , млрд. теңге	18,4	24,7	28,3	33,9	51,3
Өнімнің нақты көлемінің индексі өткен жылға %-бен	112,3	118,5	113,7	110,8	124,7
Жалпы республикалық өнеркәсіп өндіріс көлеміндегі өнеркәсіп өнімдерінің үлесі, % есебімен	1,0	1,2	1,2	1,2	1,3

Соңғы 5 жыл ішінде ЖӨӨ тұрақты өсіп отырғанымен (2,9 есе), Астана қаласындағы өнеркәсіптің өсуі онша серпінді бола қойған жоқ. 2000-2003 жылдары аралығында оның салыстырмалы үлесі 15,8%-дан 11,8%-ға дейін азайды. Мұндай жағдай негізінен Астана қаласының ерекше мәртебесіне қатысты туындап отыр, ол бірінші кезекте әкімшілік-мәдени орталық ретінде дамуды көздейді, соған байланысты бүкіл назар әкімшілік және тұрғын үй объектілерін, инженерлік желілер мен коммуникацияларды салуды ұйымдастыруға аударылды. Өнеркәсіп қала экономикасындағы басым сала ретінде қарастырылмады .

Бұл жағдай 2004 жылдың басынан бері едәуір өзгерді, Қазақстан Республикасы Президентінің Қаржыгерлер конгресіндегі тапсырмасына сәйкес халыққа арналған тұрғын үйлердің қолжетімділігін арттыру және оның құнын арзандату жөнінде міндет қойылды, осыған байланысты қалада отандық құрылыс материалдарының өндірісі жандана бастады .

Құрылыс материалдары өнеркәсібінде жаңа өндірістер: бетон, кірпіш, әрлеу материалдары, алюминийден, пластмассадан жасалған құрылыс бөлшектері дами

б а с т а д ы .

Өнеркәсіпте және құрылыс индустриясында ұялы бетон, ағаш бұйымдарын, қаптама кірпішті шығаруда қазіргі заманғы технологияны пайдаланатын жаңа кәсіпорындар құрылды, магний етегін пайдалана отырып металл кесудің жаңа технологиясы жасалды, тиімді кірпіш өндірісі жобасын игеру ұсынылды.

2004 жылы Астана қаласының мәслихаты Қаланы индустриялық- инновациялық дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекітті, сол жылы аймақтық тұрғын үй құрылысының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы жасалды. Соның нәтижесінде 2004 жылдың өзінде жалпы нақты өнімдегі өнеркәсіптің үлесі 11,8-дан 13,9-ға дейін артты (10-сурет).

10-сурет

Астананың ЖӨӨ-дегі өнеркәсіп үлесінің өзгеру серпіні

Қағаз мәтіннен қараңыз

Өңдеу өнеркәсібі салаларында, атап айтқанда - машина жасауда, басқа да металл емес минералдық өнімдер өндірісінде, металлургия өнеркәсібі мен дайын металл бұйымдары өндірісінде, азық-түлік өнімдері өндірісінде жоғары өсу қарқыны байқалды (11-суретті қараңыз).

11-сурет

Өнеркәсіптік өндіріс көлемінің серпіні, 2000-2004 жылдары (млрд. теңге)

Қағаз мәтіннен қараңыз

2004 жылы Астана қаласында өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2000 жылмен салыстырғанда 7,1 пайызға өсіп, 77,7 пайызды құрды (12-суретті қараңыз).

12-сурет

Қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндіріс құрылымы

Қағаз мәтіннен қараңыз

Қала экономикасының өнеркәсіптік секторында топырақ өңдейтін және егіс техникасына тапсырыстардың қысқаруына, ТМД елдеріндегі жеткізушілермен және тұтынушылармен шаруашылық байланыстардың үзілуіне негізделген ауыл шаруашылығы машинасын жасау кәсіпорындарының өнімдері көлемінің азаюына байланысты құрылымдық өзгерістер жалғасуда.

Өнеркәсіп өнімдерін шығарумен айналысатын ірі кәсіпорындар үлесінің азаюына және орта және шағын кәсіпорындардың өсуіне әкеліп соғатын ірі кәсіпорындардың табиғи бөліну үдерісі жүріп жатыр.

2004 жылы "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" бағдарламасында көзделген, 2000-2005 жылдардағы өнеркәсіп өнімі көлемінің өсу көрсеткіштеріне мерзімінен бұрын қол жетті, атап айтқанда, қала кәсіпорындары машина жасау өнімдері мен құрылыс материалдары өндірісі жөніндегі жоспарларды бірнеше мәрте асыра орындады. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы қайта өңдеу өнімдерінің көлемін өсіру жөніндегі жоспарлардың орындалмай қалуы күтілуде (9-кестені қараңыз).

9-кесте

Өнеркәсіптік өндіріс көлемі

	2004 ж. қол жеткізілген көлем, млрд. теңге	Нақты өсуі,%	
		2004 жыл мен 2000 жыл-тырғанда (факт)	2005 жыл 2000 жылмен салыстырғанда (Бағдарлама бойынша)
Өнеркәсіп:	51,3	86,2	75
ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу	10,3	5,8	91
Құрылыс материалдары	13,5	390,9	58
машина жасау	7,6	668,3	41-45

Күтіліп отырған Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі және осымен байланысты шетелдік бәсекелестердің ішкі нарыққа енуіне шектеулердің алып тасталуы отандық өндірушілерді ығыстыруды болдырмау үшін мынадай проблемаларды дереу шешуді талап етеді:

өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі капиталына инвестициялар үлесінің төмен болуы және оның тек кәсіпорындардың меншікті қаражаттары есебінен ғана жүзеге асыруы;

жабдықтардың табиғи және моральдық тозуының (орта есеппен 60-70%) елеулі деңгейі, көптеген кәсіпорындарда оларды жаңартуға және жаңғыртуға өз қаражаттарының жеткіліксіз болуы;

шығарылатын өнімдердің көп энергияны және материалдарды қажетсінуі; қаладағы өндірістік алаңдар құнының жоғары болуы;

қаржылық, ғылыми-технологиялық, кадрлық өсудің және кәсіпорындардың мүлдіктік, өндірістік және зияткерлік құқықтарын қорғаудың қолданыстағы тетіктері тиімділігінің жеткіліксіздігі;

жоғары білікті жұмысшылардың және кәсіпқой кадрлардың жетіспеуі;

кәсіпорындарда халықаралық сапа стандарттарын белсенді енгізудің жеткіліксіздігі (2002-2003 жылдар аралығында Астана қаласында барлығы 3 ұйым халықаралық стандарттарды енгізді, 2004 жылы сапа менеджменті жүйесін енгізумен 17 кәсіпорын

а й н а л ы с т ы) ;

өнеркәсіптік өндіріс ғылымды қажетсінетін және өнімдердің жоғары технологияға негізделген түрлерін енгізудің тиімді тетіктерінің болмауы, өнеркәсіпте инновациялық қызметтің дамымауы, соның салдарынан қалада өнеркәсіп өнімдерінің экспорты жалпы өткізілген өнім көлемінің бар-жоғы 2 %-ын ғана құрайды.

&6. Астананың азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Астананың азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Ақмола облысының бес ауданының шаруашылықтары кіретін азық-түлік белдеуі жасалды. Республикамыздың басқа өңірлеріндегі ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілермен тікелей байланыс орнату негізінде қала нарығына ет және ет өнімдерін, сүт және сүт өнімдерін, көкөніс және жемістер жеткізу қамтамасыз етілді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сату жөнінде маусымдық жәрмеңкелер өткізілуде.

2000-2004 жылдар аралығындағы кезеңде негізгі азық-түлік тағамдарын жалпы және жан басына шаққандағы тұтыну едәуір өсті. Мыналарға:

қаланың етке жылдық сұранысының шамамен 40 %-ын, сүтке сұранысының - 98 %-ын және картоп пен көкөністерге сұранысының 50%-ын қамтамасыз ететін, Ақмола облысының 5 ауданының шаруашылықтары кіретін астананың азық-түлік белдеуін жасауға және өңдеуші кәсіпорындар үшін ауыл шаруашылығы шикізатын тікелей жеткізуді кеңейтуге бағытталған шаралар қолданылды. Бұл шұжық өнімдерін өндіру қуаттарының жүктемесін - 44 %-ға, бидай ұнын өндіру қуаттарының жүктемесін - 12,3 %-ға, макарон өнімдерін өндіру қуаттарының жүктемесін - 1,3 %-ға арттырады;

осы тағам өнімдерінің импорттық үлесі қысқара отырып, Астана қаласының базарларына республика өңірлерінен ет және ет өнімдерін, сүт және сүт өнімдерін, көкөніс және жеміс жеткізуді арттыруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың ветеринариялық-санаториялық тұрғыдан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы шеңберінде қаланың өңдеуші кәсіпорындарында технологиялық жабдықтарды жаңғыртуды жүргізуге және даму институттары арқылы несие қорларын тарта отырып бәсекеге қабілетті өнімдердің жаңа түрлерін енгізуге;

жоғары сапалы өнімдерді шығару мен оның түр-түрін көбейту жөніндегі нақты инвестициялық жобаларды іске асыруға, соның ішінде республикалық бюджет қаражаттарынан субсидиялар алу есебінен: өндіріс циклі тұйықталған жоғары технологиялық ет өңдеу кешенін ұйымдастыру, қатты ірімшік және басқа да сүт өнімдерін өндіру, нан пісіру цехын Германиядан әкелінген қазіргі заманғы жабдықтарды орнатып қайта жарақтандыру және т.б.;

шетелдік компаниялардың қатысуымен тамақ өнеркәсібінің өзінде осы заманғы технологиялар енгізіліп, кондитер өнімдерін, өсімдік майларын және алкогольсіз

сусындар шығару жолға қойылған 10-нан аса бірлескен өндірістерін ұйымдастыруға бағытталған шаралар қолданылды.

Соның нәтижесінде өңделген сүт пен қаймақ өндірісінің көлемі 1,6 есе, шұжық өнімдері өндірісінің көлемі 2 есе ұлғайды. Азық-түлік тауарларының тұтыну бағаларының индексі республика бойынша орташа деңгейден төмен болды.

"Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде қаланы азық-түлікпен жабдықтау жөніндегі жекелеген шаралар уақтылы орындалмады. Оған:

Астана қаласына іргелес аудандарда дайындау және сатып алу бекеттері желісін ұйымдастыру және Астана қаласында көкөніс қоймаларын қалпына келтіру; іргелес аудандарда ет және сүт өндіретін мамандандырылған кооперативтер ұйымдастыру;

Астана қаласына іргелес аудандарда сүт- тауарлы фермаларды қалпына келтіру; қаланы көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін жылыжай кешенін салу және оларды тұтытуда маусымдық факторды азайту жатады.

Азық-түлікпен жабдықтаудың және тұтыну нарығының проблемалық мәселелеріне мыналарды:

сүт өнімдерінің 90 %-ы өндірілетін жеке қосалқы шаруашылықтарда өндірістің жоғары маусымдық тәуелділігіне байланысты қалада және облыста сүт өнеркәсібі үшін тұрақты шикізат базасының болмауы. Соның нәтижесінде 2003 жылғы жүктеме жеткіліксіз болып, өңделген сүт өндіретін өндірістік қуаттардың жүктемесі (81,6%-ға) және қаймақ өндіретін өндірістік қуаттардың жүктемесі (93,2%-ға) жетті;

шикізаттың жеткіліксіздігінен ұн-жарма өнеркәсібі қуаттарының жүктелуі төмен. Ақмола облысының дәнді дақылдар өндірісі құрылымының 86 % астыққа тиесілі. Ұн-жарма өндірісінің қуаттары тек қана 58 %-ға, макарон өнімдері - 18 %-ға жүктелуі нәтижесінде нан және ұн-жарма өнімдері бағасының өсу қарқыны орташа республикалық деңгейден 17,8 %-ға асып түсті;

азық-түлік тағамдарын өндіретін көптеген кәсіпорындардың жабдықтары табиғи және моральдық жағынан ескірген, олардың технологиялық деңгейі төмен; инвестициялық ресурстардың тапшылығы, сондай-ақ, инновациялық саланың баяу дамуы және өнім түрлерінің баяу жаңаруы;

іргелес аудандарда және Астана қаласында дайындау және сатып алу бекеттері жүйесінің және көкөніс қоймаларының, ет және сүт өндіретін мамандандырылған кооперативтердің, қаланы көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін жылыжай кешенінің болмауы және тұтырудың маусымдық факторларға байланысты төмендеуі жатады.

&7. Ұтымды көлік жүйесін қалыптастыру

Қаланың көлік жүйесін астаналық талаптарға сәйкестендіру үшін сол жағалаудағы жаңа орталықта магистральді жолдар, көлік ағыны жоғары күре жолдардың қиылысында көлік жол айрығы салынды, Есіл өзені арқылы өтетін автомобиль көпірін салу жүзеге асырылуда. Көліктің жылжымалы құрамы елеулі түрде жаңартылуда. Жолаушы көлігін диспетчерлік басқарудың орталықтандырылған автоматты радионавигация жүйесін енгізудің алғашқы кезеңі аяқталды.

Қалалық жол-көлік желісі

Бүгінгі таңда қалада 642 жол мен ұзындығы 630 километр жалпы пайдаланудағы көшелер бар.

Республикалық маңызы бар (Астана - Көкшетау, Астана - Павлодар және Астана - Алматы) автомобиль жолдарының қиылысында К-1 жүрдек айналмалы өтпелі магистралында екі деңгейлі өтпе жолдар және оңтүстік бағытта Сарыарқа даңғылының жалғасында Есіл өзені арқылы өтетін көпір пайдалануға берілді.

Қаланың коммуналдық қызмет орындары көше-жол желісін жақсарту үшін қаланың орталық бөлігі мен шетінде 43 павильондарды ауыстырып, 30-ын жаңадан орнатты, 10 аялдама қолтықшалары абаттандырылды, ірі 30 жолаушылар аялдамаларына қалалық жолаушылар көлігі қозғалысының кестесі орнатылды.

Көліктердің кептеліп қалуын болдырмау және оны шешу үшін қалалық органдар бағдарлам объектілерінің жұмысын жедел реттеу, оларды қосымша секциялармен жарактандыру, бірқатар көшелерді "жасыл толқын" жүйесіне енгізу, қоғамдық көліктің бағдаржолдар желісін оңтайландыру үшін олардың қозғалысы схемасын негізгі магистральдардан жарыспалы көшелерге ауыстыру, шағын автобустарды сыйымдылығы үлкен автобустармен ауыстыру, күндізгі уақытта Астана қаласы шегінде көп жүк көтеретін және ірі габаритті көлік қозғалысына шектеу енгізу жөнінде іс-шаралар әзірледі. Бұл шаралар таяудағы 1-2 жылдың ішінде көліктердің кептеліп қалуы проблемаларын ішінара шешеді.

2003 жылы "Астанабасжоспар" КМК қаланы дамытудың Бас жоспары негізінде "Қала құрылысы ЖҒЗИ" мемлекеттік мекемесімен (Санкт-Петербург қаласы) бірлесе отырып Астана қаласының Кешенді көлік кестесін (ККК) жасады. 2002 жылы қала әкімдігі Астана қаласының көшелері мен жолдарын қайта жаңарту мен салудың 2010 жылға дейінгі Бағдарламасын қабылдады.

Көліктік инфрақұрылымның қаланың өскелең талаптарына сәйкес келмеуінен мынадай қолайсыз жағдайлар қалыптасып отыр, ол мыналардан көрінеді:

қаланың негізгі жолдары жүктемесінің артуы. Соңғы 3 жылда кейбір қозғалысы жиі жолдардың жүктемесі үш есе артты және тәулігіне 26 мыңнан 42 мың машинаға дейін жетті, бұл жол төсеміне жүктеменің жоғары болуынан магистральді көшелер жолдарының жылдам істен шығуына әкеп соғады;

аралас және жарыспалы көшелерде, әсіресе, қаланың ескі бөлігінде көлік іркілістері өсіп келеді. Соңғы жылдары қарбалас сағаттарда көліктердің кептеліп қалуы 20 минуттан 1 сағатқа дейін өсті, бұл көлік қозғалысы жүрісін баяулатады, жанармайды 1,3-1,5 есе көп шығындауға, қоршаған ортаны ластаудың 2,5-3,5 есе артуына әкеп с о ғ а д ы ;

кешенді көлік кестесіне сәйкес келетін магистральдардың болмауы. Көптеген көшелер жергілікті маңызы бар болса да, жалпықалалық маңызы бар магистральдар қ ы з м е т і н а т қ а р у д а ;

қаланы көктей өтетін немесе өтпелі жолдардың болмауы, мұның өзі қала жолдарына жүктемені ұлғайта түсуде;

көпжолқты көшелердің жетіспеуі көп адам сиятын жолаушы көліктерін, олардың икемсіз әрі маневр жасауға бедейсіздігінен пайдалануды қиындатады;

жасанды жол құрылыстарының (көлік көбірек жиналатын орындардағы көпірлер, өтпезолдар, жол айырықтары, қоныстану аумағын өндірістік аймақпен байланыстыратын темір жол тармағы арқылы өтпезолдар, жолаушылар күтетін қазіргі з а м а н ғ ы п а в и л ь о н д а р) ж е т і с п е й д і ;

автомобильдерді қоятын орындар (жабық жерасты және жерүсті паркингі, ашық тұрақтар, қысқа мерзімге қоятын алаңқайлар және т.б.) жетіспейді;

жолдарды, жол құрылыстарын жаңартуда және жөндеуде құрылыс жұмыстарының әдістері жетілдірілмеген, соның нәтижесінде аралас және жарыспалы көшелерде, әсіресе қаланың ескі бөлігінде көліктердің кептеліп қалуы жиі орын алады.

Қаланың ішкі көлігі

Соңғы бес жыл бойы қалада жол-көлік желісінің дамуы жеткіліксіз болғанына қарамастан автомобиль көлігінің өсу үрдісі сақталып отыр. Осы уақыт ішінде автомобиль көлігі 37,6 мыңнан (2000 жыл) 75,5 мың (2004 жыл) бірлікке дейін, яғни, 2 есе өсті (13 сурет). Егер 2000 жылы Астана қаласының мың тұрғынына 118 көліктен келген болса, қазір 145-тен келеді.

13-сурет

Астана қаласының автомобиль паркінің ұлғаю серпіні

Қағаз мәтіннен қараңыз

Жылжымалы құрамды жайлылығы, сыртқы көрінісі және техникалық өлшемдері жағынан астаналық талаптарға сәйкес келтіру мақсатында оларға жылдам жаңарту жүргізілуде. Қаланың жолаушылар тасымалы кәсіпорындары көлік паркін жаңарту шеңберінде 356 бірліктен астам жылжымалы құрам сатып алды және отандық өндірістің 24 бірлік троллейбустарын алды. 25 бірлік автобус алуға шарттар жасалды. Оңтайландыру жолымен 239 "ГАЗель" шағын автобустары орташа сыйымдылықты

автобустарға

ауыстырылды.

Астана қаласының барлық негізгі аудандары, оның ішінде, шеткі және қалаға қосылған кенттер де ішкі қалалық жолаушылар тасымалымен қамтылды. Олар 54 бағдар бойынша жұмыс істейді, бүгінгі таңда бұған 40 троллейбус, 450 автобус және 210 шағын автобус тартылған.

2000-2004 жылдары көліктің барлық түрлері бойынша жолаушылар тасымалдау айналымының көлемі коммерциялық тасымалдаумен айналысатын кәсіпкерлердің тасымалдау көлемін бағалауды ескергенде 2,6 есе (2,0-дан 5,2 млрд. жолаушы-км) өсті.

14-сурет.

14-сурет

Жолаушылар айналымының өсу серпіні*, млрд. пкм

Қағаз мәтіннен қараңыз

* Коммерциялық тасымалдаумен айналысатын кәсіпкерлердің тасымалдау көлемін бағалауды ескере отырып.

2000-2004 жылдары көліктің барлық түрімен жүк тасымалдау көлемі коммерциялық тасымалдаумен айналысатын кәсіпкерлердің және көліктік емес кәсіпорындардың тасымалдау көлемін бағалауды ескергенде 1,4 есе (21,3-тен 30,3 млн. тоннаға дейін) өсті. (15-суретті қараңыз).

15-сурет

Жүкті көліктің барлық түрлерімен тасымалдаудың өсу серпіні*, млн. тонна

Қағаз мәтіннен қараңыз

Коммерциялық тасымалдаумен айналысатын кәсіпкерлердің және көліктік емес кәсіпорындардың тасымалдау көлемін бағалауды ескере отырып.

Қалалық "Таза ауа" бағдарламасының іс-шаралар жоспарына сәйкес шағын автобустардың 65 пайызы газбаллонды жабдықтарға көшірілді. Қоршаған ортаны қорғау басқармасымен бірлесе отырып, BIO EGG сұйық отыны катализаторларын енгізудің "пилоттық" жобасын тәжірибеге енгізу жайы және оның тиімділігі зерттелуде.

Көлік проблемасын толық шешу үшін ұзақ мерзімді перспективаға кешенді шараларды іске асыруды талап етеді.

Проблемалар:

қолда бар автобус және троллейбус парктерінің, қоғамдық көлік инфрақұрылымы объектілерінің әбден тозуы себепті олардың техникалық қауіпсіздік, экологиялық тазалық, жайлылығы жағынан жеткіліксіз деңгейі;

қоғамдық көліктің жеткіліксіз дамуы. Автомобильдердің жалпы санындағы

қоғамдық көліктің (автобустардың) үлесі 3%, жеңіл авто-мобильдердікі - (75%) және барлық көлік құралдарының жалпы санында - арнаулы көліктер 11%-ды құрайды; пайдаланылып жүрген көлік түрлерінің қазіргі заманғы баламаларының болмауы.

Сыртқы көлік

Астана - елдің дамыған жол қатынасы бар және барлық өңірлерімен байланысты қамтамасыз ететін көлік торабы, бірақ та қазіргі уақытта осы артықшылықтар түгелдей пайдаланылмайды. Қалада барлық қолжетімді көлік түрлері мен көлік қызметін дамытуға жәрдемдесетін фирмалардың арасында мультимодальдық торап қалыптасқан жоқ.

Сыртқы көлікті қалааралық және қала маңы тасымалына қызмет көрсететін әуе жолы, темір жол және автомобиль қозғалысы құралдары көрсетеді.

Астана әуежайының көптеген трансқұрлықтық көлік коммуникациялары тоғысында қолайлы экономикалық-географиялық орналасуы арқасында тасымал көлемін айтарлықтай ұлғайтуға едәуір әлеуетті мүмкіндіктері бар. Осыған байланысты Астана қаласының халықаралық әуежайының жаңа ғимараты пайдалануға берілді, оны жүк және жолаушы әуетасымалының, әсіресе, халықаралық тасымалдың шапшаң өсу жағдайында оларды одан әрі дамытудың қажетті базистік шарты ретінде қарастыру керек (16-суретті қараңыз).

16-сурет

Әуе көлігімен тасымалдаудың өсу серпіні

Автомобиль тасымалы қарыштап дамуда. Қала маңы мен қалааралық қатынас жолаушыларына қосымша қолайлы болуы үшін қаладан шығатын негізгі бағыттарда екі автостанция салу көзделіп отыр. Осы мақсатта Сороковая станциясы ауданында жаңа теміржол вокзалымен бір кешенде автостанция салуға арналған техникалық тапсырма бекітілді.

Қалааралық және қала маңы бағыттарында: Астана - Бауманск, Астана - Запорожье, Астана - Петропавл, Астана - Жезқазған, Астана - Омбы тұрақты жол-бағыттары ашылды.

Көлік саласының негізгі проблемалары: көлік операторлары мен ілеспе қызмет сервисі жетіспейді; қызмет көрсетудің мультисервистік желісінің даму деңгейі жеткіліксіз; сервис деңгейі халықаралық талаптарға сәйкес келмейді.

&8. Медициналық көмектің қол жетімділігі мен сапасын арттыру

Астана қаласында 5 жыл ішінде кепілді медициналық көмектің көлемі 1821,2 млн. теңгеден 4176,6 млн. теңгеге дейін өсті. 2004 жылы дәрі-дәрмекпен қамтуды қаржыландыру көлемі 608 млн. теңгеге жетті, бұл емдеу процесін жүргізу сапасын жақсартуға едәуір ықпал етуде.

2004 жылы Астана қаласының тұрғындарына жергілікті басқару органының қарамағындағы 32 мемлекеттік медицина ұйымдары және 100-ден астам мемлекеттік емес медицина ұйымдары қызмет көрсетті, оларда барлық мамандықтағы 3197 дәрігер және 3818 орта медицина қызметкерлері еңбек етуде.

Қалалық 12 ауруханада 2425 кереует орны бар. 2 республикалық клиника, ұлттық ғылыми медицина орталығы (ҰҒМО), травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты (ТОҒЗМ), Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің орталық клиникалық госпиталы, 5 дербес ведомстволық медицина ұйымы, жедел медициналық жәрдем станциясы, 4 ересектер және 7 балалар емханасы, 8 отбасылық дәрігерлік емхана жұмыс істейді, олардың 3-уі жеке фирмалардың меншігінде.

250 адамды қабылдайтын балалар емханасының және N 1 қалалық ауруханада 180 кереуеттік жаңа емдеу корпусының құрылысы аяқталды, онкологиялық диспансер, N 2 қалалық балалар ауруханасы, психикалық денсаулық проблемалары медициналық орталығының әкімшілік корпусы, N 1 балалар ауруханасының N4 емханасы күрделі жөндеуден өтті. Бір ауысымда 250 әйелге кеңес беретін консультация құрылысы салынып, N 1 перзентхананы жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Астана тұрғындарының денсаулық жағдайы және оның өзгеру серпіні тұтастай алғанда республикаға тән негізгі үрдістерге сәйкес келіп отыр.

Проблемалар:

амбулаторлық көмек көрсететін қуаттардың тапшылығы. Амбулаториялық-емдеу ұйымдарының материалдық-техникалық базалары санитарлық-эпидемиялық ережелер мен нормаларға толық сәйкес емес. Астана қаласындағы алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін объектілер, соның ішінде балалар емдеу бөлімшелері түгел дерлік бес қабатты үйлердің бірінші қабаттарында санитарлық талаптарға және үлгі-жобаға сәйкес емес қолайсыз бөлмелерде немесе жалға алынған бөлмелерде орналасқан. Ересектердің емханаларында қаралудың жоспарлы жүктемесінен 2-3 есе көп адам қаралады, балалар емдеу бөлімдерінде бұл көрсеткіш - 3,6 есені құрайды, студенттік емханаларда - 5,5 есе көп. Бір дәрігерлік учаскеге бекітілген тұрғындар саны нормативтен 1,5-2 есе асып түседі. Қосымша кабинеттердің болмауы дәрігерлік учаскелерді бөлуге мүмкіндік бермейді. Бүгінгі таңда 60 - терапевтік, 57 - акушерлік-гинекологиялық, 32 - педиатрлік учаскелер тапшылығы орына алып отыр;

стационарлық көмек көрсететін қуаттардың тапшылығы. Бүгінгі таңда қала тұрғындары ауруханаларда кереует санының жетіспеушілігін өткір сезініп отыр. Ересектер кереуеті тапшылығы - 620, педиатрлық - 683, акушерлік - 180,

гинекологиялық - 304 кереует тапшылығын құрайды. Қалада ересектерге арналған бір ғана көп бейінді қызмет көрсететін аурухана жұмыс істейді, оларда гастроэнтерологиялық, ревматологиялық, пульмонологиялық және т.б. мамандандырылған бөлімдер жоқ. Тұтастай алғанда қаладағы қолда бар 32 мемлекеттік медицина ұйымдары халықтың медициналық көмекке мұқтажын толық көлемінде өтей алмай отыр, ал олардың көпшілігі күрделі жөндеуді қажет етеді. Бұл жағдай қала денсаулық сақтау орындарының бір бөлігін таратып, ғимараттарын, құрылыстарын, медициналық жабдықтарын республика меншігіне беру, ал ұйымдардың бірқатарын жекешелендіру салдарынан болып отыр;

кадрлар тапшылығы. Дәрігер кадрлармен қамтамасыз ету 78 %-ды, орта медициналық кадрлармен қамтамасыз ету - 74 %-ды құрайды. Мұның себебі - еңбекақының төмен болуы және ведомстволық тұрғын үйдің болмауы. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдарда кадр тұрақтамаушылығы, әсіресе отбасылық дәрігерлік амбулаторияларда төмен дәрежеде. Мамандардың кәсіптік деңгейлерінің төмен екендігін де атап көрсету керек, олардың көбі кәсіптік деңгейін көтеруге мұқтаж.

&9. Бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістікті қалыптастыру

Астана қаласында ақпараттық инфрақұрылым қалыптастырылды және даму үстінде . 2001-2005 жылдардағы кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарының саны 78-ден 169-ға артты. БАҚ-тардың мемлекеттік емес секторының тұрақты өсу үрдісі байқалады.

Соңғы жылдары қалада мәдени-ағарту мекемелерінің жүйелері елеулі түрде көбейе түсті. 3 театр, 21 кітапхана, 5 мұражай, 1 клуб мекемесі, 3 кинотеатр, Мемлекеттік филармония, 2 сарай, 3 балалар музыка мектебі, өнер мектебі, көркемөнер мектебі ж ұ м ы с і с т е й д і .

Мәдениет мекемелеріне келушілер санының арта түсуі олардың белсенді жұмыс істеуінің айғағы. Мысалы, 2000-2004 жылдары Қазіргі заманғы өнер мұражайына келушілердің саны 54,7 мыңнан 73,0 адамға дейін, оның ішінде көрмелерге - 39 мыңнан 57 мыңға дейін, С.Сейфуллиннің мұражайына 8,5 мыңнан 13,8 мың адамға дейін, оның ішінде экскурсиялар 261-ден 560-қа дейін, Қазақ және Орыс драма театрларындағы спектакльдерге - 58,2 мыңнан 77,2 мың адамға дейін, Конгресс-Холлға - 1 миллионнан 1,6 миллион адамға дейін, Мемлекеттік филармонияға - 115,6 мыңнан 642,3 мың адамға дейін арта түскен. Тұрақты жұмыс істейтін көрмеден басқа, "Атамекен" - Қазақстанның картасы" этномемориалдық кешенде 2004 жылы 6548 экскурсия өткізіліп, оған 21,2 м ы ң а д а м б а р д ы .

Орталық және "Жеңіс" футбол клубының орталық стадиондары, Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің ӘОСК, "Еуразия" спорт кешені, Оқушылар сарайы, Есу арнасы, "Барыс" хоккей корты, "Қазақстан" РМК Спорт сарайы,

"Каспий" Спорт сарайы, Х.С. Омаров атындағы шахмат клубы сияқты 25 спорт-сауықтыру кешені және тағы да басқалары халыққа қызмет көрсету ісіне жұмылдырылған.

2003 жылы "Астана" және "Эверест" спорт кешендері ашылып, "Жеңіс" спорт кешені жаңаланды, ОРБЖСМ күрделі жөндеуден өткізілді. "Қазақстан" Спорт сарайының аумағында шағын-футболға арналған үрлемелі корт салынды, Кеден комитетінің спорт залы, Карате орталығы салынды, гольф-клуб салынды, "Астана" спорт кешенінің құрылысы аяқталды, "Астанателеком" КФК спорт залын салды. Саябақ аймағында Аквапарк салынды. Астана қаласында Ат спортының ұлттық түрлері федерациясының "Құлагер" АСК жұмыс істейді.

2004 жылы ат спортының ұлттық түрі бойынша БЖСМ ашылды, "Каспий" спорт кешені ашылды. Оқушылар сарайының, "Жастар" Сарайының жанынан спорт клубтары мен секциялар құрылды, 28 аула клубтарының әр қайсысында спорт секциялары ұйымдастырылды, қала мектептерінде бұқаралық-спорт және сауықтыру жұмыстары тиімді ұйымдастырылуда, мұнда жиырма бес мыңнан астам адам шұғылданатын 120 үйірме мен секция жұмыс істейді. Қолда бар спорт жабдықтарында тұрмысы төмен, аз қамтылған және толық емес отбасы балалары үшін 50% жеңілдікпен спортпен айналысуға уақыт бөлінеді. Қала әкімдігінің келісімімен мүгедектердің спортпен шұғылданатын уақыты тегін. 2004 жылы Астана қаласында барлығы 500-ден астам бұқаралық-спорт шаралары өткізілді.

Проблемалар:

әлеуметтік-мәдени сала объектілерінің қол жетімділігінің аумақтық орналасуындағы жіктелу, олардың қаланың орталығында шоғырлануы шетте орналасқан шағын аудандардың тұрғындарына қолайсыздық келтіреді;

әлеуметтік сала қызметінің қол жетімділігінің әлеуметтік жіктелуі, бірқатар қызметтің ақылы болуы оларды аз қамтылған отбасылар үшін қол жетпейтін қызметке айналдырады;

қаланың мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық жарақтандырылуының төмендігі;

кітапхана қоры жаңартылуының жеткіліксіздігі, кітапханалардың техникалық жабдықталуының осы заманғы стандарттарға сай келмеуі;

тұрғылықты жерде спортпен айналысу үшін материалдық базаның даму деңгейінің жеткіліксіздігі.

Қорытынды

"Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру сол кезде туындаған проблемаларды шешуге мүмкіндік берді және қаланың әрі қарай 2010 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының бағдарламасын іске

асырудың алғы шарттарын жасады.

Сонымен бірге, қазір қалада оның жедел өсуіне байланысты, оларды шешудің тиімділігінен астананың одан әрі дамуы байланысты болатын жаңа проблемалар туындады.

Демографиялық ахуалға сай келмейтін әлеуметтік қамсыздандыру

Астана қаласы халқының саны 2000 жылмен салыстырғанда 148,3 мың адамға көбейіп (немесе 38,9 %), 2005 жылдың басында 529,3 мың адам болды.

Қала халқының көбеюі негізінен көші-қон ағыны есебінен қамтамасыз етілуде (қарастырылып отырған кезеңдегі өсімнің 91,3 %). Көші-қон сальдосының елеулі түрде өсуі (50 мыңнан астам шегінде) 2000-2001 жылдары байқалды. Алайда соңғы жылдары оның салыстырмалы түрде тұрақтанғандығы аңғарылады (2002 ж. - 6761 адам., 2003 ж. - 5372, 2004 ж. - 14186). Халықтың табиғи өсімі осы кезеңде 2000 жылы 1513 адамнан 2004 жылы 4616 адамға дейін көбейді.

Кірісі кедейлік шегімен бірдей немесе одан төмен аз қамтылған азаматтардың саны 2004 жылы 3,8 мың болды, бұл 2000 жылмен салыстырғанда 3,4 есе кем.

2000-2004 жылдар кезеңінде зейнетақы ақшалай табысқа қатысты 1,12-ден 1,62 есеге өсті. 2004 жылы халықтың табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен және азық-түлік себетінің құнынан төмен болған халықтың үлесі 1,8 жуық және 1,1% болды.

Қалада зейнеткерлердің саны 2000 жылы 32,3 мың адамнан 33,3 мың адамға өсті. Мүгедектердің саны 7,2 мың адам болды.

Жергілікті бюджет есебінен әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасы 2004 жылы 748,3 млн. теңгені құрады, оның ішінде тұрғын үй көмегі - 34,1 млн. теңге, атаулы әлеуметтік көмек - 34,2 млн. теңге.

Атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін ең төменгі күнкөріс минимумы және кедейлік шегі түріндегі арнайы ең төменгі нормативтер пайдаланылды. 2004 жылы Астана қаласы бойынша кедейлік шегінің орта көлемі 2191 теңгені құрады. Атаулы әлеуметтік көмек алатындардың саны 2763 адам болды. 20 мыңға жуық аз қамтылған азамат жергілікті бюджеттен тұрғын үй жәрдемақысы, заңды және жеке тұлғалардың қайырымдылығы мен демеушілік көмегі (тамақ өнімдері және тауарлар, қайырымдылық түстіктері, ақша қаражаты, тегін тұрмыстық қызметтер, жеңілдетілген жол жүру билеттері және т.б.) түрлі материалдық көмек алды.

Мынадай проблемалар жедел шешуді күтіп тұр: халықтың әртүрлі жіктерінің әлеуметтік қызметке қол жетімділігінің бірдей болмауы;

әлеуметтік қызмет көрсету мекемелері желілерінің жеткіліксіз дамуы, соның салдарынан көптеген мұқтаж адамдар қажетті әлеуметтік қызметпен қамтылмаған; қалаға басқа өңірлерден келген реттелмеген көші-қон ағыны.

Ғылыми-білім беру саласы деңгейінің астаналық мәртебеге сай келмеуі

Қалада 10 жоғары оқу орны (оның 7-і жеке меншікте), 18 колледж жұмыс істейді. Оқудың барлық түрлері бойынша жоғары оқу орындары мен колледж студенттерінің жалпы саны 53,7 мың адам. Мемлекеттік кәсіптік мектептердің саны небәрі 5, оқушылар контингенті - 1939.

Астанада 58 мемлекеттік жалпы білім беру мектебі, 2 дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты, арнаулы коррекциялық мектеп-интернат, ұйымдардың деректері бойынша жалпы саны 60,1 мың оқушысы бар кешкі мектеп жұмыс істейді.

Мектеп жасына дейінгі білім беру жүйесінде жалпы саны 11378 бала бар 45 мектеп жасына дейінгі ұйым қызмет көрсетуде, балаларды мектеп жасына дейінгі ұйымдармен қамту 41% болды (салыстыру үшін - республика бойынша 21%).

Қазіргі уақытта қалада "2000-2005 жылдарға арналған астаналық білім беру" бағдарламасы, Қаланың 2004-2006 жылдарға арналған бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесін дамыту бағдарламалары мен Қаланың 2004-2006 жылдарға арналған білім беру жүйесін ақпараттандырудың іс-шаралар жоспары іске асырылуда, "Астана қаласының 2005-2007 жылдарға арналған білім беру жүйесін дамыту" аймақтық бағдарламасы қабылданды. Аталған бағдарламалар аясында, оқытудың сапасын көтеру үшін мынадай іс-шаралар жүргізілуде:

12-жылдық оқу эксперименті - 8 мектептің 12 сыныбында;
жаңа буын оқулықтарын байқап-сынау - 7 мектепте;
ағылшын тілін 2 сыныптан бастап енгізу - 15 мектепте;

көп тілде білім беру эксперименті - жекелеген пәндерді ағылшын тілінде оқыту (N 9 Г Э Л және N 48 Ө М);

жалпы білім беретін жекелеген пәндерді тереңдетіп оқыту - жиырма бір мектепте.

Қалада ғылым салыстырмалы түрде төмен деңгейде: бар болғаны 5 ғылыми ұйым бар, ғылымға жұмсалған шығыс 128,1 млн. теңгені құрады. Ғылыми қызметкерлердің саны - 256, 2000 жылға қарағанда 3,3 есеге күрт кемігендігі байқалады.

Проблемалар:

мектеп жасына дейінгі мекемелерге сұраныстың жоғары болуы: 5 мыңнан астам бөбек бала бақшаларына орналастыруға мұқтаж;

орта мектептердің 12,8 мың оқушымен асыра толықтырылуы, мектептердің бір бөлігі екі-үш ауысыммен жұмыс істейді (бір ауысыммен - 16 мектеп, екі ауысыммен - 37, 3 ауысым бойынша - 7, 4 ауысыммен - 1 мектеп);

дарынды балаларға арналған физика-математика мектебінің болмауы; кәсіптік-оқу ұйымдары жүйелері даму деңгейінің қаланың еңбек нарығындағы

кәсіпорындардың жергілікті жоғары оқу орындарының ғылыми әзірленімдеріне сұранысының жеткіліксіздігі.

Сауда және қызмет көрсету саласы даму деңгейінің қазіргі заман талаптарына сай келмеуі Тұтыну нарығы

2000 - 2004 жылдарғы кезеңде бөлшек сауда айналымының көлемі өсімнің тұрақты үрдісін көрсетті. Өткізудің барлық арналары бойынша бұл көрсеткіш осы кезең ішінде (2000 жылғы бағалармен салғастырғанда) 80% (29,1-ден 69,2 млрд. теңгеге дейін) артты. Салыстырмалы бағалар бойынша сауданың мемлекеттік емес секторында 81% өсім (28,9-дан 69,1 млрд. теңгеге дейін) (сурет 23) және мемлекеттік секторда 36,1% кему (155-тен 130,4 млн. теңгеге дейін) байқалды.

Өткізу арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының құрылымдық бөлінісінде базарлардың үлесі 9,9 % кеміді, тиісінше сауда кәсіпорындарының үлесі арта түсті (17, 18-суреттер).

17-сурет

Меншік нысандары бойынша бөлшек сауда айналымының көлемін бөлу (салыстырмалы бағаларда)

18-сурет

Бөлшек сауда айналымының өткізу арналары бойынша бөлініс құрылымы

Қағаз мәтіннен қараңыз

Қаланың ресми тіркелген және сауда кәсіпорындары мен ұйымдарының бөлшек сауда айналымының көлемі де 3 есе (12,5-тен 36,8 млрд. теңгеге дейін), ал заттар, аралас және азық-түлік базарларының бөлшек сауда айналымы - 2 есе (16,5-тен 32,4 млрд. теңгеге дейін) артты.

2004 жылы көтерме сауда жүйелері арқылы сомасы 330,8 млрд. теңге тұтыну тауарлары мен өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер өткізілді. Көтерме сауда айналымының негізгі көлемі меншіктің мемлекеттік емес түріндегі кәсіпорындардың қызметі есебінен алынды - 330,7 млрд. теңге (немесе көтерме сауда айналымының жалпы көлемінің 99,9 %).

Көрсетілген қызметтің жалпы көлемі 2004 жылы 2,8 млрд. теңгеге дейін өсті. Соның нәтижесінде 2000-2004 жылдары тұтыну шығыстарының құрылымындағы ақылы қызмет көрсету үлесі 21-ден 24 % дейін көтеріліп, азық-түлік тауарларының үлесі - 34,3-тен 37,2 % дейін өсті.

Қазір қызмет көрсету саласында 160 шақты шаштараз және сән салоны, 20 кір жуатын және 22 химиялық тазарту жұмыс істейді. Жеке қызмет көрсету көлемі 2004 жылы 456,4 млн. теңгені құрды.

Азық-түлік өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда саласы тұрақты дамып келеді.

Азық-түлік тауарлары қаланың 12 базарында сатылады. Қазақстанның оңтүстік аймақтарынан әкелінетін жеміс-жидектерді өткізетін көтерме базарлардың жүйесі жасалды. Өнімнің осы түрлерін көкөніс шатырлары және маусымдық жәрменкелер арқылы бөлшектеп сату ұйымдастырылды.

Осыған қарамастан тұтыну рыногының дамуына кедергі келтіріп отырған факторлар жойылған жоқ:

қала және қала маңындағы кәсіпорындарда өндірілетін дайын тамақ өнімдері жиын-түрлерінің халықтың сұранымына сай келмейтіндігі;

дамыған инфрақұрылымы және көлік тораптары бар осы заманғы сауда ұйымдары санының жеткіліксіздігі, сауда орындарының жетіспеушілігі, көрсетілетін қызмет деңгейінің астаналық мәртебеге сай келмеуі.

Экологиялық ахуалдың нашарлауы Атмосфералық ауаның ластануы

Қазіргі уақытта автомобиль көлігі мен энергетика кәсіпорындары Астана қаласының атмосфералық ауасын ластайтын негізгі көздер болып табылады. Көрсетілген ластау көзінің екеуі де арта түсу үрдісін байқатып отыр. Энергияны пайдаланудың арта түсуі жылу электр станцияларының шығарындыларының артуына әкеліп соғады. Одан басқа қалада шағын қазандықтардың саны көбейіп, 250-ге жетті. Автомобильдердің саны 1997 жылы 30 мыңнан 2002 жылы 50 мыңға жетті, бүгінгі таңда 80 мың болып, 2010 жылы 100 мыңнан асып түсуі мүмкін. Бұған қоса автокөліктің өтпелі ағыны да арта түсуде.

Проблемалық мәселелер:

1. Бақылау жүйесінің атмосфералық ауаның жай-күйінің нормативтер талабына саны бойынша да (100 тұрғынға бір бекет қажет болса, ал қазір қала бойынша 2 бекет қана орнатылған), сапасы бойынша да (автоматты газоанализаторлар, автоматты метеостанциялар жоқ) сай келмеуі. Бұдан басқа, ластану деңгейін төмендету мақсатында жедел шешім шығаруға мүмкіндік беретін ақпаратты жинақтайтын және талдайтын бірыңғай орталық жоқ.

2. Қалалық автомобиль көлігінің экологиялық кері әсерін азайту жолындағы келесі міндеттердің орындалуы қажет:

кәсіпорын, ұйым және қала халқының автомобильдерін экология талаптарына сәйкестендіру;

қаланың көшелері мен алаңдарындағы автотұрақ жүйелерін, әсіресе ірі сауда орталықтары мен базар маңындағыларды инженерлік қамтамасыз етумен жаңалау;

қалада жаңа троллейбус желілерін салу және қолда барын жаңалау есебінен, Қала - Есіл өзенінің сол жақ жағалауы өтпелі трамвай желісін салып жерүсті электр көлігін дамытуды қамтамасыз ету.

Су ресурстарының ластануы

Ақбұлақ және Сарыбұлақ сияқты екі саласы бар Есіл өзені Астана қаласының ең басты су арнасы болып табылады. Есіл өзенінің Астана қаласының ауқымындағы ластану деңгейі жоғары. Сарыбұлақ бұлағы тасқын сулардың ғана емес Есіл өзеніне барып құйылатын сарқынды сулардың да қашыртқысы қызметін атқаратын техногендік су арнасы болып отыр.

Проблемалық мәселелер:

1. Қаланың шаруашылық-лас қалдықтар құбыры жүйесінің тозығы жеткендігі.
2. Талдыкөл сарқынды суларды кептіру-жинақтау жинақтауышын жою және қайта өңдеу қажет. Қазір "Астана Гидроқұрылыс" ЖШС-і "Талдыкөл сарқынды суларды кептіру-жинақтау жинақтауышын жою" жобасын жүзеге асыруда, ол мынадай мақсаттарды көздейді:

Астана қаласы КОС биологиялық тазартылған сарқынды суларының Талдыкөл жинақтауышына құйылуын тоқтату;

Қарабидайық жинақтауышына ағызу арқылы Талдыкөлдің суын кептіру; Талдыкөл жинақтауышындағы көл табанындағы лайды бөліп алу және өңдеу, одан соң босатылған аумақты қайтадан өңдеп, Үлкен Талдыкөл көлін табиғи қалпына келтіру.

3. Су объектілеріне құйылатын жерде тазарту құрылыстары эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сай келмеуі. "Жобалау және талдау институты" 2005-2006 жылдарға арналып есептелінген "Астана қаласында 2010 жылға дейін жауын-шашын кәрізін дамыту" бағдарламасының алғашқы кезеңінің жауын-шашын кәрізінің жұмыстарын 695 гектар аумақта іске асыру жобасы әзірленді.

Өндіріс және тұтыну қалдықтары

Өндіріс және тұтыну қалдықтары қала халқы санының жылдам өсуімен және экономиканың дамуымен арта түсіп отырған Астананың қоршаған ортасына техногендік теріс әсерін тигізуде.

Жаңа астананың экологиялық мәселелерін шешу мақсатында қазіргі уақытта "Тұрмыстық қалдықтарды жоюды жаңалау және Астана қаласының экологиялық жағдайын жақсарту" жобасы іске асырылуда. Осы жобаның ауқымында 2003 жылдың мамырында тұрмыстық қатты қалдықтарды көму полигонының құрылыс жұмыстары басталып, аяқталуы 2005 жылдың қарашасына жоспарланып отыр. Сонымен бір мезгілде осы жобаның шеңберінде қалаға ағымдағы күтім жұмыстарын жүргізу үшін арнайы мамандандырылған техниканың 90 бірлігі, сондай-ақ еуропалық стандарттағы 2000 дана қоқыс контейнері сатып алынды. Қоқыс өңдейтін зауыт құрылысына инвесторларды тарту жұмыстары жүргізілуде.

Проблемалық мәселелер :

1. Жұмыс мерзімі аяқталған күл қоқыстарын қайтадан өңдеу және жаңаларын салу қажеттілігі. Күл-қожырларды кәдеге жарату мен оларды өңдеу жұмыстары деңгейінің жеткіліксіздігі.

2. Қоқысты жер қыртысымен көму жұмыстарының тиімсіз жүргізілуі себепті шаң қалдықтарын үйгенде, қалдықтардың тұтануынан, тұрмыстық қатты қалдықтар және өндірістік қалдықтардың рұқсат берілген қоймасының атмосфералық ауаға теріс әсері.

3. Қауіпті қалдықтарды көметін арнайы полигонның болмауы. Қазіргі уақытта қауіпті қалдықтарды зарарсыздандыратын арнайы полигонның жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс қолға алынды.

4. Сол жақ жағалаудың аумағындағы объектілеріне күнделікті күтім жасайтын арнайы техника базасының жоқтығы, осыған байланысты қолда бар базалардың объектілерден қашық орналасуының салдарынан (шамамен 20 км) өндірістік емес шығыстарға жол беріледі.

Қаланы көгалдандыру және абаттандыру

"Астана қаласын 2030 жылға дейін көгалдандырудың кешенді схемасы" жобасы бағдарлама әзірлеу үшін негіз болып табылады, онда қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға мүмкіндік беретін, урбанизация үдерісінің табиғатпен үндестігін қамтамасыз ететін және көркейтілген қала ортасын қалыптастырып, бір адамға шаққандағы жасыл желек нормасының аумағын 19 шаршы метрге жеткізуді көздейтін "Экологиялық қала" жасау көзделген.

Жалпы пайдаланудағы жасыл желек алаңы 2003 жылғы 390,3 гектардан 2010 жылы 643,4 гектарға ұлғаюы тиіс, шағын аудандармен кварталдар аумағының көгалдандырылуы 2003 жылы 100 гектардан 2010 жылы 319,4 гектарға жетеді. 2004 жылдың өзінде ғана жалпы алаңы 16,3 гектар сегіз гүлзар және сол жағалауда 8,5 гектар бульвар іске қосылды.

Сол жағалаудағы құрылыс жұмыстарының қарқынды өсуі, оның ішінде жарық берілетін жолдардың, гүлзарлардың, саябақтардың және жаңа алаңдардың көбеюі ағымдағы күтімге алынатын объектілердің, көшені жарықтандыру желілері санының күрт артуына әкеліп, оларға қызмет көрсету қала коммуналдық кәсіпорындарының өндірістік қуатын арттыра түсу қажеттілігін талап етуде.

Бұған дейінгі жылдардағы көгалдандыру қорғау әрі сәндік-қорғау сипатында болып, сәндік-эстетикалық сипат біршама төмен дәрежеде ескерілді. Енді көгалдандырудың ол астананың құлпырған келбетіне неғұрлым үйлесімді болуы үшін сәндік-эстетикалық сипатын күшейту керек, осыған байланысты сапалы материалдарды өсіру сүрек-бұта ағаштарының түрлерін көбейту қажет.

2010 жылы Астана қаласының жасыл белдеуі 25 гектар алқапқа екпе ағаштар, оның

ішінде қала іргесіндегі аймақта 10,4 мың гектар ағаш отырғызуды көздейді. Қазіргі уақытта қаланың коммуналдық меншігіндегі 11,64 мың гектар алаңға қызмет көрсетілсе, ал 2007 жылы қаланың теңгеріміне 14,6 мың гектар жасыл желек алаңы берілетін болады.

Бұл ретте, шешімін талап ететін мынадай мәселелер қалады:

1. Жасыл көшеттері бар рекреациялық аймақтар санының, қала шетіндегі жасыл желекті шағын аймақтардың және Есіл өзені сағасы, Ақбұлақ және Сарыбұлақ сағаларында жасыл желектердің жетіспеушілігі, дендро саябағының болмауы.

2. Шағын аудандар мен кварталдардағы жасыл желектер желісінің жеткіліксіз дамуы. Тұрғын үйлер, әкімшілік ғимараттар, қызмет көрсету саласының кәсіпорындарын салу жасыл желектерді ескермей жүзеге асырылады. Практикаға енгізілген "нүктелік" құрылыс қолданыстағы қазіргі жасыл желектерді кесуге әкеп соқтырады және жаңаларын отырғызу үшін мүмкіндік қалдырмайды.

3. Астана қаласына кіреберістегі автомобиль жолдарының күтімсіз жай-күйі, автомагистральдар бойында ландшафты желектердің, жол маңындағы дәмханалар мен қонақ үйлер, сондай-ақ қалаға келетін көлік құралдарын жуу және санитарлық тазалау жөніндегі кешендердің айналасында жасыл желектердің болмауы.

4. Қаланы көгалдандырудағы басымдылық тек қана мемлекеттік инвестицияларға беріледі. Оның үстіне, Астана қаласында: әкімшілік ғимараттар, сауда және қызмет көрсету объектілері жанындағы аумақтарды көгалдандыру жөніндегі міндетті талаптар жүйесі, әсіресе қоршаған ортаны ластаудың көздері болып табылатын (жанар-жағармай кешендері, көлік жуу және т.б.); тұрғындармен, кәсіпорындармен және ұйымдармен өз аумақтарында жүргізілетін көгалдандыру іс-шараларын көтермелеу жүйесі, көгалдандыру жөніндегі конкурсты өткізу; тұрғындардың жасыл және көркейтілген қала құндылықтарын дамытуға арналған экологиялық тәрбиелеу жүйесі көгалдандыру саласындағы жеке бастамаларды қолдау мен дамытуға бағытталған шаралар кешені мүлдем жоқ.

5. Есіл өзенінің сол жақ жағалауында жасыл құрылысты дамыту және жасыл желектерді күтуді қамтамасыз ету үшін қаланың сол жақ жағалау бөлігінде өндірістік базаның болмауы.

6. Көшені жарықтандыруды басқарудың арнайы техникасына және автоматтандырылған жүйесіне арналған өндірістік базаның жеткіліксіз дамуы.

7. Астана қаласының күрделі топырақ-климат жағдайларын ескере отырып, астананы және Орталық Қазақстан аймағын көгалдандыру жөніндегі: ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту және рекреациялық сипаттағы мәселелер кешенін шешуді қамтамасыз ететін ботаникалық бақтың болмауы.

Демалыс инфрақұрылымын қалыптастыру

Астананың мәртебесі арқасында, Астана қаласында демалыс, белсенді демалу және ойын-сауық мәдениет объектілерінің тораптары белсенді түрде кеңейтілуде. Олардың ішінде астаналық саябақ, "Аквапарк", "Думан" океанариумы, Президенттік мәдени орталық, "Астана-Бәйтерек" монументі, "Атамекен" Қазақстан картасы" тарихи-этнографиялық кешені, "Тұлпар" және "Құлагер" ат-спорттық клубтары, кинотеатрлар, спорт сарайлары. Туристік сапарға барудың маңызды объектілері Сулы-жасыл бульвар, Жаңа алаң және толығымен Астананың Сол жағалауы болып т а б ы л а д ы .

Демалыс инфрақұрылымын және ойын-сауық мәдениет объектілерінің бұдан әрі жұмысын жетілдіру қажет. Кинотеатрлар (500 мың тұрғынға барлығы 3), демалыс және ойын-сауықтың саябақ аймақтары жеткіліксіз. Екінші жақтан, қолданыстағы демалыс объектілері халықаралық стандарттар деңгейіне жеткізуді талап етеді. Жеке алғанда, Орталық саябақта шаңғы-роллерлік тас жолы бар, бірақ толық қамтылған шаңғы базасын құру үшін ғимарат жетіспейді.

Шешуді талап ететін көкейтесті мәселелер мыналар болып табылады: демалыстың қалалық саябақтық аймағының (қолданыстағы мәдениет және демалыс қалалық саябақтарын кеңейту жөніндегі мүмкіндіктерін сарқа пайдаланған), сондай-ақ қала сыртындағы жаппай жаздық және қысқы демалыс аймақтарының болмауы.

Елдің саяси орталығының географиялық жағдайы мен әлеуетін нашар пайдалану

Бүгінгі күні Астана қаласының әкімдігі мен Қазақстан Республикасы аймақтарының әкімдіктері арасында екіжақты ынтымақтастықты бұдан әрі кеңейту туралы 15-тен жоғары келісімге қол қойылды, олардың аясында көрмелер, бірлескен симпозиумдар, жәрмеңкелер және басқа іс-шаралар өткізіледі.

Осыған байланысты басқа салалардағы экономикалық қарым-қатынастардың өңіраралық байланыстары нығаюда. Сондай-ақ, еліміздің өңірлерімен жасалған келісімдерді іске асыру аясында сауда және қызмет көрсету объектілерінің желілерін құру көзделіп отыр, Қарағанды қаласы мен облысының кәсіпорындары астаналық нарықты белсенді түрде игеруде, Ақмола, Атырау және Қостанай облыстарында сауда үйлері ашылды, еліміздің 8 өңірі өтінімдер берді, оларға сауда үйлері мен сервис объектілерін жобалау және салу үшін жер учаскелері бөлінді.

Тұтыну нарығындағы бөлшек сауда бағаларын тұрақтандыру мақсатында тұрақты мониторингілеу қамтамасыз етілді, бәсекелестік ортаны бұдан әрі кеңейту жұмыстары жалғастырылуда, еліміздің өңірлерінен ауыл шаруашылығы өнімдерін тікелей жеткізу көлемдерін арттыру жөнінде шаралар қабылданды.

Осыған қарамастан, бүгінгі таңда шешімі табылмаған мынадай проблемалар қалып о т ы р :

Астана қаласы және республиканың бірқатар облыс орталықтары (Жезқазған, Қостанай, Ақтөбе, Қызылорда) мен қалалары арасында көліктік (темір жол, автомобиль) және ақпараттық инфрақұрылымның төмен деңгейде дамуы; инновация және инновациялық кәсіпкерлік, жаңа технологиялар трансферті және ғылыми-қолданбалы зерттеулер нәтижелері саласындағы өңіраралық байланыстың ж е т к і л і к с і з да м у ы ;

тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіруде Астана қаласы және жақын орналасқан облыстар кәсіпорындары кооперациясының төмен деңгейде дамуы.

Ақпараттық-бедел саясатының енжар сипаты Ақпараттық саясат

Астана қаласының ақпараттық өрісін кеңейтуге тұрақты үрдіс бар. 2001-2005 жылдар аралығында бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) саны 78-ден 169-ға дейін (77 газет, 82 журнал, 7 телерадиокомпаниялар, 3 ақпараттық агенттік) өсті. Олардың ішінде 25 ағылшын, неміс, украин, татар тілдерінде БАҚ-ын басып шығарады. Сонымен бірге мемлекеттік емес БАҚ үлесін арттыру үрдісі айқындалып отыр, бұл қазіргі уақытта 66 % құрайды. Ақпаратты саясатты іске асырудың маңызды құралы БАҚ-да мемлекеттік, сонымен бірге жеке меншік, мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру болып табылады. 2004 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша 6 БАҚ жұмыс істеді, 2005 жылы олардың саны 9-ға дейін артты. Ақпараттық саясат медиажоспарларға сәйкес іске асырылады.

Бұдан басқа, қала тұрғындарымен, кәсіпорындарда ақпараттық күндерді өткізу жолымен, халықпен кездесулерді, конференциялар, "дөңгелек-үстелдер", зейнеткерлердің жиындары және т.б. тікелей ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүзеге асырылуда. Ақпараттық саясаттың құралы ретінде сыртқы жарнама құралдары белсенді түрде пайдаланылуда.

Сонымен бір мезгілде, түзету енгізуді қажет ететін мәселелер бар: ішкі қалалық аудиторияға арналған бағыттардың басым болуы, жалпы республикалық және шетелдік аудиториямен жұмыстың жеткіліксіз деңгейі; бүкіл дүние жүзінде өте жедел дамып келе жатқан ақпараттық кеңістік Интернет желісі арқылы ақпараттық саясатты жүргізуге назардың жеткіліксіз бөлінуі. Жергілікті мемлекеттік басқарудың едәуір бөлігі, сондай-ақ қаланың мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік кәсіпорындарының Интернетте веб-сайттары жоқ. Веб-сайттармен қызмет жасайтындардың хабарлары аз және жедел қызмет етпейді.

Оның саны көп болғанымен, ақпараттық құрылым жасау және шоғырландыру нашар. Қала туралы жалпы мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар оларға сәйкес Астананың дамып отырған бағдарламалар туралы толық ақпаратты, жергілікті билік органдарының нормативтік құқықтық актілері және т.б. қамтитын бірыңғай жалпыға қол жетімді ақпарат көзінің болмауы.

Имидждік саясат

Қаланың қазіргі заманғы жағдайларда әлеуметтік-экономикалық дамуы жай ақпараттық тасымалдауға ғана емес, сонымен қатар нысаналы бағытталған имидждік іс-шаралар арқылы қолдауға мұқтаж. Астана қазіргі уақытта, келешегі бар қала ретінде, тұрғындар арасында оң имиджі бар, мұнда жақсы білім алуға, жұмыс табуға; іскерлік ортаға арналған жоғары инвестициялық тартымдылыққа ие Астана шет елдерде Қазақстан қалаларының ішіндегі неғұрлым белгілерінің бірі болып табылады. Алайда, көрсетілген оң сипаттамалар нысаналы бағытталған имидждік-ақпараттық саясатпен ғана емес, сонымен бірге объективті факторлармен: астана мәртебесімен және қала экономикасының дамуымен байланысты.

Имидждік саясаттың элементтері "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын (АЭА) жылжытуда қолданылуда. Оның тұрақты жұмыс істейтін құралы "Астана - жаңа қала" АЭА веб-сайты болып табылады.

Астана қаласы бойынша ақпараттық-имидждік жұмыстың 2005 жылға арналған кешенді жоспары бекітілді. Онда ұйымдастыру-практикалық және ақпараттық-насихаттық іс-шаралар, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және баспа қызметтері қамтылды. Сөйтіп, қаланың имиджін қалыптастыру жөніндегі жұмыс жүйелі негізге к ө ш і р і л і п о т ы р .

Сонымен бір мезгілде, имидждік қызметтің басты сипаттамасы - атаулы сипатына жеткіліксіз көңіл бөлінуде, яғни нақты аудиторияның нақты бейнесін жасауға бағыттау жоқ. Имидждік саясат нысаналы аудиторияларды анықтауды (Астана қаласының тұрғындары, туристер, инвесторлар, кәсіпкерлер, мемлекеттік билік органдары, коммерциялық емес ұйымдар), олардың пікірлерін ұдайы мониторингілеу, Астана қаласы бейнесінің сипаттамаларын анықтауды қамтуы тиіс, бұларды әрбір нысаналы аудиторияларда қалыптастыру және әрбір нысаналы аудиторияға арналған іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу қажет.

Бұдан басқа, қолданбалы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешумен яғни, шетел инвесторларын тарту, тұрғындарда таза қала мәдениетін тәрбиелеу арқылы Астананың идеологиялық бейнесін қалыптастыруды толықтыру қажет, бұл тиісінше имидждік саясаттың жаңа құралдары мен нысандарын пайдалануды білдіреді.

&10. Туризм индустриясы Туристік нарық құрылымы және саланың дамуын бағалау

2000 жылдан 2003 жылдар кезеңінде Астана қаласында келу туризмінің көрсеткіштері 13 339-дан 22 647 адамға дейін, шығу туризмі - 9 451-ден 18 054 адамға дейін, ішкі туризм - 125 145-тен 143 747 адамға дейін өсті. Ішкі туризмнің тез қарқынды дамуы тек қана объективті себептермен ғана емес, сонымен бірге саладағы

нақты жағдайларды толық көрсетпейтін есептің жетілдірілмегендігімен түсіндіріледі. Ішкі туризм бойынша қалаға келетіндердің көп бөлігін нақты іскерлік мақсаттармен басқа аймақтардан жіберілген ұйымдардың, мекемелердің және кәсіпорындардың қызметкерлері құрайды. Олардың санын ұлғайту туристерді тарту бойынша ойдағыдай мақсатты бағытты қызметтің жалғыз көрсеткіші болып басқа да факторлармен анықталатындықтан қызмет атқара алмайды. Сонымен бірге осындай көрсеткіш болып Астана қаласында қызмет көрсетудің жүйелі түрі болмағандықтан шетел туристерінің ұйымдастырылған топтары бой көрсете алады. Туристік фирмалардың саны 1999 - 2004 жылдар бойы - 27-ден 54-ке дейін екі есе ұлғайды. Сонымен бірге басқа аймақтардың туристік фирмаларының 9 филиалы мен өкілеттігі жұмыс істейді. Бұған қарамастан, Астана қаласының туристік нарығында бәсекелестік деңгейінің төмендігі байқалады (салыстыру үшін, Алматы қаласында туристік ұйымдардың саны 500-ден жоғары). Сондай-ақ, туристік нарық құрылымының талдамасы осы сала Астана қаласында шығу туризміне бағытталғандығын көрсетеді. Ішкі туризммен жүйелі түрде тек қана "Ақмолатурист" туристік ұйымы жұмыс істейді (қызмет көрсетілген 37 139 туристердің 34 591-і), қалған 53 ұйымға ішкі туризм бойынша қызмет көрсетілетін 2 548 турист келеді. Осыған байланысты, Астана қаласының туристік ұйымдарының басым көпшілігі шығу туризмі бағытында яғни шетел жолдамаларын қайта сату және визалық ресімдеулермен айналысады. Істің бұл жағдайлары келесі себептермен негізделеді. Біріншіден, шығу туризмі қызмет көрсетудің аса кірісті түрі болып табылады. Екіншіден, ішкі туризмді жүзеге асыру тиісті кадрлар мен материалдық-техникалық ресурстардың бар болуын талап етеді.

Астана қаласында туризмнен түскен кірістер 2000 жылы 1 927,6 млн. теңгеден 2003 жылы 2 596,5 млн. теңгеге дейін ұлғайды. Осы көрсеткішке визалық және саяхаттық қызмет көрсетілген жолдамалардың жалпы құны, сондай-ақ қонақ үй қызметінен түскен кірістер енеді. Сонымен бірге, 2004 жылы туристік ұйымдардың қызметінен алынған кіріс барлығы 839,468 млн. теңгені құрайды, ал Астана қаласының туристік ұйымдары төлеген салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер небары 7,172 млн. теңге - қала бюджетіне түсетін жалпы түсімнің 0,01%.

Туристік инфрақұрылымның жай-күйі

"Астананың гүлденуі-Қазақстанның гүлденуі" мемлекеттік бағдарламасының әрекеттегі кезеңінде қонақүйлер саны 28-ден 63-ке дейін ұлғайды. Олардың 80 %-дан жоғары бөлігі қосымша демалу орындары мен қызмет көрсету және тамақтандыру объектілерін (мейрамханалар, дәмханалар) ұстайды. Астананың қонақ үй кешенінің бір мезгілде 2500 адамға дейін қабылдауға мүмкіншілігі бар. Қонақ үй шаруашылығын дамыту туристерді қабылдау бойынша қаланың мүмкіншілігін кеңейтті, оның ішінде арзан қонақ үйлердің жеткіліксіздігі проблемасын азайтты. Сонымен бірге туристерді

орналастыру құралдарын дамыту мәселелерін шешу қажет етіледі. Қонақ үй кешендерінің қызметін жетілдіру және оларды әлемдік стандарттарға жеткізу қажет. Осы уақытта 63 қонақ үйдің 9-на санат берілді. Қонақ үйлерді сертификаттау және оларға санат беру бойынша жұмыстар төмен қарқында жүргізілуде. Қонақ үйлерді қосымша демалу орындарымен және қызмет көрсетулермен жаратқандырудың жоғары сандық пайызына қарамастан қызметті ұстау жетілдіруді талап етеді. 63 қонақ үйдің тек қана 10-ы пластикалық карталар бойынша жұмыс істейді. Қаланың тек қана екі қонақ үйінде шетел туристерін тіркеу жүргізіледі.

Қонақ үй кешендерінен басқа, қала қонақтарының маңызды бөлігі пәтерлер мен үйлерді жалға алу қызметін пайдаланады. Тиісті есептің болмауынан нарықтың осы секторының көлемін нақты бағалау мүмкін емес. Сонымен бірге, қала қонақтарының пәтерлер мен үйлерді тез әрі және жайлы жалға алуына мүмкіндік беретін ақпараттық-анықтамалық жүйе жоқ.

Астаналық мәртебенің арқасында Астана қаласында мемлекет көтермелейтін танымдық туризм дамуда. Сонымен бірге, мамандандырылған жастар-туристік кешендердің болмауы астанаға республиканың аймақтарынан келген мектеп оқушыларының топтарын іркілтеді.

Астана қаласында дем алу, белсенді демалыс және туристер баратын жерлер объектілерінің жүйесі белсенді кеңейуде. Олардың арасында астаналық парк, "Аквапарк", "Думан" океанариумы, Президенттің мәдени орталығы, "Астана-Бәйтерек" монументі, "Атамекен" Қазақстан картасы" тарихи-этнографиялық кешен, "Тұлпар" және "Құлагер" ат-спорт клубтары, кинотеатрлар, спорт сарайлары бар. Туристер келетін маңызды объектілер Сулы-жасыл бульвар, Жаңа алаң және Астананың сол жағалауының барлығы болады.

Неғұрлым көкейтесті проблема Астана қаласында демалудың қалалық парк аймағы (әрекеттегі мәдени және демалу қала парктерін кеңейту жөніндегі мүмкіншіліктер тамамдалды), сондай-ақ көпшіліктің жазғы және қысқы демалысы үшін қала сыртындағы демалыс аймақтарының жоқтығы болып табылады. Бұл мәселе астана халқының өсуіне қарай шиеленіседі.

Демалыс инфрақұрылымын және туристік қатынастарды дамыту бойынша жұмыстарды әрі қарай жүргізу қажет. Бір жағынан, оны кеңейту және бірқалыпты дамыту талап етіледі. Кинотеатрлар (500 мың адамға небары 2), демалу мен ойын-сауықтың парктік аймақтарының саны жеткіліксіз, шетел туристерін тартуға мүмкіндік беретін этноорталық жоқ. Екінші жағынан, әрекеттегі демалу және туристік қатынас объектілерін әлемдік стандарттарға дейін жеткізу талап етіледі. Жеке алғанда, орталық паркте шаңғы - роллер жолы бар, алайда толық шаңғы базасын құру үшін ғимараттар жетіспейді. Үлкен туристік әлуатке сулы-лазерлі шоу ие, бірақ ол тұрақсыз жүргізіледі, оның жұмыс кезеңі туралы ақпарат, ілеспелі қызмет көрсетулер мен іс-шаралар жоқ. Мәдениет және демалудың астаналық паркінде ойын-сауық пен демалу

объектілерінде тамақтандыру объектілерін көтеру байқалады.

Жалпы алғанда осы уақытта басымдылық демалу және туристік қатынас объектілерінің санын ұлғайтуға беріледі, бірақ барлық туристік әлуетті қолдануды іркілтетін оның құрылуы мен дамуына кешенді тәсіл жоқ.

Ішкі туризмді, сондай-ақ кету туризмін дамытудың аса маңызды бағыты жақын аймақтар - Бурабай, Қорғалжын және Ерейментау демалу аймақтарының туристік әлуетін қолдану болып табылады. Бірақ та осы аталған демалу аймақтарының барлық инфрақұрылымдық элементтері (ақпараттық қамтамасыз ету, көлік, орналастыру, демалу және туристік қатынастар объектілері) әлемдік стандарттарға сәйкес емес және инвестициялық салымдарды қажет етеді.

Келу туризмін дамыту үшін негізгі кедергі тұрақты, сондай-ақ чартерлік шетел әуе рейстері санының аз болуы табылады. Туризмді дамыту жоғары көлік шығындарымен шектеледі. Турист қызметі үшін мамандандырылған автокөлік кәсіпорындары жоқ. Тек қаланың 3 туристік ұйымы саяхаттық қызмет көрсетеді, оның тек қана біреуінде жеке меншік автобусы бар. Аз ғана стандарттарға жауап беретін автомобиль жолдарының болмауы ішкі туризмді және Астанадан Қорғалжын қорығына жол жүруді дамытуды, сондай-ақ Сарыоба өзенінде қала сыртындағы демалыс аймақтарын игеруді іркілтетін басты фактор болып табылады.

Ақпараттық қамтамасыз ету

Астана қаласының тартымды туристік бейнесін құру мақсатында жарнамалық-ақпараттық материалдарды шығару бойынша жұмыс тұрақты жүргізілуде. Туризм бойынша қалалық өкілетті орган, сондай-ақ Астананың ірі туристік фирмалары Интернетте web-сайттарды құрды. Тартымды-туристік бейнені құрудың негізгі құралының бірі негізгі халықаралық туристік көрмелерге және биржаларға, сондай-ақ ДСҰ жүйесі бойынша өткізілетін іс-шараларға қатысу болып табылады. Астанада жыл сайын халықаралық мәртебеге ие болған көрме өткізіледі.

Сонымен бір мезгілде, Астана туралы жалпы ақпарат болғанмен, оны туристік өнім ретінде сипаттайтын және қолданбалы сипаты бар Астана туралы нақты мәліметтер т а п ш ы л ы ғ ы б а р .

Бірыңғай дерекқор және анықтамалық қызмет көрсету жүйесі жоқ. Интернет желісінде ақпараттық инфрақұрылымды құру жолында маңызды қадам болып табылатын Астана туралы туристік мәліметтер орналастырылған, бірақ оны жетілдіру қ а ж е т .

Электронды брондау және сапарларды жоспарлау жүйесі жоқ.

Астананың туристік имиджін қалыптастыру жөнінде қалада өткізілетін ірі іскерлік, мәдени, спорт, ғылым, білім беру және басқа да оқиғалар мен іс-шаралар арасында байланыс жоқ, бұл оқиғалы туризмді дамыту тұжырымдамасының болмауымен

н е г і з д е л е д і .

Туристік өнім ретінде Астананың бейнелік мәнін кешенді түрде жылжыту жоқ.

"Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" мемлекеттік бағдарламасына сәйкес туризмді дамытудың стратегиялық мақсаты Астана қаласының тартымды туристік бейнесін құру, астананың бәсекелестік туристік-рекреациялы саласын құру болып табылады. Осылардың шегінде Астанада жыл сайын туристік көрмелерді және басқа да ақпараттық-бейнелік іс-шараларды өткізу бойынша, арзан қонақ үй жүйесін кеңейту бойынша жеке белгіленген тапсырмалар орындалды, ішкі танымдық туризм дамыды. Сонымен бірге көрмелік экспозициялық-жәрмеңкелік кешеннің, мамандандырылған туристік орталықтың құрылысын салу міндеттері шешілген жоқ, экологиялық туризм толық жетілген жоқ. Жалпы алғанда бәсекелестік туристік-рекреациялы саланы құру үшін жеке алдыңғы жағдайлар қалыптасты.

Шешуді талап ететін мынадай мәселелер неғұрлым өзекті болып табылады:

Астана қаласының туристік саласын дамытудағы сәйкессіздік кету туризмінің пайдасына шешілді. Шығу және ішкі туризм қана экономикасы үшін маңызды мәнге ие индустрия ретінде қалыптаспаған;

кадрлық және материалдық-техникалық ресурстары жоқ шағын туристік фирмалардың басымдылығы туризм саласына инвестициялық салымдар үшін әлуеттің болмауымен байланысады;

қалыптасқан жағдайларда Астана қаласының туристік саласының сапалы өзгеруі маңызды жеке инвестицияларды тарту және мемлекеттік қолдау жағдайында ғана орын алуы мүмкін;

туристік қызметтен экономикалық тиімділікті кешенді объективті түрде есепке алу жоқ.

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты халықтың тұрмыс сапасын біртіндеп арттыру, әлемдік стандарттарға және тұрғындардың адекватты өсуімен қала экономикасына сай тіршілік әрекетінің инфрақұрылымын қалыптастыру, қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету, елдің экономикасында астананың интеграциялық ролін күшейту болып табылады.

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу Астана қаласын әлеуметтік экономикалық дамытуда мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

I кезең (2006-2008 жылдар):

бюджетті перспективаға жоспарлау және оның атқарылуы процестерінің тиімділігін арттыру;

қала бюджетінің кіріс бөлігін барынша арттыру;

қала экономикасын, әлеуметтік, өндірістік, тұрғын үй және көлік инфрақұрылымын дамыту үшін қаржы ресурстарын тарту мақсатымен тартымды инвестициялық ахуал

ж а с а у ;

ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық, экспортқа бағдарланған өндірістер құруды қамтамасыз ететін өндіріс кластерін құру;

қала халқының өсуіне және экономикасының даму қарқынына сәйкес қаланың тіршілік ету инфрақұрылымының жұмыс істеуінің тиімділігін арттыру;

қала ішіндегі және жүк тасымалы сұранысын қанағаттандыратын қалалық көлікті дамыту ;

қаланы сумен жабдықтау және су бөлудің сенімділігін арттыру, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;

телекоммуникациялар және почта байланысы қызметін дамыту;

құрылыс жұмыстарының сапасын арттыру және құнын төмендету үшін капиталдық шығындарды азайтуды және қазіргі заманғы құрылыс материалдарын пайдалануды ынталандыруды қамтамасыз ететін құрылыс кластерін жасау;

тұрғын үйлерді тиісінше күтіп ұстау және олардың уақтылы күрделі жөндеуден өтуі жөніндегі міндеттерін тұрғын үй иесінің орындауын мемлекеттік бақылауды күшейту;

көркемдік бейнесімен, тарихи-мәдени және ұлттық өзгешелігімен ерекшеленетін, қаланың сәулеттік келбетін қалыптастыру;

сапалы медициналық көмекті қамтамасыз ететін медициналық кластерді жасау;

тууды ынталандыру, денсаулықты нығайту және өмір сүру ұзақтығын ұлғайту;

халықтың ең осал және қорғалмаған әлеуметтік жіктеріне атаулы әлеуметтік көмек беру ;

мемлекет және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын денсаулық сақтауды дамытудың басым бағыттарын іске асыру;

әлемдік деңгейдегі білікті кадрларды дайындау үшін қазақстанның және шетелдің жетекші университеттерінің академиялық және ғылыми орталықтары мен ғылыми орталықтардың арасындағы көпір және білім берудің негізгі көзі болатын ғылыми-білім беру кластерін жасау;

білім беру мекемелерінің теңдестірілген желісін құру және сапалы, үздіксіз білім беру жүйесін қалыптастыру ;

халықтың рухани деңгейін нығайту және зияткерлік деңгейін арттыру;

халықтың жұмыспен қамтылуын және қала экономикасына туризмді дамытудан түсетін түсімді қамтамасыз ететін туристік кластерді жасау;

астана тұрғындарының тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге, сапа мен қауіпсіздіктің мемлекет белгілеген кепілі бар кең түр-түріне сұранысын қанағаттандыру.

II кезең (2009-2010 жылдар):

бәсекеге қабілетті еңбек нарығын құру арқылы қала тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру, білім беру, медициналық қызмет көрсету, мәдениет стандарттарын көтер у ;

тиімді көлік инфрақұрылымын құру, көлік ағымын оңтайландыру, жылдам қоғамдық көліктердің баламалы түрлерін енгізу;
тұрғын үй құрылысын жеделдете дамыту және тұрғын үй нарығының тиімді тетіктерін қолдану арқылы тұрғын үйдің қол жетімділігін қамтамасыз ету;
қолайлы тіршілік үшін Астана қаласының қоршаған ортасын тұрақты дамытуды қамтамасыз ету;
қала кәсіпорындары өндіретін өнімді өткізу нарығын кеңейту;
жоғары технологияларды тартумен қалалық басқарудың озық тәжірибесін пайдалану;
көкейтесті әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін оны талдамалы-ақпараттық қамтамасыз етуді жақсарту жолымен қалалық басқарудың тиімділігін арттыру;
Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласының оң бейнесін жасау және нысаналы аудиториялар арасында жылжыту.

3. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі & 1. Салық және бюджет саясаты

Бюджет саясаты азаматтардың әл-ауқатының және әлеуметтік қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге, жаңа индустриялық-инновациялық орталық ретінде қаланың ықтимал мүмкіндіктерін жүзеге асыруға бағытталады.

Болжамды кезеңдегі қаланың салық саясаты мынадай басымды бағыттарда жүзеге асырылады:

салықтық әкімшіліктендіруді жақсарту;
қала меншігін пайдаланудың тиімділігін арттыру арқылы салықтық емес түсімдерді ұлғайту;

қала тіршілігінің әртүрлі салаларын қаржыландыру үшін бюджеттен тыс көздерді тарту;

заңды және жеке тұлғалардың қаржы-экономикалық қызметінің тиімділігін арттыру үшін салық салынатын базаны кеңейтуге жәрдемдесу, жағдай қалыптастыру;
көлеңкелі экономика үлесін барынша азайту, кәсіпкерлік қызмет субъектілерін есепке алуды жақсарту;

залалды кәсіпорындарда нақты залалдың бар екендігін растау мақсатымен олардың қаржы-шаруашылық тексеруді қызметтерін уақытылы жүргізу.

Бюджеттік қаражатты бөлу мынадай басым бағыттар бойынша жүргізіледі:
кедейлікті азайту және мүгедектерді оңалтудың қалалық бағдарламасын іске асыру;
білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, қоршаған ортаны қорғау, мәдениет салаларындағы бағдарламаларды қаржыландыру;
астананың бас жоспарына сәйкес жобалау-жоспарлау жұмыстарын жүзеге асыру;

көліктік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту; индустриялық-технологиялық парктерді, бизнес-инкубаторларды, жаңа технологиялар орталықтарын, маркетинг орталықтарын құру және дамыту.

Астана қаласын 2010 жылға дейін дамытуда қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай бағдарламалық іс-шараларды іске асыру көзделеді:

қала бюджетінің кірістері мен шығыстарын жоспарлаудың сапалы деңгейін арттыру ;

бөлінген бюджеттік қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету және бюджеттік қаражаттың шығысының тиімділігін арттыру;

шығыстардың әлеуметтік мәні бар баптары бойынша қаржылық қамтамасыз етудің ең төменгі орта нормативтерін әзірлеу және енгізу (денсаулық сақтау, білім беру);

бәсекелестік ортаны, қолайлы инвестициялық және кәсіпкерлік ахуалды қолдау үшін ұзақ мерзімді институциялық көтермелеуді жасау;

қалалық бағдарламалардың іске асырылуының тұрақты мониторингін жүзеге асыру және олардың нәтижелері туралы халықты кеңінен хабардар ету.

&2. Инвестициялық саясат

Инвестициялық саясат Астана қаласының экономикасын, әлеуметтік, өндірістік және көлік инфрақұрылымын дамытудың жобасын іске асыру үшін қаржы ресурстарын пайдалану мен тартудың тиімділігін барынша арттыруға бағытталады.

1. Қала тіршілігінің дамыған инфрақұрылымын жасау

1) 2006 жылдан 2010 жылға дейін Астана қаласының жылу көздерін дамыту жөніндегі инвестициялық іс-шаралар, оның ішінде: ЖЭС-2, жылу желілерін және энергия желілері объектілерін кеңейту және қайта жаңарту N 7, 8 станцияларының қазан агрегаттарын, N 5, 6 станцияларының құбыр агрегаттарын және Астана қаласының су жылыту қазандығын орнатумен ЖЭО-2 кеңейту; Астана қаласының ЖЭО-1 ШС (жаңа алаң) жаңарту; ЖЭО-3 құрылысы.

2) Астана қаласының 2006 жылдан 2010 жылға дейінгі кезеңде магистральдық жылу және электр желілерін дамытуға инвестициялар, оның ішінде: ЛЭП 110 кВ, "Заречная", "Жилая зона N 17", "Степная", "Жилая зона N 14", "ЖИФ" кірулерімен 110/10 кВ "Новая" ШС құрылысы, қаланың Сол жақ жағалау бөлігінде іске қосылатын ЖЭО-2-ның III жылу магистралінің құрылысы, қаланың сол жақ жағалауында іске қосылатын жылу магистралінің құрылысы, қолданыстағы магистральды жылу жүйелерін, жылу жүйелерін жаңарту, теннис кортының инженерлік желілер құрылысы.

2006 - 2010 жылдары жылу электр энергиясы саласындағы қажетті инвестициялардың жалпы көлемі 123,7 млрд. теңгені құрайды (I кезең- 41,6 млрд. теңге ; II кезең - 82,1 млрд. теңге), оның ішінде: республикалық бюджет қаражаты есебінен -

122,3 млрд. теңге (I кезең - 40,2 млрд. теңге, II кезең - 82,1 млрд. теңге) және жергілікті бюджеттен - 1,4 млрд. теңге (I кезең).

2. Сумен қамтамасыз ету және су бөлу

Бұл салада 2006 - 2010 жылдары мынадай жобаларды іске асыру қажет: сумен қамтамасыз ету және су бөлу жүйелерін жаңарту (Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің қаражатын тартумен); Астана қаласының сол жақ жағалау аумағының құрылыстарын су басып кетуден инженерлік қорғау, қашыртқы және жер асты сулары деңгейін төмендету; жауын-шашын кәріз жүйесін дамыту; Талдықөл сарқынды суларын жою; Вячеслав су қоймасының 2-ші су шығару көзін қайта өңдеу; Нұра жер астындағы су кен орнын әзірлеу, Астана қаласының сумен жабдықтау және су жүру жүйелерін дамыту. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен Кенесары - С. Сейфуллин көшелері учаскесіндегі Сарыарқа көшесі бойындағы су желісінің; "Шұбар-3" шағын ауданындағы су желісінің құрылысын іске асыру қажет.

Қала қажеттілігін қамтамасыз ететін, сумен қамтамасыз ету және су шығару инженерлік инфрақұрылымын құру үшін қажетті қаржының жалпы ауқымы 2006-2010 жылдары 128,9 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 48,4 млрд. теңге; II кезең - 80,5 млрд. теңге), оның ішінде: республикалық бюджеттен - 128,8 млрд. теңге (I кезең - 48,3 млрд. теңге; II кезең - 80,5 млрд. теңге) және жергілікті бюджет есебінен 0,1 млрд. теңге (I кезең).

3. Көлік

Астана қаласының Бас жоспарына сәйкес 2010 жылға қарай 14 км жылдам жүру жолдарын, қалалық маңызы бар 41 км магистральдық көшелерді, 120 км аудандық маңызы бар магистральдық жолдарды; 25 км жергілікті маңызы бар көшелер мен ж о л д а р д ы с а л у ж о с п а р л а н а д ы .

2010 жылы қала ішінде 21 ғимарат, соның ішінде: 2 көпір; 2 жол құбырын; 9 көлік айырымын; 8 жер асты өткелдерін салу көзделіп отыр.

Сондай-ақ, 2006 жылы Халықаралық әуежай мен қосымша үй-жайлары бар 400 жеңіл автомобильге арналған жабық гараждың құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Алдағы кезеңге қалаішілік жолаушы көліктерінің баламалы түрлерін енгізу ж о с п а р л а н у д а .

Қаланың көлік жүйесін дамытуға қажетті жалпы инвестиция 2006-2010 жылдар кезеңіне 110,1 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 56,2 млрд. теңге; II кезең - 53,9 млрд. теңге), оның ішінде: республикалық бюджет қаражаты есебінен - 102,8 млрд. теңге (I кезең - 51,2 млрд. теңге; II кезең - 51,6 млрд. теңге) және жергілікті бюджет есебінен 7,3 млрд. теңге (I кезең - 5,0 млрд. теңге; II кезең - 2,3 млрд. теңге).

4. Әлеуметтік сала

Республикалық бюджет қаражаты есебінен 2006-2010 жылдар кезеңінде 8 жалпы білім беру мектептерінің құрылысы және 1 мектепке 600 орындық бір жапсарлас құрылыс салу; 375 орындық түзету мектеп-интернаты; 300 орындық мамандандырылған мектеп-интернаты; Жалпы білім беретін кәсіптік оқу орталығы ғимаратына қосымша құрылыс салу (спорт залы, шеберхана), 1600 орынға арналған екі бастауыш және орта кәсіби білім беру ұйымдары жоспарланып отыр.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 6 мектепке дейінгі ұйымдардың және 280 орынға арналған санаторлық бала бақша, 800 орынға арналған кәсіби-техникалық мектеп (байланыс саласы), балалар үйі үшін 4 тұрғын үй кешенінің құрылысын, Оқушылар сарайын қайта жөндеу, сондай-ақ 5 жалпы білім беру мектептерінің құрылысына жобалы-сметалы құжаттарды әзірлеу қажет.

Қаланың білім беру жүйесіне инвестициялар көлемі 2006-2010 жылдары 17,5 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 11,4 млрд. теңге; II кезең - 6,1 млрд. теңге), оның ішінде: республикалық бюджет қаражаты есебінен 12,3 млрд. теңге (I кезең - 6,8, II кезең - 5,5) және жергілікті бюджет қаражаты есебінен 5,2 млрд. теңге (I кезең - 4,6 млрд. теңге; II кезең - 0,6 млрд. теңге).

Республикалық бюджет қаражаты есебінен денсаулық сақтау саласында 2006-2010 жылдарға қалалық жұқпалы аурулар ауруханасын жаңғырту және корпусын салу; әр кезекте 250 адам қабылдайтын әйелдер кеңесімен 150 кереуеттік әйелдер кеңесі бар 1 перинатальды орталық; қан беру орталығы; 250 кереуеттік балаларға арналған жұқпалы аурулар ауруханасы; әр кезекте 250 адам қабылдайтын диагностикалық-кеңес беру емханасы бар 350 кереуеттік көп салалы қалалық балалар ауруханасы, әрқайсысы 500 орынға арналған 2 амбулаторлық-емханалық кешен (ауысымда 350 орындық үлкендерге арналған және балаларға арналған 150 орындық), медициналық колледждің оқу корпусы; медициналық жұмысшыларға арналған шағын жанұялық үлгідегі екі жатақхана; амбулаторлық-емханалық кешеннің; студенттер емханасының; 360 кереуетке арналған көп профилді стационардың құрамында салынып жатқан крематорийі бар патологиялық-анатомиялық бюроның; 100 кереуетке арналған хоспистің, Оңтүстік-Шығыс ауданында салынып жатқан амбулаторлық-емханалық кешеннің құрамында 250 келушіге арналған әйелдер кеңесінің құрылысы жоспарланды.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен әр кезекте 350 үлкендер және 150 бала қабылдайтын 1 амбулаторлық-емханалық кешен, медицина жұмысшылары үшін шағын жанұялық үлгідегі жатақхана құрылысы, әрқайсысы ауысымда 350 орындық үлкендерге және балаларға арналған 150 орындық 2 амбулаториялық-емханалық кешендер, қан беру орталығы, 205 кереуетке арналған балалар жұқпалы аурулар ауруханасы; қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы, студенттер емханасы, әйелдер

кеңесі, әйелдер кеңесімен перинатальды орталық, паталогоанатомиялық бюро, 100 орынға арналған хоспис, медициналық колледждің оқу корпусы, 360 керуетке арналған көпбейінді стационар, көпбейінді қалалық балалар емханасының құрылысына жобалау-смета құжаттамасын әзірлеу көзделуде.

2006-2010 жылдарға арналған қаланың денсаулық сақтау саласын дамытуға инвестиция көлемі 15,9 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 6,6 млрд. теңге; II кезең - 9,2 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджеттен - 14,0 млрд. теңге (I кезең - 4,7, II кезең - 9,3) және жергілікті бюджет есебінен 1,9 млрд. теңге (I кезең).

Әлеуметтік қамтамасыз ету саласында республикалық бюджет қаражаты есебінен мүгедектер және қарттар үшін интернат-үйінің құрылысы қарастырылды.

Қаланың 2006-2008 жылдардағы әлеуметтік қамтамасыз етуге инвестиция көлемі 0,5 млрд. теңгені құрайды.

Спорт ғимараттарынан қалада теннис кортының құрылысы, сондай-ақ алдыңғы кезеңде басталған велотректің және стадионның құрылысын аяқтау жоспарлануда.

2006-2010 жылдары спортты дамытудың жалпы инвестициясы 15,0 млрд. теңгені (іске асыру кезеңі - 2006-2008 жж. - 15,0 млрд. теңге), оның ішінде: республикалық бюджеттен - 15,0 млрд. теңгені (I кезең) құрайды.

Мәдениетті дамыту мақсатында республикалық бюджеттен Салт дәстүрлер сарайының жаңа ғимараттары; қала тұрғындары үшін Қоянды өзенінің су қоймасында қысқа мерзімді дем алу аймағы және 3500-орынға арналған әмбебап киноконцерт залы салынады. Бейбітшілік және келісім сарайының құрылысын аяқтау жоспарлануда.

2006-2010 жылдарға мәдениетті дамытудың жалпы инвестициясы 14,9 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 14,6 млрд. теңге; II кезең - 1,0 млрд. теңге), оның ішінде: республикалық қаражат есебінен - 14,9 млрд. теңге (I кезең - 13,9 млрд. теңге; II кезең - 1,0 млрд. теңге) және жергілікті бюджет қаражаты есебінен - 1,0 млрд. теңге (I кезең).

5. Тұрғын үй құрылысы

Тұрғындар санының өсуін есепке ала отырып және тұрғын үй құрылысын әрі қарай дамыту мақсатында (2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамыту Бағдарламасының есебісіз) келесі шаралар жүзеге асырылады: коммуналдық тұрғын-үй құрылысы; тұрғын-үй құрылысы (несиелендіру).

2006-2010 жылдарға республикалық бюджеттен қажетті жалпы инвестиция 19,4 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 5,5 млрд. теңге; II кезең - 13,9 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет есебінен - 17,7 млрд. теңге (I кезең - 5,5 млрд. теңге; II кезең - 12,2 млрд. теңге) және жергілікті бюджет есебінен 1,7 млрд. теңге (II кезең).

6. Қаланы абаттандыру

2006-2010 жылдар аралығында республикалық бюджет есебінен жүргізілетін құрылыстар: Есіл өзенінің оң жағалауындағы Президент саябағы; Жаңа алаң; "Арай" саябағы; Есіл өзені бойындағы саябақ; Линейный саябағы; дендрологиялық саябақ; Астана қаласының бірінші кезектегі объектілерінің инженерлік желілері; N 1 жоспарланған ауданның инженерлік желілері мен жолдары (N 19 көшеден оңтүстікке қарай); Есіл өзенінің арнасын қайта жаңарту, Есіл өзені бойында кеме жүзуін ұйымдастыру; инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды абаттандыруды
д а м ы т у ж о с п а р л а н у д а .

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен: қаланы көгалдандыру бойынша шаралар; орамшілік аумақтарды кешенді абаттандыру; жаңа бейіт салу, ботаникалық бақ, Слободканың жоспарланған А, Б ауданының инженерлік желілері мен жолдарының құрылысы, 1 жоспарланған ауданынан Қорғалжынға дейін шаруашылық арнасы, жасыл белдеуде рекреациялық аймағын құру, қаланың орман қорғау белдеуін қайта жаңарту
ж ә н е а б а т т а н д ы р у к ө з д е л е д і .

2006-2010 жылдар аралығында қаланы көріктендіруге кететін қажетті инвестициялық көлем 71,1 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 57,7 млрд. теңге; II кезең - 13,4 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджеттен 64,2 млрд. теңге (I кезең - 53,4 млрд. теңге; II кезең - 10,8 млрд. теңге) және жергілікті бюджет есебінен 6,9 млрд. теңге (I кезең - 4,3 млрд. теңге; II кезең - 2,6 млрд. теңге).

7. Қоршаған ортаны қорғау

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен ЖЭО-2 ШС құрылымдық бөлімшесінің жұмыс істеп тұрған қазандарының біреуіндегі күл ұстағышты "Эмульгирование" орнатуымен жаңғырту, сондай-ақ Железнодорожный, Мичурино кенттерінің, өндірістік-техникалық жиынтықтылау басқармасы қазандықтарының күл ұстағыш құрылғысын жаңғырту қарастырылады. Сондай-ақ, 1-ЖЭО ШС N 6 күл шығару орнының әзірленген картасының жаңғыртуын бейімдеуін жүзеге асыру, Сарыбұлақ өзенін абаттандыру және тазалау жоспарланады.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаты есебінен қоқысты қайта өңдейтін, пластик пен құмды қайта өңдейтін, су өткізбейтін пенобетондық блоктар өндірісі
з а у ы т т а р ы қ а р а с т ы р ы л а д ы .

2006 - 2010 жылдар аралығында қаланың қоршаған ортасын қорғау іс-шарасына инвестиция көлемі 2,07 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 0,31 млрд. теңге; II кезең - 1,76 млрд. теңге), оның ішінде жергілікті бюджет есебінен 2,0 млрд. теңге (I кезең - 0,3 млрд. теңге; II кезең - 1,7 млрд. теңге), кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаты есебінен 0,07 млрд. теңге (I кезең - 0,01 млрд. теңге; II кезең - 0,06 млрд. теңге).

8. Қосылған құны жоғары өнімдер өндіруге бағдарланған ғылыми-өнеркәсіптік кешендерді қалыптастыруға және дамытуға жәрдемдесу

Ұзақ мерзімді кезеңде қаланың жылдам әрі тұрақты дамуы инновациялық стратегияларға көшу мен жоғары технологиялы және ғылыми өндірістің озыңқы дамуымен ғана мүмкін болады. Бұл үшін мынадай бағыттарды іске асыру қажет: өндіріс алаңдарын, аумақтар мен инфрақұрылымдарды өнеркәсіп паркіне қайта жаңарту (Индустриялық парк), жеке салалар мен кәсіпорындар бойынша бизнес-жоспар жасау тетіктерін қоса алғанда, инвестициялық шешімдерді қабылдау тетігін жетілдіру жөніндегі жүйелі шаралар; салалық және/немесе өңіраралық компаниялар түрінде өндірісті жаңғырту, қайта жаңарту жобаларын іске асыруға қатысу; өңірлердің үлестік қатысуымен өңіраралық жобаларды әзірлеу.

Жоғарыда аталған бағыттарды іске асыру үшін 2006-2010 жылдары қаланың Өнеркәсіп аймағының инфрақұрылымдық көркейтілуін қоса алғанда, инновациялық қызметті қолдауға республикалық бюджет қаражаты есебінен 2,0 млрд. теңге мөлшерінде инвестиция қажет етіледі.

9. Инновация саласындағы басымдықтарды ескере отырып, кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау

2006 - 2010 жылдар кезеңінде қалада өзіне: инновация қызметін қолдау мен дамыту инфрақұрылымы құрылды, оның ішіне: нарықты зерделеу және жаңа технологияларға, қазіргі заманғы материалдарға, өнімдерге, қызметтерге сұранысты анықтау және ғылыми-техникалық зерттеулер мен әзірленімдер саласындағы кәсіпорындар мен компанияларға талдаудың нәтижелерін беру мақсатындағы ақпараттық-маркетингтік орталық; қалада өндірілетін жоғары технологиялы тауарлар мен қызметтер көрсетуді жылжытуға арналған сауда-көрме орталығы кіреді.

10. Инвестицияларды тарту үшін құқықтық база мен экономикалық тетіктерді жетілдіру

Осы мақсатта мыналар көзделеді: инвестициялық және инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдаймен қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

инвестициялық және инновация қызметінің субъектілері үшін көтермелеу жағдайын жасау мақсатында салық және кеден режимін өзгерту жөнінде уәкілетті органдарға

ұ с ы н ы с т а р

е н г і з у ;

қала аумағында инвестициялық белсенділікті көтермелеу үшін жағдай жасау;
жаппай тұрғын үй құрылысын көтермелеу;
қаржылық және жедел лизингке беру кестесін қолдануды іске асыру схемаларын
қолдану арқылы оны пайдалануға берумен тұрғын үйлік емес қордың коммерциялық
қ ұ р ы л ы с ы ;

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймақтың қолданылу мерзімін 2010
ж ы л ғ а д е й і н ұ з а р т у .

астананың қолайлы имиджін қалыптастыру есебінен қаланың инвестициялық
т а р т ы м д ы л ы ғ ы н а р т т ы р у .

Жалпы алғанда, Астана қаласының 2006-2010 жылдарға арналған
элеуметтік-экономикалық даму бағдарламасының іске асырылуы 523,1 млрд. теңге
инвестицияны қажет етеді, республикалық бюджеттен - 495,5 млрд. теңге және
жергілікті бюджеттен - 27,6 млрд. теңге инвестицияны талап етеді (10-кесте).

1 0 - к е с т е

млрд. теңге

Қаржыландыру көздері	2006	2007	2008	2009	2010
Барлығы:	69,4	87,0	105,0	123,6	138,1
оның ішінде:					
республикалық бюджеттен	62,5*	79,3*	100,9	119,3	133,5
жергілікті бюджеттен	6,9	7,7	4,1	4,3	4,6

* Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдарға арналған Тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шегінде тұрғын үй құрылысына қала бюджеті алған кредиттерді есепке алмай (2006-2007 жылдары несие қаражаты - 5,07 млрд. теңге)

** Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім беру және денсаулық сақтауды дамыту мемлекеттік бағдарламаларының шеңберінде республикалық бюджеттен бөлінген арнайы трансферттерді есепке алмай.

&3. Индустриялық-инновациялық саясат

Қаланың өнеркәсібін дамыту үшін қолайлы алғышарттар бірінші кезекте оның өндірістік әлеуетін іске асырумен және оның өңірлік ықпалдасудағы рөлін күшейтумен, ғылыми-өнеркәсіптік кешендерді қалыптастырумен және дамытумен байланысты.

2006-2010 жылдары Астана қаласының индустриялық-инновациялық саясатын дамыту жөніндегі негізгі бағыттар:

қазіргі өндірістік қуаттарды жаңғыртуды және қайта ұйымдастыруды ынталандыру;

жоғары, ресурсты үнемдеуші, экологиялық таза технологияларды пайдаланатын бәсекеге қабілетті өндірістерді қолдау мақсатында өңіраралық және халықаралық байланыстарды дамыту;

кәсіпорындарды өнім сапасын басқарудың және оны сертификаттаудың халықаралық стандарттарына көшуге ынталандыру;

жоғары және арнайы орта оқу орындарының базасында өнеркәсіп үшін жоғары білікті кадрларды оқыту әрі қайта даярлау жүйесін дамытуға ықпал ету;

тігінен біріктіру құрылымдарын: ғылыми-білім беру және ғылыми-өндірістік кешендер құру.

Астана қаласының индустриялық-инновациялық саясатын тиімді іске асыру үшін ЖЭО-2 ауданында (шығыс өнеркәсіп ауданы) дамыған инженерлік инфрақұрылымымен жаңа өнеркәсіптік аймақ құру көзделуде.

2006-2007 жылдары көзделген іс-шараларды орындау мақсатында құрылыс материалдарын өндіру бойынша мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру болжанды:

қуаты жылына 30 млн. дана кірпіш қаптамалы кірпіш өндірісі; жоғары сапалы шырша ағашынан жасалған және бағалы ағаш жыныстарын қолдану арқылы терезе мен есік шығару жөніндегі зауыт құрылысы;

магистральдық сумен жабдықтау жүйесіне арналған шыныпластик құбырлар өндірісін ұйымдастыру;

үйдің ішкі инженерлік желілеріне арналған полиэтилен құбырлар өндірісін ұйымдастыру;

ғимараттың қасбеттерін әйнектеу құрылымына арналған күйдірілген шыны мен шыны пакеттер өндірісін ұйымдастыру.

2008 - 2010 жылдары:

жаңа құрылыс, оның ішінде энергия-ресурстарын үнемдеу, экологиялық таза технологияларға көшу;

дәстүрлі құрылыс өнімдері өндірістерін басқа өңірлерге жеткізуге арнап қайта бағдарлау;

жоғары сапалы қабырғалық және әрлеу материалдарын, сантехникалық бұйымдарды, жұмсақ жабынды материалдарды, металл пластикалық және алюминий терезелерді, есіктерді, пішіндерді өндіру номенклатурасын одан әрі кеңейту және таяу шет елдерге олардың экспортын ұйымдастыру.

Тамақ өнеркәсібін құру және дамыту

Халықты қажетті саны мен сапасы бойынша тамақ өнімдерімен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету үшін мыналар жоспарлануда:

Ақмола облысының минералдық-шикізат базасын тиімді пайдалану және оның

дамуына инвестициялар тарту;

ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мен тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын сериясы 9000 ИСО және ХСТСЖ халықаралық стандарттардың талаптарына сай сапа менеджментінің халықаралық жүйелеріне жеделдете көшіру үшін жағдай мен алғышарттар жасау;

технологиялық байланысты кәсіпорындар мен (аграрлық фирмалар мен аграрлық кешендер) өндірістер жүйесінде тұтыну кооперациясы мен интеграциялық үдерістерді дамыту;

өндіріс үдерістерін және тұтынушыға дайын тауарлар түсіру желісін ертарлаптандыру үшін өз көтерме-бөлшек сауда желілерін ұйымдастыру жөніндегі қайта өңдеу кәсіпорындарының күш-жігерін ынталандыру;

өндірістің толассыз циклы бар аграрлық қалыптастыру секторымен тігінен біріктірілген кәсіпорындар құру;

ауыл шаруашылығының шикізатын орталықтандырып дайындау және сатып алудың жолға қойылған жүйесін ұйымдастыру.

Жоғарыда санамаланған міндеттерді шешу ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің бәсекеге қабілетті жергілікті нарығын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

&4. Қала тіршілігінің инфрақұрылымы

2010 жылға дейінгі кезеңде астана дамуының жалпы перспективасында инженерлік инфрақұрылымды дамыту, қала тіршілігін қамтамасыз ететін жүйелерді жаңарту және олардың сенімділігін арттыру мәселелері ерекше маңызға ие болады.

Қала қажеттіліктерін және экологиялық талаптарды ескере отырып, коммуникациялардың инфрақұрылымын дамыту мыналарды көздейді:

2010 жылға дейін астананың перспективалық дамуын ескере отырып, қаланы электрмен, жылумен және сумен жабдықтаудың схемасын әзірлеу;

қазіргі энергетикалық блоктарды қайта жаңарту, кеңейту және жаңғырту; газ толтыратын станцияларды қайта жаңарту және жаңғырту, сондай-ақ жаңа газ желілерін салу;

қаланы табиғи газбен жабдықтау жобасын әзірлеу; тіршіліктің барлық салаларында энергияны, жылуды, суды үнемдеу іс-шараларын іске асыру;

одан әрі қарай дамытып, қуаттарды ұлғайтуды ескере отырып, инвестицияларды тарту үшін қолайлы ахуал жасау.

2010 жылға дейінгі кезеңде Астана қаласын жылумен және электрмен жабдықтау жүйелерін дамыту мынадай жобалық жұмыстардың негізінде жүзеге асырылады:

"2020 жылға дейінгі перспективасымен 2010 жылға дейін Астана қаласын жылумен жабдықтау схемасы", "2020 жылға дейінгі перспективасымен 2010 жылға дейін Астана

қаласын электрмен жабдықтау схемасы";

"Астана қаласының ЖЭО-2 ШС, жылу желілерін және электр желілері объектілерін кеңейту және қайта жаңарту".

1. Энергиямен жабдықтау

1) Электр энергетикасы

2010 жылға дейінгі кезеңде электр энергиясын тұтынудың үлкен өсімі көзделуде. Бағалау бойынша 2010 жылға қарай электр энергиясын өндіру және тұтыну тиісінше 2410,0 және 3100,0 млн. кВтч мөлшерінде болжанады.

2010 жылға дейінгі кезеңдегі электрмен жабдықтау жүйесінің дамуында қаланың сол жақ және оң жағалауы бөліктеріндегі жаңа құрылыстарды электрмен жабдықтау, сондай-ақ қаланың оң жақ жағалауындағы бөлігінде тұтынушыларды электрмен сенімді жабдықтау үшін қолданыстағы желілерді күшейту көзделген.

Астана қаласының электр энергиясына қажеттілігі, негізінен өзі электр шығаратын ЖЭО-1, 2 ШС көздерінің есебінен қамтамасыз етіледі (11-кестені қараңыз).

11-кесте

Электр энергиясын өндіру және тұтыну теңгерімі

млн. кВтч

	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010
	Нақты	Баға	Болжам				
Электр энергиясын өндіру	149,1	1630	1780	1940	2090	2250	2410
Қаладан тыс алынды	251,1	550	580	610	640	660	690
Электр энергиясын тұтыну	1524,5	2180	2360	2550	2730	2910	3100
оның ішінде:							
Өнеркәсіп	433,3	715,1	778,8	841,5	914,6	989,4	1038,8
Құрылыс	68,5	87,2	94,4	127,5	136,5	145,5	151,3
Көлік	178,9	287,7	306,8	344,3	368,6	407,4	503,0
Экономиканың басқа салалары және тұрғындар	501,4	697,6	755,2	816,0	887,3	960,3	1021,0
Жалпы пайдалану желісіндегі ысырап	342,4	392,4	424,8	420,8	423,2	407,4	385,9

Дереккөз: "ЭнергопромҚазҒЗӨИ" ЖШС, "Энергия" ҚазНИПИИТЭС ЖАҚ және "Астанаэнергопроект" ЖШС.

Астана қаласының жалпы электр тұтынымында өндірістік саланың (өнеркәсіп және құрылыс) үлесі 2005 жылғы 36,8 %-дан 2010 жылы 38,4%-ға дейін ұлғаяды, ал өндірістік емес саланың үлесі (экономиканың басқа салалары және тұрғындар) жалпы тұтынымда тиісінше 32,0 %-дан 32,9%-ға дейін ұлғаяды. 2010 жылға дейін көліктің электр энергиясын тұтыну үлесі 3 пайыздық пунктке ұлғаяды (19-суретті қараңыз).

19-сурет

2005 және 2010 жылдардағы электр тұтынудың құрылымы

Қағаз мәтіннен қараңыз

2010 жылға дейін электр энергиясына қажеттілікті жабу және өз теңгерімін қамтамасыз ету үшін (20-суретті қараңыз) мынадай негізгі іс-шараларды жүзеге асыру к о з д е л у д е :

ЖЭО-2 электр станциясын, жылу желілерін және энергиялық желілік объектілерді к е ñ е й т у және қ а й т а ж а ñ а р т у ;

ЖЭО-1 ШС электр станциясын (жаңа алаң) қайта жаңарту;

Ж Э О - 3 құрылысын салу ;

110кВ ЭТЖ, "N 14 тұрғын үй аймағы", "N 17 тұрғын үй аймағы", "Степная", "Заречная", ЖИФ аралап өтетін "Жаңа" ШС110/10кВ шағын станциясының құрылысын с а л у ;

кернеуі 220 кВ "электр желісі сақинасын" дамыту;

қазіргі электр желілерін қайта жаңарту;

10 және 0,4 кВ желілерінде коммерциялық шығынды азайту мақсатында тұтынушыларға электр энергиясын есептеуіштердің көрсеткіштерін қашықтан түсіріп алатын электронды түрдегі есепке алу аспаптарын орнату.

20-сурет

Электрлік қуаттың теңгерімі, МВт

Қағаз мәтіннен қараңыз

2006-2010 жылдары электр желілерінде және қалалық жарықтандыру жүйесінде электр энергиясының ысырабын азайту бойынша мынадай негізгі бағыттар көзделген:

ысырап деңгейі төменірек жаңа электр күші жабдықтарын пайдалану;

энергия тұтыну режимдерін оңтайландыру мақсатында тарату желілерінде техникалық ысыраптың деңгейін төмендету;

электр станцияларында, шағын станцияларда электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін (ЭКЕАЖ) енгізу.

Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін (ЭКЕАЖ) енгізудің үнемділігі электр энергиясын тұтынуды дәл есепке алу (және нәтижесінде коммерциялық ысырапты азайту) және шаруашылық жүргізуші субъектілердің оны үнемдеп пайдалануға ынтасын арттыру есебінен энергия

ресурстарының 25-30 %-на жетуі мүмкін;
электр энергиясын тұтынуды бақылау үшін электр энергиясының тұтынушылары (занды және жеке тұлғалар) бойынша автоматтандырылған дерекқорлар құру;
геоақпараттық технологиялардың базасында "Астанаэнергосервис" АҚ-да электр энергиясының теңгерімін есепке алу және талдау жөніндегі біріктірілген жүйені әзірлеу және енгізу;

Астана қаласында баламалы көздерден (жылу сорғылары, жел энергетикасы) энергиямен және жылумен жабдықтау жөніндегі жаңа және озық техникалық шешімдерді енгізу үшін полигон (шағын ауданды үлгі ретінде алу) құру.

Жаңа жүйе қаланы электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыруға жәрдемдеседі, энергияны өндіруден оны өткізуге дейін барлық кезеңдегі шығындарды оңтайлы басқаруға мүмкіндік береді, жылу және электр энергияларының ысырабын азайтуға арналған экономикалық стимулдар жасайды, қызмет көрсету сапасын арттыру кезінде жылу және электр энергиясы тарифтері деңгейінің тұрақтануына ықпал етеді.

2) Жылу энергетикасы

Астана қаласында көп қабатты ғимараттарды салу үрдісі, қаланың жылу энергиясы мен электр энергиясына деген қажеттілігі артуының болжамы орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың қалыптасқан жүйелерін (ОЖЖ) ЖЭО базасында жылу және электр энергияларын құрамдастырып өндіруді одан әрі дамытудың объективті алғышарттарын жасайды.

2010 жылға дейін Астана қаласын жылумен жабдықтауды дамытудың негізгі бағыттары "Астанаэнергия" АҚ базасында негізінен қаланың көп қабатты тұрғын, қоғамдық және әкімшілік құрылыстарын жылумен жабдықтауға арналған орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесін сақтауды және одан әрі дамытуды көздейді.

2006-2010 жылдары Астана қаласының жылу электр станциялары мен қазандықтарынан орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіру бағалаумен 1,5-1,6 есе өседі (21-суретті қараңыз).

21-сурет

Астана қаласының жылу-энергия орталықтарының жылу жүктемелеріне сұранысты қамтамасыз етуінің болжамы

Қағаз мәтіннен қараңыз

2010 жылға дейін астананы жылумен жабдықтауды дамыту мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

2010 жылға дейін ЖЭО-1 Астана қаласының жедел дамуы барысында орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіндегі маңызды орнын сақтайды. Станцияны дамыту, іс жүзінде ЖЭО-1 жабдығының белгіленген қуаттылығын

пайдалану үшін қайта жаңарту және жөндеу жұмыстарына келіп саяды. ЖЭО-1-де бірінші кезектегі іс-шараларды іске асыру оның жабдығының жұмысын тұрақтандыруға және сағатына 400 Гкал мөлшеріндегі қалыптасқан жылу қуаттылығын сақтауға мүмкіндік береді;

2010 жылға дейін ЖЭО-2 жоба бойынша қайта жаңартылып және сағатына 1040 Гкалға дейін кеңейтілгеннен кейін, оң және сол жағалаудағы тұтынушылардың жылу жүктемелері артуының орнын толтыруды қамтамасыз ететін негізгі базалық көз ретінде, орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіндегі өз рөлін сақтайды;

ЖЭО-1, 2 аймағында 2010 жылға қарай қысқы барынша жоғары есептеу режимінде 290 Гкал/сағ мөлшерінде жылу қуатының тапшылығы орын алады, оны жою үшін ЖЭО-2-ден жаңа жылу қуаттарының қуаттылығын енгізу қажет. Осыған байланысты, ЖЭО-2-ден N 7, 8 станцияларының қазандық агрегатын, N 5, 6 станцияларының труба агрегаттарын және Астана қаласының су жылыту қазандығын орнатумен кеңейту көзделуде;

қаланың сол жағалау бөлігінде III, IV жылу магистральдары іске қосылып, құрылысы аяқталады және қаланың оң жағалау бөлігіндегі жылу магистральдарын қайта жаңарту жобалары іске асырылады.

Орталықтандырылған жылумен жабдықтау және жылу желілері көздерін дамыту қазіргі уақытта әзірленіп жатқан Астана қаласын ұзақ мерзімді перспективада жылумен жабдықтау схемасына түзету енгізуде негізделуі тиіс.

3) Газбен жабдықтау

Тұрғындар санының өсуі және автомашиналарға жағармай құюдың жаңа орындарының ашылуына байланысты сұйытылған газды тұтыну 2010 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 10,5%-ға өседі деп күтілуде.

2010 жылға дейін сұйытылған газды жеткізу республиканың басқа өңірлерінен әкелу есебінен жүзеге асырылатын болады.

2010 жылға дейін қаланың сұйытылған газға деген қажеттілігінің орнын толтыру үшін мынадай негізгі іс-шараларды жүзеге асыру көзделіп отыр:

газ құбырларының қазіргі желілерін кеңейту және қайта жаңарту;
тоттанбайтын жабындыларды пайдалана отырып, жаңа газ құбырларын салу;
газ толтыру станциясын қайта жаңарту, сондай-ақ қуаттылығы жылына 20,0 мың тоннадан асатын жаңа станция салу;
қосымша автомобильдерге газ құю станцияларын салу.

Астана қаласының тұтынушыларына Батыс Қазақстан облысындағы Қарашығанақ кен орны газының орнына Ресейден табиғи газды жеткізу газ құбырын салудың орындылығын зерттеу көзделіп отыр, бұл қалалық ЖЭО мен қазандықтарды күлі көп көмірдің орнына табиғи газды жағуға көшіруге және көмір қышқыл газының жыл сайынғы шығарылымын 500 мың тоннаға азайтуға мүмкіндік беретін еді.

Сонымен қатар, Астана қаласын табиғи газбен қамтамасыз ету үшін көмірді

жерастында газдандыру мүмкіндігін зерттеу орынды.

Қазіргі уақытта қалаға негізгі газ жеткізуші "ГазОрталығы" ЖШС 2006-2010 жылдар кезеңінде жыл сайын 6,55-тен 7,75-ке дейін мың тонна көлеміндегі газды тұрақты тұтынады деп күтілуде (12-кестені қараңыз).

12-кесте

"Газ Орталығы" ЖШС-ның газ бөлу қондырғылары мен газ құбырларын пайдалану жөніндегі қызметінің іске асырылу көлемі

	өлшем бір-лігі	2005	2006	2007	2008	2009	2010
Натуралдық көріністе	тонна	6555	6860	7065	7300	7500	7750
1 тонна газды сату бағасы	теңге	54472	78000	82600	87600	92600	98500
Құндық көріністе	млн. теңге	357,064	535,080	583,569	639,480	694,500	763,380

2. Қаланың көлік жүйесі

Қала көлігін дамыту Астана қаласының бағдарлық торабын жетілдіруді, жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруды, қаланың экологиялық ортасын жақсартуды, қалалық жолаушылар көлігі жылжымалы құрамының паркін жаңартуды қарастырады.

Көлік саласын дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары:
Бұрынғы кезеңдерде басталған объектілерді салуды және қайта жаңартуды аяқтау;
қалалық маңызы бар магистральды көшелерді (6-8 белдеулі қозғалыс) салу, қолданыстағы жолдарды санатына сай ету үшін қайта жаңарту;
көлік айырымдарын, өткерме жолдарды салу жолымен қалалық маңызы бар үздіксіз қозғалыстағы магистральды көшелерді қалыптастыру;
жоспарлы аудандар арасындағы байланысты жақсарту үшін су тосқауылдары арқылы өтетін көпірлерді салу;
перспективалы және транзиттік бағыттардағы жолдардың жекелеген учаскелерін салу;
жол қозғалысы реттілігінің тиісті деңгейі мен жүру қолайлылығын қамтамасыз ететін қала ішіндегі жолаушылар көлігінің баламалы түрлерін енгізу және дамыту;
халықаралық стандарттарға сәйкес келетін автомобиль паркингінің жүйесін дамыту;

қазіргі заманғы халықаралық стандарттар деңгейін қанағаттандыратын жол-құрылыс материалдарының өндірісін дамыту болып табылады.

1) Автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту және жөндеу

Жолдарды салу, қайта жаңарту және жөндеу Астана қаласының көшелері мен жолдарын қайта жаңарту және салу жоспарына, сондай-ақ Қала құрылысының бас жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2010 жылға қарай Астана қаласында 830 км әртүрлі көшелер мен жолдар, оның ішінде қала бюджеті қаражаты есебінен 209,5 км жолдар мен көшелер салынуы және қ а й т а ж а ң а р т ы л у ы т и і с .

М ы н а л а р с а л ы н а т ы н б о л а д ы :

Астана қаласының жаңа әкімшілік орталығында автомобиль жолдары; "К-бұрылмасынан Қарағанды тас жолына дейінгі "Астана қаласындағы Оңтүстік айналым" айналма жолы ("Әуежай - Қарағанды" тас жолы айналма жолы);

К-1 айналымынан халықаралық әуежай аэровокзалына дейінгі автожол; N 13 көшеден N 12 көшеге дейінгі учаскедегі Манас көшесі (6 белдеулі қозғалыс); N 12 көшеден Манас көшесіне дейінгі учаскеде N 66 көше (қозғалыстың 2 белдеуі); Манас көшесінен N 41 көшеге дейінгі учаскеде N 66 көше (4 белдеулі қозғалыс); N 13 көшеден N 39 көшеге дейінгі учаскеде N 12 көше (6 белдеулі қозғалыс); N 12 көшеден N 41 көшеге дейінгі учаскедегі N 39 көше (4 белдеулі қозғалыс); N 66 көшеден N 39 көшеге дейінгі учаскедегі N 41 көше (4 белдеулі қозғалыс); N 12- N 1 және N 2 көшелерінен N 19 көшеге дейінгі учаскеде Н. Гастелло көшесі;

М-3 көпірден Абылайхан даңғылына дейін N 19 көше;

N 12 көшеден Пушкин көшесіне дейінгі темір жолдың оң жақ көшесі;

Абай даңғылынан темір жол арқылы өнеркәсіп аймағына дейінгі N 13 көшенің ж а л ғ а с ы ;

Угольный көшесінің шығыс бағытындағы жалғасы;

Көкшетау қаласына шығатын Сарыарқа даңғылының жалғасы (Бөгенбай батыр даңғылынан К-1 айналымына дейін);

Сарыарқа даңғылының N 4 көшеден N 23 көшеге дейінгі бөлігі;

Сарыарқа даңғылынан N 36 көшеге дейінгі N 23 көше;

Манас көшесінің N 12 көшеден N 19 көшеге дейінгі учаскесі;

N 1 жоспарлы ауданның инженерлік желілері мен жолдары (N 19 көшенің оңтүстік ж а ғ ы) .

С о н ы м е н қ а т а р :

Бөгенбай батыр даңғылынан Ақжайық көшесіне дейінгі Сарыарқа даңғылына;

Ш. Уәлиханов көшесінен Бөгенбай батыр даңғылы мен Н. Гастелло көшесінің қиылысындағы көлік айырымы бар өткерме жолға дейінгі Бөгенбай батыр даңғылына;

Угольная көшесі қиылысындағы көлік айырымдарының соңынан Солтүстік шоссе а /ж көлік айырымдарының соңына дейін Бөгенбай даңғылына;

Солтүстік шоссе а/ж қиылысындағы көлік айырымдарының соңынан сол жақ айналымдағы көлік айырымдарының басына дейін Бөгенбай даңғылына қайта жаңарту жұмыстары жүргізілетін болады.

2) Көлік айырымдарын, көпірлерді, өткерме жолдарды, жер асты өткелдерін салу

2010 жылы қалада 21 құрылыс салу көзделіп отыр, оның ішінде: 2 жаңа көпір (Н. Гастелло көшесінің бойымен Ақбұлақ өзені арқылы өтетін көпір, М-2, М-3); 2 өткерме жол (N 13 көшенің өнеркәсіп аймағына жалғасы аудандарындағы көлік айырымы бар, темір жол желісі арқылы, темір жол желісі арқылы Астана - Көкшетау жолына шығатын); әр түрлі деңгейдегі 9 көлік айырымы (Бөгенбай батыр даңғылы мен Н. Гастелло көшесінің қиылысында, Н. Гастелло көшесі мен N 12 көшенің қиылысындағы , Н. Гастелло көшесі мен N 19 көшенің қиылысында, А. Иманов және Л.Н. Гумилев көшелері ауданында, Абылай хан даңғылы - Училищная - Қ. Мұңайтпасов - М. Жұмабаев көшелерінің қиылысында, Кенесары және Гастелло көшелерінің қиылысында, Ш. Уәлиханов, А. Бараев және Н. Гастелло көшелерінің қиылысында, Қабанбай батыр даңғылы мен Қорғалжын тасжолының қиылысында (Шұбар кентіне кіреберістегі айналма айырым), Республика даңғылы мен А. Бараев көшесінің қиылысында (Рамстор сауда орталығы ауданы); 8 жаяу жүргіншілер өткелі (Абылай хан даңғылында - 3 өткел, N 12 көшеде - 3 өткел, Н. Гастелло көшесінің бойында - 2 өткел).

3) Қала ішіндегі жолаушылар көлігінің баламалы түрлерін енгізу және дамыту, қазіргі автобус және троллейбус парктерін жаңарту

Қаланың көлік жүйесіне жылдам жүретін көлікті енгізу басқа көлік түрлеріндегі жүктеме деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл үшін жылдам жүретін трамвайларға арналған бір рельсті жол салу қарастырылады. Жылдам жүретін көліктің басқа да түрлері дамытылуы мүмкін.

Жылдам жүретін көлік қозғалысы тұрғындарының саны көп оңтүстік-шығыс жоспарлы аудан мен жаңа орталық арасында қоғамдық көлікпен жылдам қатынасты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 2005 жылы қоғамдық көліктің баламалы түрлерін енгізудің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге конкурс өткізу жоспарланып отыр.

4) Автомобиль паркингі жүйесін дамыту

Қаладағы автомобиль көлігі санының ұлғаюы көп деңгейлі паркингтерді жер-жерлерде дамыту қажеттілігін растайды.

Қайта жаңартылатын және жаңадан игерілетін аумақтарда көп деңгейлі гараж-тұрақтардың құрылысы қарастырылған.

Астана қаласының көліктік схемасы шартты түрде 36 көлік ауданына бөлінген. Бағдарламада көлік аудандарының әрқайсысында тұратын адамдардың санына қарай, көлікті уақытша сақтауға арналған автомобиль тұрақтарын орналастыру қарастырылған. Кейбір аудандарда көп қабатты гараж-тұрақтар орналастырылады.

Көлік қоятын орындардың жеткіліксіз болу проблемасына байланысты Астана қаласының жеңіл автомобиль көліктерінің тұрақтары мен гараждарын орналастырудың схемасын әзірлеу қажет, қолданыстағы көлік тұратын орындардың пайдалану

параметрлерін зерттеу және тұрғындардың қажеттілігін болжау негізінде оларды дамыту үшін көлік тұратын орындарды орналастыру бойынша нақты ұсыныстар олардың инвестициялық тартымдылығын ескере отырып әзірленеді.

Аталған схеманы іске асыру:

тұрғын үй кешендері мен қоғамдық мақсаттағы объектілерді салуды жүзеге асыратын құрылысшылардың паркингтер салуға;

көп деңгейлі автомобиль паркингтерін салу үшін жер учаскелерінің мақсатқа сай бөлінуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

5) Автобус және троллейбус парктерін, қоғамдық көлік инфрақұрылымының объектілерін жаңалау

Қала мәртебесінің өзгеруі жеке автокөлік кәсіпорындарының жылжымалы құрамы жай-күйіне оң әсер етті. Жеке инвесторлар есебінен автобус паркінің елеулі түрде жаңартылуы жүзеге асырылуда.

Аталған мақсаттарға инвесторлардың қаражаттарын тарту мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық акт әзірленеді. Ол абаттандыру объектілерін салуға, жасауға және орнатуға жеке инвесторлардың қаражатын тартуға мүмкіндік береді.

6) Жол құрылысы үшін құрылыс материалдарының қазіргі заманғы өндірісін дамыту

Жол, көпір, жол желілерін құру және жөндеу кезінде құрылыстарды пайдалану мерзімін ұзартатын және энергия сыйымдылығы мен материал сыйымдылығын азайтуды қамтамасыз ететін жаңа жол-құрылыс материалдарын, құрылымдарын және технологияларын енгізуге ерекше назар аударылатын болады.

Жол-құрылыс материалдары сапасының артуы маңызды бағыт болып табылады. Қазіргі заманғы құрылыс материалдары өндірісінің дамуы толығымен жеке инвесторлардың қаражатынан жүзеге асырылады.

Құрылыс материалдары өндірісін дамытуды талап ететін негізгі бағыттар:

асфальт бетонды қоспаларды өндіру;

инертті материалдарды өндіру;

тастан жасалған бұйымдарды өндіру;

битумды эмульсияларды өндіру.

Астана қаласының көлік-коммуникациялық кешенін дамыту міндеттерін іске асыру үшін мынадай шаралар қажет:

жолаушылар көлігі көрсететін қызметтің қызмет көрсету мәдениеті мен сапасын арттыру;

қалалық бюджет және жеке инвестициялар есебінен жылжымалы құрамды жаңарту;

бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін қалалық жолаушылар көлігі жүйесін дамытуға арналған шығыстарды қаржыландырудың жаңа тетігін құру;

жолаушылар автокөлігі кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын
н ы ғ а й т у ;

жол-көлік инфрақұрылымын дамыту (көшенің көлік жүретін бөлігін кеңейту, аялдамалар мен жолаушылар көлігінің технологиялық тоқтап тұру орындарын абаттандыру, жер асты жаяу жүргіншілер өткелдерін салу және т.б.).

3. Сумен қамтамасыз ету және су бөлу

Сумен жабдықтау және су бөлу инфрақұрылымын дамытудың жай-күйі мен перспективасы қала үшін басым мәселелер болып табылады. Астана қаласының сумен жабдықтау және су бөлу инженерлік жүйелерінің тозуы және амортизациясы, жаңа тұрғын үй мен өндірістік объектілерді салу көлемдерінің өсуі, оның ішінде сол жағалауда өсуі, сумен жабдықтау және су бөлу қалалық желілерін кеңейту мен жаңартуды, олардың сенімділік деңгейін көтеруді, судың жаңа көздерін іздеуді талап
е т е д і .

Қойылған міндеттер Астана қаласын сумен жабдықтау және су бөлу жүйесін дамыту жөніндегі мынадай негізгі бағыттарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

ауыз суды дайындаудың жаңа технологияларын қолдана отырып, қайта жаңарту және қолданыстағы тазарту су құбырлары құрылыстарының қуатын арттыру және
ж а ң а р т у ;

жаңадан салынып жатқан аудандарда жаңа тазалау құрылыстары мен сорағы
с т а н ц и я л а р ы н с а л у ;

4) жаңа су ағызғыларын салу, қаланың барлық аудандарын ауыз сумен қамтамасыз ететін сумен жабдықтау жүйесін жасау;

қолданыстағыларын жаңарту кезінде тесу және созу әдісімен жаңа желілердің траншеясыз төсемдерін енгізу;

су құбыры және кәріздік сорғы станцияларын, кәріздік құрылыстарды салу, қайта жаңарту және жаңғырту;

абоненттердің және тұрғындардың суды тұтынуын толық өлшеп есепке алуды ұйымдастыру, ауыз су мен техникалық судың ұтымсыз пайдаланылуын азайту;

жер асты суларының жаңа қорларын барлау;

кәріздік коллектор салуды, кәріздік сорғы станцияларының электр жабдығын ауыстыруды қарастыратын су бөлу желілерін кеңейту;

ауыз суды дайындау және сарқынды суларды тазарту кезінде ең жаңа экологиялық таза технологияларды пайдалану (оның ішінде, кәріздік тазарту құрылыстарының тұнба алаңдары бар құрғақ шөгінділерді пайдаға асыру);

2006-2010 жылдары осы бағыттарға сәйкес мыналар бойынша іс-шаралардың тұтас
к е ш е н і ж о с п а р л а н у д а :

жалпы ұзақтығы 300 км су құбырын ауыстыру және жаңасын салу;

ауыз су сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін, жаңа сүзгілік материалдарды қолдану арқылы өнімділігі тәулігіне 200 мың текше метр қолданыстағы сорғы-сүзгілі

станциясын қайта жаңарту және жаңғырту;
басқарудың энергияны үнемдеу және автоматтандырылған жүйесін қолданып, 50 дана қолданыстағы су құбырлары және кәріздік сорғы станцияларын қайта жаңарту;
Астана қаласының сол жағалауы аумағындағы құрылысты су басудан, құрғаудан, топырақ суы деңгейінің төмендеуінен инженерлік қорғау;
Астана қаласын Есіл өзенінің сел суларының басуынан қорғауды қамтамасыз ету;
сол жағалауда жауын-шашын кәріз жүйесін дамыту - "Астана су арнасы" МКК өндірістік базасын салу;
жалпы ұзақтығы 277 км жаңа кәріздік желілерді және шыны пластика құбырларын жаңа технологияны қолдана отырып қайта жаңарту және салу;
шыны пластика құбырларын пайдалана отырып ұзындығы 4 км кәріздік коллектор салу;
су-күл шығару айналымы жүйесіндегі сарқынды суларды кейін пайдалану арқылы жауын-шашынның сарқынды суларын жинау жүйесін (кәріздік сорғы станциясы бар) салу сарқынды сулардың жинақтауышы Талдыкөлді қайта өңдеу жолымен жою;
Вячеслав су қоймасының су ағызғысын қайта жаңарту;
Нұра жерасты сулары кен орнын игеру.
Астана қаласында ауыз судың тапшылығын ескере отырып, су тұтынуды азайту және су ресурстарын қайтарымды пайдалануды кеңейту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу көзделді.
Нұра өзенінің аңғарын сынаптан тазарту, Ынтымақ су қоймасының суағарын қалпына келтіру жөніндегі жобаларды іске асыру көзделді. Нұра өзенінің арнасын тазалау нәтижесінде Астана қаласына су беру 78 млн. текше метрге өседі.

4. Телекоммуникациялар

Адам өмірінің көптеген саласына ақпараттық технологиялардың жедел енгенін ескере отырып, телекоммуникациялар кешені экономиканың неғұрлым серпінді дамып келе жатқан саласына айналды.

Бағдарламаның маңызды іс-шараларына астананы ақпараттандыру саласын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, инвестициялық және инновациялық жобалардың, геоақпараттық жүйелердің, ғылыми ақпараттық ресурстардың электрондық кітапханасының дерекқорының кешенін құру жатады.

Телекоммуникацияларды одан әрі дамыту үшін мынадай бағыттар басым болып табылады:

Астана қаласының мемлекеттік билік органдарының ресми серверін жетілдіру және серверде ұсынылған ақпаратты көкейтесті ету;
ақпараттық технологияларды дамытатын салалық мамандандырылған ұйымдардың бірігуі негізінде бірыңғай білім беретін ақпараттық ортаны қалыптастыруды

қ а м т а м а с ы з

е т у ;

желілердің инфрақұрылымын жаңғырту (оптикалық-талшықты желілер негізіндегі байланыстың цифрлық желісін жер-жерде енгізу).

Почта байланысы қызметі нарығын дамыту үшін мемлекеттік басқару органдары почта байланысының әмбебап қызметтерін реттеуде неғұрлым белсенді роль атқаруы т и і с .

Бұдан басқа, мынадай жаңа қызметтерді енгізу қажет:

Почта аударымдарының бірыңғай жүйесін электронды төлемдер жүйесіне дейін кеңейту (әмбебап төлеу жүйесі арқылы ұялы байланыс операторларынан, спутниктік теледидардың абоненттерінен және Интернет-қызмет провайдерлерінен және т.б. т ө л е м д е р д і қ а б ы л д а у) ;

Азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара тиімді іс-қимылды қамтамасыз ететін қызметтер (электронды салық декларацияларын беру, электронды дауыс беруге қатысу ж ә н е т . с . с .) ;

әуе және темір жол билеттерін, сондай-ақ футбол мен театрға билеттерді брондау және оларды алдын ала сатып алу, Интернетке шығу, телефон арқылы әлемнің кез келген жерімен байланысты орнату.

&5. Құрылыс 1. Азаматтық-өнеркәсіптік құрылыс

2010 жылға дейінгі кезеңде Астанада құрылыс индустриясын дамыту, машина жасау, тамақ және жеңіл өнеркәсіп салаларындағы объектілерді, инфрақұрылымдық объектілерді салу және қайта құру жөніндегі бірқатар инвестициялық жобалардың іске а с ы р у ы к ө з д е л г е н .

Астана қаласында азаматтық-өнеркәсіптік құрылысты дамыту бағыттарының бірі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 1305 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары және құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасының шеңберінде шикізат пен материалдарды қайта өңдеуді тереңдетуге және ішкі нарықты отандық бәсекелесуге қабілетті өнімдермен қанықтыруға бағдарланған құрылыс индустриясын құру болып табылады.

2. Тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй нарығы

Астананың дамуы елорда ретінде тек әкімшілік және іскерлік функцияларды ғана емес, сонымен бірге тұрғындар өмірінің жоғары деңгейі мен сапасына, оның өмір сүру жағдайларына қол жеткізуді жүзеге асыруды көздейді.

Бұл ретте, орта мерзімді перспективада соңғы бес жылда қалыптасқан, пайдалануға енгізілген үйлердің құрылымындағы мемлекеттік сектордың үлесінің азаюы үрдісінің ө з г е р у і о р ы н а л а д ы .

2008-2010 жылдары Астана қаласының тұрғын үй құрылысы бағдарламасын одан әрі іске асыру жоспарланады. Осыған байланысты, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына сәйкес қаланың ішкі және сыртқы көлік схемасының негізгі бағыттарымен келісілген, тығыз орналасқан көп қабатты құрылыстарды ығыстыру, тұрғын үй аймағы схемасының өзгеруі көзделді.

Астана қаласында тұрғын үй нарығын жандандыру үшін тұрғын үй секторында мемлекеттік реттеу тетігін құру, мәміледегі тәуекелді азайту, құрылыс кешенін арттыру және жылжымайтын мүлік құнының өсуі деңгейін тежеу үшін осы сектордағы монополияны жою, оның ішінде:

тұрғын үй құрылысын жеңілдікпен кредиттеу және мемлекет тарапынан кредит бойынша пайыздық ставканы өтеу жолымен азаматтардың өз қаражаттарын салуын экономикалық ынталандыру;

қалалық тұрғын үй ұйымын облигациялық қарыздарын ұйымдастыру есебінен тұрғын үй құрылысының эконом-сыныбына бюджеттен тыс инвестициялар тарту;

Жеке тұрғын үй құрылысын одан әрі дамыту үшін мынадай шараларды жүзеге асыру көзделуде:

тұрғын үй құрылысында халықтың әртүрлі жіктерінің төлем қабілеті мен сұраныстарына сай материалдарды, прогрессивтік технологияларды, қазіргі заманғы сәулет-құрылыс және қала құрылысы шешімдерін, өнімдер түрлері мен материалдардың дизайны бойынша, экологиялық таза, қазіргі заманғы түрлерін және түр-түрі мен номенклатурасы бойынша табысы аз азаматтарға арналған тұрғын үйлерге де, таңдаулы тұрғын үйлерге де қолдану;

магистральды инженерлік желілер, сондай-ақ құрылыс және коммуникациялары жоқ аумақтардан үйлердің құрылысына жер учаскелерін бөлу.

3. Қала құрылысы

Белгіленген міндеттерді шешу мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

қала құрылысының қазіргі заманға сай теориясына бағдарлану, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің дамуына қолдау жасау, қала құрылысы қызметінің ақпараттық-статистикалық базасын кеңейту;

мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету, білім беру, денсаулық сақтау, спорт және ойын-сауық объектілерінің желілерін қалыптастыру;

қаланың перспективалы көлік жүйесі мен инженерлік инфрақұрылымын қалыптастыру;

қаланың салынып жатқан аумағында қазіргі заман стандарттарына және тұрғындардың қауіпсіз жайлы, өмір сүру талаптарына сай қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін, қала салуға және қаланы реттеуге арналған құжаттарды әзірлеу;

қала ішінде және қала маңы аймағындағы экологиялық жүйенің тұрақты дамуына

жағдай жасау, қаланың ықпал аймағына енетін аумақты кешенді көгалдандыру мен
а б а т т а н д ы р у ғ а к ө ш у ;

қаланың сәулеттік, туристік, құрылыстық, инвестициялық және кәсіпкерлік
қызметтері үшін тартымдылығын қамтамасыз ету;

халықтың қалың қауымы үшін бағасы қол жетімді тұрғын үй салу;
бос аумақтарға құрылыс салуды кеңейтуден қаланы кешенді қайта құру
стратегиясына, сонымен қатар 50-80 жылдары салынған 3-5 қабатты тұрғын үйлерді
жаңғыртуға және пайдалану мерзімін ұзартуға көшу;

қала шегінде жеке құрылыс салу үшін жер бөлу ісін бақылауды күшейту;
қаланың тарихи даму кезінде қалыптасқан, сондай-ақ қазіргі заман талабына сай
қала құрылысы жоспарларының іске асырылуы нәтижесінде пайда болған Астана
қаласының өзіндік ерекшелігі мен жоспарлы құрылымын қолдау және дамыту;

қаланың сыртқы және ішкі қажеттілігін қанағаттандыратын оңтайлы
көліктік-қатынастық инфрақұрылымды қалыптастыру;

осы салада қызмет етіп жатқан барлық субъектілердің құқықтық қатынастарын
тәртіпке келтіру, заңнамалық және әдістемелік базаны, қала жерлерінің қала құрылысы
кадастрын дамытып, құқықтық аймақтандыру ережелері мен жоспары негізінде қала
жерлерін пайдаланудың кешендік реформасы.

Осы бағыттар шеңберінде мынадай іс-шараларды жүргізу жоспарланады:
қаланы бірінен бірі парктермен және саябақтармен бөлінетін биік қабатты
ғимараттардың, орта қабатты және коттедж үлгісіндегі ғимараттардың құрылысын
тығыздығы ауыспалы бірнеше аймаққа бөлу. Бұл қаланың орталық бөлігіне қарқынды
өсіп келе жатқан антропогендік жүктеменің азаюына, көлік ағынының ұтымды болуына
, тұрғындардың жол жүру уақытының қысқартылуына, қаланың іскерлік және тұрғын
аудандары болып бөлінуін еңсеруге әкеледі;

қаланың инфрақұрылымдық және әлеуметтік маңызы бар объектілерін - мектеп,
аурухана, балабақша, арзандатылған тұрғын үй салу мақсатында "Астана - жаңа қала"
АЭА-ның қолданылу мерзімін 2010 жылға дейін ұзарту;

қаланың жоспарлы құрылысына әлеуметтік маңызы бар объектілердің орналасу
схемасын әзірлеу (балабақшалар, мектептер және ауруханалар, кітапханалар, спорттық
ағандар, спорт залдары және кешендер), мәдени демалу және ойын-сауық объектілері (
кинотеатр, театр, дәмханалар, мейрамханалар және т.б.);

қаланың қолданыстағы бас жоспарына түзетулер енгізу, оны нақты жағдайлар мен
Астананың орта және ұзақ мерзімді перспективада дамуының қажеттіліктеріне сәйкес
к е л т і р у ;

бекітілген бас жоспарға сәйкес жаңа салалық схемалар, қала бөліктерінің жоспарлау
жобаларын және жеке кварталдар мен шағын аудандар салу жобаларын әзірлеу;

қаланың өнеркәсіптік аймағы аумағында перспективалы салалар мен жоғары
технологиялары бар кәсіпорындар және өндірістер салу әрі орналастыру

тұжырымдамасын әзірлеу; рекреация, туризм және отбасы демалыстарына арнайы орындар бөлумен қала маңындағы аймақтарды дамыту; үй жанындағы және кварталішілік аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру; қаланың экологиялық жүйесінің тұрақты дамуын сақтауды ескере отырып, астананың жоспарлы құрылымын қалыптастыру; қала бейнесін, оның имиджін және туризм үшін тартымдылығын анықтайтын бірегей сәулеттік объектілерді қалыптастыру және орналастыру;

қала құрылысының жобаларын әзірлеуге конкурс негізінде әлемдегі сәулет өнерінде ең үздік шеберлерді тарту;

қала құрылысын дамытудың нысаналы бағдарламаларын және қала құрылысын салу, көгалдандыру және абаттандыру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу;

бас жоспарда бекітілген және басқа да қала құрылысын реттеу құжаттарында, сондай-ақ астананың перспективалы дамытудың жағдайлары мен талаптары ескеріле отырып, әзірленген құқықтық актілерде, нормалар мен ережелерде белгіленген регламенттерге сәйкес қала аумағында жер учаскелерін бөлу және құрылыс салу;

қаланы су тасқынынан, су басудан және басқа да техногендік және табиғи сипаттағы дүлей зілзаладан қорғаудың тиімді жүйесін жасау;

қаланың сол жағалау бөлігінде қазақ мемлекетінің; ұлттық қоғамдық-мәдени және ғылыми-техникалық даму орталығының; Еуразия құрлығының қаржы, саяси және іскерлік орталықтарының бірі ретінде бейнелік мән болуға лайықты сәулет ансамбльдерін құру;

пайдалану мерзімін ұзарту, жайлылық және сәулеттік көрініс деңгейін арттыру мақсатында өткен ғасырдың 50-80 жылдарының тұрғын үйлерін қалпына келтіру және жаңғырту.

&6. Әлеуметтік даму

1. Демографиялық даму

Астана қаласы халқының саны 2010 жылы 668,0 мың адамды құрайды (22-суретті қараңыз).

22-сурет

2010 жылға дейінгі халық санының болжамы

Қағаз мәтіннен қараңыз

Елорданың тұрақты халқы санының одан әрі өсуі ұзақ мерзімді перспективада табиғи өсім және көбінесе механикалық өсудің есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте, оң көші-қон сальдосы оқып жатқан жастар мен еңбек көші-қонының ағыны есебінен қамтамасыз етіледі. 2006-2010 жылдардағы механикалық өсудің табиғи өсуден артуының үрдісі халық санының өсуіне едәуір әсерін тигізеді.

Астана қаласын 2010 жылға дейін демографиялық дамытудың басым бағыттары:

халықтың тұрмыс деңгейін, ұсынылатын қызметтердің сапасын, еңбек жағдайын және халықтың денсаулығын біртіндеп жақсарту есебінен халықтың өсуі үрдісін сақтау ;

ерте өлімді азайту, жарақат алудың және уланудың алдын алу, темекі тартуға, маскүнемдікке және нашақорлыққа қарсы күресу;

болашақта халық санының өсуі үшін халықтың барабар жастық-жыныстық құрылымын қалыптастыру үшін жастар мен еңбекке жарамды адамдарды белсенді т а р т у ;

салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі білім беру жүйесін құру;

бірнеше бала туу, оларды тәрбиелеу және асырау үшін қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдай жасау;

отбасының тәрбиелік әлеуетін көтеру, жетім балаларды, оның ішінде мүгедек балаларды отбасылық орналастырудың қол жетімді нысанын дамыту;

мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық- педагогикалық қолдауды дамыту жөніндегі қызметтерді жетілдіру болады.

Қалада алға қойылған міндеттерді орта мерзімді кезеңде шешу жөніндегі негізгі іс-шаралар мыналар болып табылады:

БАҚ-та салауатты өмір салтын, дене шынықтыру мен спортты белсенді насихаттау, үздік бағдарламаларға конкурс өткізу арқылы әлеуметтік-маңызды аурулардың алдын а л у ;

салауатты өмір салтын қалыптастырудың жалпыға міндетті білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оны білім беру жүйесі арқылы іске асыру;

еңбек жағдайын тексеру, бағалау және бақылау институтын қалыптастыру жұмыс берушінің жауапкершілігін арттыру;

қан айналымы аурулары жүйесін, жаңа ісіктер мен жұқпалы ауруларды барабар емдеу үшін амбулаторлық-емханалық мекемелерде алдын ала анықтау және д и с п а н с е р л е у ;

жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыру, балаларды асырау мен тәрбиелеуді қоса алғанда, еңбек қызметіне қолайлы жағдай жасайтын және отбасылық міндеттерді орындауды үйлестіруге қолайлы жағдайлар жасайтын әлеуметтік жағдайлар пакетін кәсіпорындар мен ұйымдарда құру;

еңбек мигранттарын тарту, оларды құқықтық қамтамасыз ету, оралмандардың тұрмысын жақсарту саласындағы заңнаманы жетілдіру.

2. Халықтың тұрмыс деңгейі

2006-2010 жылдар кезеңінде астана тұрғындары тұрмыс деңгейін көтеру ұсынылатын қызметтердің сапасын, атаулығын арттыруға, халықтың жиынтық табысының, халықтың жинағының нақты өсіміне және оларды халықтың

өзінің-қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында одан әрі пайдалануға; жергілікті халықты белсенді тарту (қайта оқыту) есебінен кәсіби-біліктілік бөлінісінде жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс үйлесімділігін жасауға бағдарланады.

Халықтың жан басына шаққанда орташа айлық кірістерінің деңгейі 2005 жылмен (2004 жылдың бағасымен) салыстырғанда 2010 жылы 1,5 есеге өседі (23-суретті қараңыз).

23-сурет

2010 жылға дейінгі халықтың жан басына шаққанда орташа айлық кірістері деңгейінің болжамы (2004 жылғы бағамен)

Қағаз мәтіннен қараңыз

Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін Қаладағы әлеуметтік саясат және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі үйлестіру кеңесін құру қарастырылады, онда ғылымның, сәтті дамып жатқан кәсіпорындардың, жергілікті кәсіпкерлердің өкілдері, қ а л а ж ұ р т ш ы л ы ғ ы қ а т ы с а д ы .

Қызмет көрсету саласында жұмыс орындарының санын ұлғайту, жастар кәсіпкерлігін дамыту, олардың базасында жұмыс істеп жүрген жастардың санын к ө б е й т у қ а р а с т ы р ы л а д ы .

Б а с ы м б а ғ ы т т а р :

қаланың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне сәйкес халықтың нақты ақшалай кірістері деңгейінің және еңбекақы төлемі деңгейінің барабар артуы;

халықтың тұрмыс сапасының жекелеген құрамдас бөліктерін арттыру (халықтың үлесінде жоғары білімі бар және жастардың жалпы санының ішіндегі студенттердің үлес салмағының өсуі; экономикалық белсенді халықтың ішінде жұмыссыздар деңгейін , қ ы л м ы с т а р д ы ж әне т . б . т ө м е н д е т у) ;

халықтың тұрғын-үймен, тұрғын-үй-коммуналдық және әлеуметтік қызметтермен (оның ішінде, тұрғын үй алаңы, телефон байланысы, білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау ұйымдары және т.б.) қамтамасыз етілуінің артуы болып табылады.

Жұмыспен қамту саясатын белсенді жүргізу мақсатындағы бағыттар: жаңа жұмыс орындарын ашу және қазіргі жұмыс орындарын сақтауды қарастыратын инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы жұмыспен қамтуды қ о л д а у ;

ірі кәсіпорындарда кадрларды даярлау және қайта даярлаудың ішкі өндірістік жүйесін қалпына келтіруге бағытталған шараларды жүзеге асыру;

жұмыс берушілермен тығыз байланысы бар оқу орындарының желілерін қалыптастыру, бұл қайта даярлау курстарын өткеннен кейін көптеген жұмыссыздарды нақты кәсіпорындар мен ұйымдарға жұмысқа орналастыруға мүмкіндік береді; ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жүйесін дамыту және жетілдіру;

халықтың нысаналы топтарына жататын адамдарға әлеуметтік жұмыс орындарын құру жөніндегі жұмысты жетілдіру;

еңбек нарығында талап етілетін білікті мамандардың болуын, жаңа жұмыс орындарын құру перспективасын және жергілікті кадрлардың кәсіби өсуін қамтамасыз етуді негізге ала отырып, шетелдік жұмыс күшін пайдаланудың орындылығын айқындау жолымен ішкі еңбек нарығын қорғауды жүзеге асыру;

жұмыспен қамту өкілдіктерінің қызметін және "Алматы" және "Сарыарқа" аудандарының әлеуметтік бағдарламаларын қамтамасыз ету;

коммерциялық емес секторды дамытудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеу.

Жоғарыда аталған бағыттардың шеңберінде 2006 -2010 жылдар кезеңінде мынадай іс-шараларды іске асыру қажет:

Астана қаласының басым бағыттары мен қызмет салалары үшін кәсіби-білікті кадрларды даярлау және қайта даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс беру жүйесінің мониторингі;

өндірістік жаракат алуды қысқарту жөніндегі алдын алу шараларын қаржыландыру туралы ережені әзірлеу және қабылдау;

Әлеуметтік менеджмент пен қызмет көрсету орталығын ұйымдастыру.

3. Әлеуметтік қамсыздандыру

Әлеуметтік қамсыздандырудағы басым бағыттар мыналар болып табылады:

халықтың әлеуметтік осал жіктерінің жағдайының одан әрі нашарлауын болдырмайтын шаралар қабылдау - жалғыздікті егде азаматтардың проблемаларын шешу;

аз қамтылған отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсету;

әлеуметтік көмектің қол жетімділігін қамтамасыз етуге және мүгедектердің тұратын жерлеріне әлеуметтік қызметтерді жақындатуға, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге оңалту мекемелері мен мүгедектерді жұмысқа орналастыру желілерін дамытуға бағытталған шараларды әзірлеу және іске асыру;

өңірдегі кедейшілік мониторингі үлгісін жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеу және іске асыру, ол уақтылы әлеуметтік көмек көрсету мен қажетті қызмет көрсету саласындағы проблемаларды толық көлемде анықтауға мүмкіндік берер еді;

кедейлік шегінен төмен деңгейде өмір сүріп жатқан адамдар санын азайту;

мүмкіндіктері шектеулі балаларды медициналық-педагогикалық қолдау және әлеуметтік дамыту жөніндегі қызметті жетілдіру;

халықтың әлеуметтік осал санаттарын әлеуметтік қорғауды кеңінен қамтуға бағытталған іс-шаралар мен бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі, сондай-ақ азаматтардың жекелеген санаттарына, оның ішінде Ұлы Отан соғысына

қатысушыларға, тыл еңбеккерлеріне, мүмкіндігі шектеулі балаларға, жетім балаларға, жалғыздікті қартайған азаматтарға, көп балалы аналарға және т.б. әлеуметтік және кепілдендірілген көмек көрсетуге бағытталған жаңа бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды одан әрі жүргізу;

2005-2007 жылдарға арналған халықты жұмыспен қамтудың өңірлік бағдарламасын әзірлеу ;

әлеуметтік қызметкерлердің ролін көтеру, олардың еңбегін ынталандыру.

Осыған байланысты, әлеуметтік қамсыздандыру жөнінде мынадай іс-шаралар кешенін орындау қажет :

әлеуметтік қызметкерлерді және жұртшылық өкілдерін қатыстыра отырып қаланың әлеуметтік картасын тиімді басқару және қалыптастырудың жалпы қалалық жүйесін құру ;

әлеуметтік қызметкерлердің ролін арттыру, олардың жалақыларын көтеру және еңбегін ынталандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

аз қамтылған мүгедектер мен зейнеткерлерді қолдауға арналған жалпы қалалық іс-шаралар өткізу үшін азаматтарды, мемлекеттік, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдарды тарту ;

тұл жетімдердің, бала кезінен мүгедек және көп балалы отбасылар, жетімдер үйі балаларының арасынан қаланың жалпы білім беретін мектептерінің бітірушілерін ЖОО-да оқыту үшін әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды жалғастыру; ардагерлер, мүгедектер мен қарттар үшін үй-интернат, мүгедектерді медициналық оналту үшін оналту орталығын салу.

4. Денсаулық сақтау

2006-2010 жылдары Астана қаласының халқына медициналық қызмет көрсетуді жақсарту саласындағы басым бағыттар:

ана мен баланың денсаулығын нығайту;

бастапқы медициналық-санитарлық көмек қызметін реформалау және дамыту (Б М С К) ;

санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету;

қала халқына, бірінші кезекте әлеуметтік маңызы бар аурулармен ауыратын адамдарға, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдікті көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызмет сапасын көтеру;

дәрілік заттар айналымы саласын мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру;

салауатты өмір салтын қалыптастыру және аурулардың алдын алу;

халықтың денсаулығын қорғауға сектораралық көзқарас;

кадрлық қамтамасыз ету ;

денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастыру;

денсаулық сақтау жүйесін басқаруды жетілдіру.

Денсаулық сақтауды дамыту жөніндегі бағдарламаның аталған бағыттарын іске асыру үшін 2005-2007 жылдарға арналған денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларына сәйкес мынадай іс-шараларды іске асыру қажет:

Ана мен баланың денсаулығын қорғау саласында:

балалар мен тууға көмек көрсету ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту, оларды дәрімен қамтамасыз етуді қажет деңгейге дейін жеткізу;

жыл сайынғы медициналық қарау жүргізу, балаларды және бала туу жасындағы әйелдерді диспансерлеу және сауықтыру;

отбасын жоспарлау бағдарламаларын, балалар ауруларын біріктіріп жүргізуді, иммундеудің, жұқпалы ауруларды бақылаудың қауіпсіздігі практикасын, туа біткен даму кемістіктерінің, емшекпен қоректендіру практикасын қорғаудың, қолдаудың және жәрдемдесудің мониторингін іске асыру;

медициналық-генетикалық қызметті одан әрі дамыту, туа біткен және тұқым қуалайтын ауруларды диагностикалау және алдын алу әдістерін енгізу;

салауатты өмір салтын насихаттау және гигиеналық білімнің қажетті деңгейіне қол жеткізу мақсатында халықпен ақпараттық жұмысты кеңейту;

жүкті әйелдердің қауіпті топтары мен бір жастағы балаларға диеталық тамақтану орталықтарын ашу;

халықтың ағымдағы санағы, тіркелмеген халықты белсенді анықтау, қаланың үйлерін нөмірлеуді және көшелерді белгілеуді реттеу, экологиялық мониторинг мәселелерінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды жақсарту.

БМСК қызметін дамыту саласында:

терапевтік, педиатрлық учаскелерді нормативтерге сәйкес кішірейту; амбулаторлық-емханалық кешендердің құрамында ересектерге арналған төрт емхана салу;

жедел медициналық көмекті жарақтандыру және дамыту;

БМСК деңгейіндегі медициналық қызметтің сапасын көтеру жүйесін енгізу; ауруларды дәрімен қамтамасыз ететін стационарды алмастырушы технологияларды одан әрі дамыту;

медициналық персоналдың біліктілігін көтеру;

медициналық қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту, басқа қалалардан жоғары білікті мамандарды тарту, оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық саласында:

материалдық-техникалық базаны нығайту, аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармаларын ұйымдастыру, оларды қазіргі заманғы зертханалық жабдықтармен жарақтандыру;

балалар мен жасөспірімдерді толық қамтитын егулердің ұлттық күнтізбесіне кірмеген жұқпалы ауруларға қарсы халыққа вакцинация жүргізуге арналған қаражат

к ө л е м і н

ұ л ғ а й т у .

Бірінші кезекте әлеуметтік маңызы бар аурулармен ауыратындарға медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттыру саласында:

Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен диагностика мен емдеудің клиникалық х а т т а м а л а р ы н е н г і з у ;

кері байланыс пен денсаулық сақтау жүйесінің азаматтардың үмітіне деген ы қ ы л а с ы н бағалау тетіктерін дамыту;

туберкулез, нашақорлық ауытқулар, жыныстық қатынаспен берілетін жұқпалы аурулардың және басқа да әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу және одан әрі азайту мәселелері бойынша мүдделі ведомстволармен белсенді өзара іс-қимыл жасау;

медициналық ұйымдарды материалдық-техникалық базасын нығайту;

360 орынға арналған көп бейінді стационар салу;

қалалық онкологиялық диспансердің корпусын салу және қайта жаңарту;

қалалық жұқпалы аурулар ауруханасының корпусын салу және қайта жаңарту;

медициналық қызмет сапасының ауруханаішілік сараптамасының тетіктерін енгізу.

Медициналық ұйымдарды кадрлық қамтамасыз ету саласында:

Ақмола медициналық колледжіне және Қазақ мемлекеттік медициналық академиясының Орта медициналық қызметкерлерді даярлау факультетіне орта медициналық қызметкерлерді оқытуға мемлекеттік тапсырысты арттыру;

қаланың денсаулық сақтау ұйымдары үшін медициналық қызмет көрсету сапасының менеджменті саласында мамандарды даярлау;

жергілікті бюджеттен медициналық кадрлардың біліктілігін көтеруге және қайту д а я р л а у ғ а қ а р а ж а т б ө л у ;

бірінші кезекте жас мамандарға коммуналдық тұрғын үйлер бөлу және жеңілдікті негізде и п о т е к а л ы қ к р е д и т б е р у .

Бұдан басқа, 2006-2010 жылдары мынадай денсаулық сақтау объектілерінің құрылысын жүзеге асыру жоспарлануда:

әрқайсысы 500 адам келуге арналған 3 амбулаторлық-емханалық кешен;

ауысымда 250 орынға арналған 150 кереуеттік әйелдер консультациясы бар 1 п е р и н а т а л ь д ы қ о р т а л ы қ ;

250 орындық әйелдер кеңесі;

қ а н қ ұ ю о р т а л ы ғ ы ;

250 орындық балалардың жұқпалы аурулар ауруханасы;

қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы;

ауысымына 250 орындық консультациялық-диагностикалық емханасы бар 350 орындық көп бейінді балалар қалалық ауруханасы;

с т у д е н т т е р е м х а н а с ы ;

медицина қызметкерлеріне шағын отбасылық үлгідегі 3 жатақхана;

медициналық колледждің оқу корпусының құрылысы;

360 орындық көп бейінді стационар;
салынып жатқан көп бейінді стационар құрамындағы крематорийі бар
патологиялық-анатомиялық бюро;
100 орындық хоспис.

5. Білім беру

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес 2006-2010 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың басымды бағыттары өзінің алған білімін қазіргі дүниеде еркін іске асыруға қабілетті тұлға қалыптастыру үшін жалпы білімнің сапасын көтеру жөніндегі кешенді шараларды әзірлеу және іске асыру.

Қалада жана мектептер салу оқушы орнының тапшылығы проблемасын шешуге, 3-4 ауысымдық сабақ жүргізуді жоюға, қазіргі заманғы үлгі мектеп ғимараттарын енгізуге, бірнеше бағыт бойынша соңғы сатыдағы балаларды бейіндік оқытуды дамытуға бағытталуы тиіс.

Білім беру жүйесінің басым бағыты ата-аналардың мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту саласында білім беру қызметіне сұранысын қанағаттандыру болып табылады.

Осы бағытты іске асыру үшін "Балаларға мектепке дейінгі білім беру-мектеп-колледж-жоғары оқу орыны" буындары шеңберінде "Білім берудің жаңа технологиялары" бағдарламасын әзірлеу әрі енгізу және білім берудің бейінді бағыттарына көшу қажет.

Астана халқы санының өсуін ескере отырып, 2006-2010 жылдар кезеңінде халықты білім беру қызметімен одан әрі қамтамасыз ету үшін Астана қаласында мынадай объектілерді іске қосу қажет:

7800 орындық 8 жалпы білім беру мектептері және 600 орындық мектепке 1 жапсарлас құрылыс;

375 орындық түзету мектеп-интернаты, 300 орындық мамандандырылған мектеп-интернаты;

құрылыс пен байланыс салаларындағы мамандарды даярлау үшін әр қайсысы 800 орындық 2 кәсіби мектеп;

800 орындық аграрлық-құрылыс саласындағы колледж;
жалпы білім беретін кәсіби оқу орталығының ғимаратына жапсарлас құрылыс (спорт залы, шеберхана);

6 мектепке дейінгі ұйым;

280 орынға арналған санаториялық балалар бақшасы;
балалар үйі үшін 4 тұрғын үй корпусы.

6. Мәдениет және спорт

Қаланың 2006-2010 жылдарға арналған мәдени саясатындағы басым бағыттар: мәдениет және спорт объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайту; кәсіби көркем шығармашылықты және жас таланттарды, спорттық секцияларды қолдау;

халық шығармашылығын ынталандыру және мәдени-демалыс қызметтерін дамыту;

тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау;

отбасылық демалыс саласын қалыптастыру болып табылады.

Оларды 2006-2010 жылдарда іске асыру үшін мынадай объектілерді салу көзделуде:

Салт-дәстүрлер сарайы;

Астана қаласындағы теннис корты;

Коньки тебу стадионы;

3500 орындық әмбебап кино-концерт залы;

Қоянды өзеніндегі су қоймасында қала тұрғындары үшін қысқа мерзімді демалыс аймағы.

Өткен кезеңде басталған объектілердің құрылысын аяқтау қажет: Бейбітшілік және келісім сарайы; стадион; велотрек.

&7. Сауда және қызмет көрсету

Тұтынушылық нарықтың перспективалық дамуының белгіленген мақсаттары мен міндеттері мынадай негізгі бағыттарды орта мерзімді перспективада бас көрсетуге мүмкіндік береді:

Құқықтық реттеу саласында:

тұтынушылық нарықтың рұқсат беру практикасын оңайлату және оңтайландыру бөлігінде нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

Азық-түлікпен жабдықтауды қамтамасыз ету саласында:

қаланың азық-түлік қорын құрайтын жергілікті көлемін арттыру;

азық-түлік қорын қалыптастыруға және қызмет көрсетуге арналған шығыстарды қаржыландыру жүйесін жетілдіру;

Астана қаласының маңында осы аймаққа кіретін облыстың фермерлік шаруашылықтарын және қаланың тамақ өнеркәсібіндегі қайта өңдеуші кәсіпорындарын бірыңғай технологиялық тізбекке біріктіретін азық-түлік белдеуін құру (ет, сүт және т.б.);

Қоғамдық тамақтандыру саласында:

қоғамдық тамақтандыру жүйесін жетілдіру;

қоғамдық тамақтандыру желісінің және тұрмыстық қызмет көрсету

кәсіпорындарының әлеуметтік бағытталуын күшейту.

Бөлшек сауда саласында:

сауда кәсіпорындарының сапалық құрамын ірі қазіргі заманғы сауда объектілерінің өсуі және олардың аумақтық сұраныстарға сәйкес нарықтағы үлесін арттыру есебінен жақсарту;

тауар жылжыту арналарын жетілдіру, желілік компаниялардың, дүкен-қоймалардың қазіргі заманғы тарату орталықтарын құру; тауар жылжытуда қазіргі заманғы логистиканы белсенді пайдалану;

бағаның өсуін тежеу және нарықтың жекелеген сегменттерін монополизациялауды болдырмау факторы ретінде тиімді бәсекелестік орта құру;

шағын бөлшек сауда желісін тәртіпке келтіру, рұқсат етілмеген сауданы жою;

сауда объектілерін әлеуметтік бағдарлау, тұтыну нарығы саласындағы астананың әлеуметтік саясатын іске асырудағы сауда құрылымдарының ролін жандандыру.

Көтерме сауда саласында:

көтерме сауда қызметін жүзеге асыратын құрылымдардың қажетті нарықтық әркелкілігіне қол жеткізу: көтерме сауда базарлары, түрлі үлгідегі желілік және аумақтық (аймақтық) тарату орталықтары, дүкен-қоймалар және т.б.;

қаланың көтерме саудасына отандық, ең алдымен, жергілікті тауар өндірушілерді қолдау тетіктерін іске қосу.

Тұрмыстық қызмет көрсету саласында:

қала халқы үшін тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының қызметіне бағалық және аумақтық қол жетімділікті қамтамасыз ету;

қызмет көрсету деңгейін және ұсынылатын қызметтер сапасын көтеру.

Барлық салаларға қолданғанда:

сауда және қызмет көрсету саласындағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту әрі белсенді пайдалану;

сертификаттаудың ерікті жүйелерін одан әрі дамыту;

сауда, қоғамдық тамақтандыру және тұрмыстық қызмет көрсету объектілерінде қызметтерді ұсынған кезде табиғатты қорғау іс-шаралары, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру;

жұмыспен қамту мәселелерін шешу, тұтыну нарығы мен қызметтер саласы үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру, қазіргі заманғы оқыту үдерістерін енгізу;

қаланың тұтыну нарығын дамыту үдерісіне ғылыми-техникалық саланы жүйелі біріктіру.

Осы бағыттар шеңберінде тұтыну нарығы мен қызмет көрсету саласындағы орта мерзімді саясатты іске асыру жөніндегі шаралар кешенін жүргізу қажет:

қала аудандарында тұрғындар сұранысының бөлінісін барабар көрсететін сауда желісі мен сервистік инфрақұрылымды орналастырудың оңтайлы схемасын әзірлеу;

қазіргі заманғы ірі сауда объектілерін салу жөніндегі жобаларды іске асыру; сауда қызметін реттеу, қаланың эстетикалық келбетін жақсарту және қалалық автомобиль жолдарының жүктемесі артуы проблемасын қатар шешу мақсатында 2 және 3 санаттарға жатқызылған, яғни құрамдастырылған және қала шегінен тыс орналасқан аумақтарда толық ашылған (ашық және жабық сауда алаңы) базарларды салу және ашу орынды;

көтерме жәрмеңкелер, көрме-жәрмеңкелер, аукциондар ұйымдастыру және өткізу, көрші өңірлер мен Достастық елдерінің нарығына жергілікті өндірушілердің өнімдерін жылжытудың пәрменді құралы ретінде тауарлық биржалар, маусымдық палаталарды дамыту;

Астана қаласының маңындағы аймақта күзгі көкөністерді салатын және көшет жылыжайлары үшін қазіргі көкөністерді сақтайтын құрылыс орнын салу: сыйымдылығы 30 мың тонна картоп пен жемістерді орташа жылдық есеппен сақтайтын картопты-жемісті қойма, сыйымдылығы 20 мың тонна жеміс-жидектерді орташа жылдық есеппен сақтайтын мұздатқышы бар жеміс-жидекті қойма, сыйымдылығы 30 мың тонна ұзақ сақтауға ет пен ет өнімдері және басқа азық-түліктерді орташа жылдық есеппен сақтайтын тарату орталықтары бар тоңазытқыштар;

жергілікті, отандық өндірістегі азық-түлік тауарларын сату жөніндегі арнайы фирмалық дүкендерді ашу;

Астана қаласының қазіргі қайта өңдейтін кәсіпорындары, шикізат кәсіпорындары-жеткізушілері, инвестициялық компаниялары мен көтерме сауда ұйымдары базасында біріктірілген құралымдар-кластерлер (бидай, ет-сүт, жеміс-көкөніс) құру;

әлеуметтік-экономикалық, нормативтік-құқықтық және ақпараттық-маркетингтік мазмұндағы дерекқорының жиынтығымен, республика ішінде және одан тыс жерлерде тауарлық биржасы, азық-түліктік жәрмеңкелері, агроөнеркәсіптік кәсіпорындарымен он-лайн байланысы мүмкіндіктерін пайдаланып, интернет-сайт базасында Астана қаласының тұтыну нарығы мен қызмет көрсетуінің ақпараттық ресурсын құру.

Орта мерзімді перспективада ақылы қызметтерге шығыстардың өсуімен озыңқы серпін күтілуде. Өз кезегінде, көрсетілген қызметтердің жалпы көлемінде зор үлесін, атап айтқанда 90-93 %, бұрынғыдай қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының қызметі құрайтын болады.

&8. Экологиялық саясат

Экологиялық саясатты іске асыру мынадай бағыттарда жүзеге асырылатын болады:

атмосфералық ауаны қорғау;
су ресурстарын қорғау;
өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару;

көгалдандыру құрылысын дамыту;
қоршаған ортаны қорғауды дамытуды қамтамасыз ету.

1. Атмосфералық ауаны қорғау

Астана қаласының аумағында атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі негізгі іс-шаралар ластайтын жылжымалы және стационарлық көздерден ластайтын заттар қалдықтарын азайтуға және атмосфералық ауаны мониторингілеу жүйесін дамытуға бағытталуы тиіс.

Ескірген жану құрылғылары мен жылу электр орталықтарының күл ұстағышын жаңарту және ауыстыру жолымен ластаудың стационарлы көздерінен атмосфераға келетін қалдықтарды азайту.

2. Су ресурстарын қорғау

Негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

1. Су ресурстарын есепке алу және бақылау:

Астана қаласының жер бетіндегі су қоймаларының гидрохимиялық мониторингін жүргізу;

жауын-шашын ағындарын есепке алу жүйесін дамыту;
су деңгейінің автоматтандырылған мониторингін енгізу.

2. Су ресурстарының сапасын және үнемделуін қамтамасыз ету:

судың сапасын жақсарту мақсатында су жүргізу және суды дайындау жүйелерін жетілдіру;

су тұтынуын үнемдеу режимін енгізу арқылы су ресурстарының жетіспеушілігін қысқарту;

қазіргі заманғы тиімді технологияларды қолдану арқылы кәсіпорындар, ұйымдар және басқа да шаруашылық объектілерінің аумақтарынан жер бетіне жиналған судан тазалайтын тазалау объектілерін салу. Су объектілеріне және қалалық су жинақтау желісіне ластанған өндіріс суларының құйылуын жою;

айналымды сумен жабдықтау объектілерін салу;
ағын суды жинау жүйесін салу.

3. Сарқынды суларды басқару:

Талдықөл сарқынды сулар жинақтауышын жою және өңдеу.

Жауын-шашын кәріз жүйесін дамытуды "Астана қаласында 2010 жылға дейін жауын-шашын кәріз жүйесін дамыту" бағдарламасына сәйкес жүргізу.

4. Астана қаласының сол жақ жағалауындағы жерасты суларының деңгейін төмендетуге арналған іс-шаралар кешенін - іс-шараларды "инженерлік қорғау, қашыртқы, жер асты суларының деңгейін төмендету арқылы су басудан қорғау" жобасына сәйкес жүзеге асыру.

5. Қалалық демалыс аймақтары ретінде су қоймаларының қызметін, қала

ландшафтының элементтерін дамыту.
Есіл өзенінің арнасын қайта жаңарту.

Сарыбұлақ бұлағын тазалау және абаттандыру.

3. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға кері әсерін төмендетуге және оларды жер астына жасыруға ғана емес, сондай-ақ өңдеуге арналған өндіріс және тұтыну қалдықтарын бақылаудың тиімді жүйесін жасау қажет.

"Жетілдіру мен қатты тұрмыс қалдықтарын жою және Астана қаласының экологиялық ахуалын жақсарту" жобасын аяқтау қатты тұрмыс қалдықтары (ҚТҚ) полигонын абаттандыру, ҚТҚ-ның жаңа полигонын іске қосуды көздейді. Бұл ҚТҚ-ның қоршаған ортаға кері әсер етуін қысқартады. Ол үшін Астана қаласы бюджеті қаржысынан қарызды жартылай төлеу механизмін жасау қажеттігі туындайды.

Сонымен бірге жаңа полигонның қалдықтарды жер астына жасыру қызметі сақталады, ал оларды толық бақылау үшін өңдеу қажет. Қалалық орталықтандырылған қайталама шикізатты жинау және өңдеу жүйесін жасау қажет. Ол:

қайталама шикізаттың стационарлық және қозғалмалы желісі;
қалдықтарды және қайталама шикізатты жекелеп жинау жүйесі;
өндіріс және тұтыну қалдықтарын сұрыптау, өңдеу және қолдану жүйесін жасау. Ол ҚТҚ-ның барлық ағындары өтетін өнеркәсіптің құрылуын көздейді, онда олардан қайталама шикізат өндіріледі, ал жер астына жасырылатын қалдықтар полигонға ж і б е р і л е д і .

Аталған жобаның іске асырылуы мына жетістіктерге жетуді көздейді:

ҚТҚ-ның қоршаған ортаға кері әсерін төмендету;
полигонды қолдану мерзімін созу; ҚТҚ-ны тасу және орналастыру құнын т ө м е н д е т у ;

қайталама шикізатты одан әрі қолдану мүмкіндігі.

Қала тұрғындары санының артуы мен оның әкімшілік шекараларының ұлғаюы, жаңа орталықтың салынуы, Астана қаласының Сол жағалауының жедел түрде салынуы және дамуы себепті Сол жағалау ауданының тіршілігін қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізетін мамандандырылған техникаларға арналған өндіріс базасын салу қажет.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарына бақылау жүргізу жүйесін дамыту үшін мына і с - ш а р а л а р д ы жүзеге асыру қажет:

1. Қалдықтар ағынын бақылау, тіркеу және басқарудың автоматтандырылған жүйесін, сонымен қатар ҚТҚ-ны жекелеп тапсыру жүйесін енгізу.

2. Қ а л д ы қ т а р д ы ө н д е у :
қ о қ ы с ө н д е у з а у ы т ы н с а л у ;
күл-қоқыс қалдықтарын қолданысқа енгізуге қажетті силикат кірпіш шығаратын з а у ы т с а л у ;

2-ЖЭО күл шығару құралын қолдану арқылы су ұстайтын пенобетонды блоктар

ботаникалық бақтар салу;
кварталішілік аумақтарды кешенді абаттандыру және көгалдандыру, жасыл желектерді ескере отырып, жаңа объектілер жоспарлау және салу;
қаланың негізгі көліктік магистральдарының айналасына қала маңындағы ландшафты отырғызғылар құру;

Астана қаласының жасыл белбеуін дамыту, ұзақ мерзімді жасыл отырғызғылар отырғызу;

Сол жақ жағалаудың жасыл отырғызғыларын ағымды ұстау үшін сол жағалаудан өндірістік база салу;

жасыл белбеу аумағында құнарландыру аймағын құру.

4. Жасыл желектерді ұстау:

жасыл объектілерді күту және қорғау;

көгалдандыруды қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық іс-шаралар.

5. Астана қаласын көгалдандырудағы жеке инвестицияларды қолдау және дамытуға арналған іс-шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру.

5. Қоршаған ортаны қорғауды дамытуды қамтамасыз ету

1. Табиғатты пайдалануды экономикалық ынталандыру жүйесін жетілдіру.

Астана қаласында қоршаған ортаны ластағаны үшін алынатын төлемдерден және табиғатты қорғау заңнамаларын бұзғаны үшін салынатын айыппұлдан түсетін қаражаттар көбейгені, сондай-ақ осы қаражаттардан абсолютті түрдегі табиғат қорғау іс-шараларын жүргізуге арналған сомалардың көбейгені байқалады. Бірақ, айтарлықтай ешнәрсе тоқтатылған жоқ. Осыған байланысты экологиялық іс-шараларға бағытталған қоршаған ортаны ластаудан түсетін төлемдердің үлестерін көтеру талап етіледі.

Оңтайлы табиғат пайдалануға зиянды заттарды тастауды төмендетуге бағытталған табиғатты пайдалануды экономикалық ынталандыру жүйесін жетілдіру және энергиямен жабдықтауға шаралар қолдану қажет.

2. Экологиялық тәрбиелеу және білім беру:

экология саласындағы кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру;

экологиялық білімді мемлекеттік қолдау;

бұқаралық ақпарат құралдары, оған қоса экологиялық телехабарларды трансляциялау арқылы Астана қаласының тұрғындары арасында экологиялық білімді тарату, арнайы экологиялық газет шығару, Интернет желісінде экологиялық веб-сайтпен жұмыс істеу;

экологиялық сананы қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-имидждік саясатты жүргізу, табиғатты ұтымды қолдануды ынталандыру, қоршаған ортаның ластануын азайту және табиғатты қорғау іс-шараларын өткізу.

&9. Қалалық қызмет көрсету саласы

Қалалық қызметтерді оңтайландыру

Негізгі бағыттар Астана қаласындағы тұрғындар мен заңды тұлғалармен көрсетілетін қалалық қызметтерді оңтайландыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Осы мақсаттарда мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қажет:
азаматтарды тіркеу және құжаттау тәртіптемелерін жетілдіру;
жаңа тіркеу және құжаттау бекеттерін құру;
салық төлеушілерге қызмет көрсету үшін ақпараттарды қабылдау және өңдеудің
жаңа орталықтарын құру .

Жекелеген қызмет түрлерін жетілдіруден басқа осы қызметтерді жүйелі негізге ауыстыру қажет, ол үшін қалалық қызметтерді оңтайландырудың арнайы бағдарламасын әзірлеу керек. Ол былай мазмұндалады:

қалалық қызметтерді ұсыну тәртіптемелерін талдау;
қызметтерді ұсыну мерзімдерін ұзартуға және сапасын төмендетуге әсер ететін "
ә л с і з ж е р л е р д і " а н ы қ т а у ;
қалалық қызметтерді ұсыну стандарттарын енгізу;
қалалық қызметтер стандарттарын енгізу және олардың сақталуын бақылау.

Аталған бағдарламаның маңызды іс-шараларының қатарына:
нормативтік құқықтық база қалыптастыру;
ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды жалпы жүйелік қамтамасыз ету;
ақпараттық теңсіздікті жою: Астана қаласының барлық тұрғындарының ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;
қаланы дамыту үшін жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

1. Ақпараттық қоғамды қалыптастыру үдерісінің нормативтік құқықтық базасы

Ақпараттық технологияларды қалыптастыру және пайдалану процестерін дамыту аталған процестерді реттейтін қолданыстағы тиімді нормалар мен ережелердің болуын талап етеді. Қалалық ақпараттық жүйе стандарттары, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының арасында ақпараттық өзара қарым-қатынас жасау, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызметі туралы ақпаратқа азаматтар мен ұйымдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету тәрізді мәселелерді реттейтін нормативтік құқықтық актілер қажет. Сонымен қатар, осындай нормаларды мемлекеттік нормативтік құқықтық реттеулерге сәйкестендіру қажет.

2. Қалалық ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымдарды жалпыжүйелік қамтамасыз ету

1) Электронды өзара іс-қимыл ортасы

Экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешу процестерін ақпараттық қолдауға арналған ведомстволық ақпараттық жүйе жай-күйін талдау олардың дайындық деңгейінің жоғары емес екенін көрсетті. Сондай-ақ қазіргі жүйелердің (мемлекеттік және қалалық) бірігу деңгейі де төмен. Ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимыл жасау тәртібі анықталмаған. Мәліметтер беруді біріздендіруге мүмкіндік беретін және жалпықалалық ақпараттық жүйе шеңберінде ақпараттық жүйенің келісілген жұмыс істеуін қамтамасыз ететін стандарттар, сыныптамалар, метамәліметтер форматтар кешені жоқ. Неғұрлым маңызды міндеттердің бірі - салалық кешендер ақпараттық ресурстарының өз ішінде және аумақтық ақпараттық жүйелер арасында желілік бірігуі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Осыған байланысты Астана қаласының қазіргі заманғы телекоммуникациялық инфрақұрылымын, ақпараттық қызметтер моделін және электронды өзара іс-қимылдың жалпықалалық ортасының кешенді сәулетін дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі жалпы жүйелік қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізу қажет.

2) Технологиялық шешімдер

Астана қаласын ақпараттандыру жөніндегі жұмыстар қаланың кешенді және өзара байланысты ақпараттық инфрақұрылымын құруға әкелген жоқ. Қалалық ақпараттық жүйелерді құруға және пайдалануға шығындар тез өсуде, сонымен бір мезгілде, енгізу және пайдалану тиімділігі әлдеқайда баяу артуда.

Қалалық қолданбалы ақпараттық жүйелерді (ҚҚАЖ), ҚҚАЖ әзірлеу, енгізу және дамыту инфрақұрылымдарын, ҚҚАЖ қызмет көрсету, қолданыстағы ҚҚАЖ бейімдеу және жаңарту инфрақұрылымдарын қалыптастыру, қалалық ақпараттық инфрақұрылымның бірыңғай жүйесіне мәліметтер базасын және басқа ақпараттық ресурстарды біріктіру, тұрғындарға тиімді ақпараттық қызмет көрсетуді ұйымдастыру жүйесін құру, ақпараттық жүйе сенімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

3) Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Ақпараттың бұзылуы және бұрмалануы оның істен шығуының тізбегін туындатуы және қолайсыз салдарларға әкелуі мүмкін. Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігі, сенімділігі және жылдам қалпына келтірілуіне кепілді мүмкіндік берілуі негіз қалаушы талаптар болып табылады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін кешенді көзқарас қажет, ол ақпараттық қауіпсіздік міндеттерін шешумен және тиісті заңнамалық базаны қалыптастырумен қатар, ақпараттандыруды инфрақұрылымдық қамтамасыз етудің проблемаларын шешуді талап етеді.

Ақпараттық қауіпсіздіктің нормативтік құқықтық базасын қалыптастыру, ақпараттық қауіпсіздіктің жай-күйінің мониторингі мен оны талдауды ұйымдастыру, электронды цифрлы қол қоюды куәландыратын орталық құру, ақпараттық ресурстар деректерін сақтаудың және өңдеудің қорғалған орталығын құру қажет.

3. Жалпықалалық ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту

1) Қалалық порталдар жүйесі

Қалалық порталдар жүйесін құру мынадай нәтижелерге қол жеткізеді: қала тұрғындарының әртүрлі ақпараттық ресурстарға және сервистарға қол жеткізуін қамтамасыз ету, бұл билік органдарының және тұрғындардың тиімді өзара іс-қимылы үшін тұғырнама болып табылады;

"Электронды үкімет" бағдарламасын тиімді іске асыру үшін қолайлы орта құру.

2) Қала тұрғындарын есепке алудың автоматтандырылған жүйесі

Қала тұрғындарын есепке алудың автоматтандырылған жүйесін құру мынадай мақсаттарды :

мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тұрғылықты жері бойынша және Астана қаласының аумағына келу және онда болу орны бойынша тіркелген халық туралы көкейтесті және шынайы ақпаратпен қамтамасыз етуді;

тұрғындарды есепке алу саласында тиімді автоматтандырылған ақпарат алмасуды қамтамасыз етуді ;

тұрғындарға ақпараттық қызмет көрсетуді жақсартуды және мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына барған кезде азаматтардың уақытын үнемдеуді көздейді.

3) Автоматтандырылған сауда-саттық жүйесі

Қалалық тапсырысты қалыптастыру үдерісі тұрақты өсуде, ол тапсырысшылар мен жеткізушілер арасындағы ақпараттық ағындардың өсуімен қатар жүреді. Аяқталған бағдарламалық-аппараттық кешен түріндегі қалалық сатып алуды қамтамасыз ету жүйесін енгізу қалалық қажеттіліктер үшін сатып алу үдерістерін жүзеге асырумен байланысты әртүрлі шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Деректердің орталықтандырылған қоймасын және пайдаланушылардың онымен қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерін пайдалану сауда-саттықтар қатысушылары арасында ақпарат алмасуды едәуір оңайлатады және оның үстіне сауда-саттықтарды дайындау кезеңіндегі транзакциялық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Көптеген жүйе процестерін автоматтандыру және мәмілелер циклын электронды түрде жүзеге асыру сатып алудың ашықтығын арттыруға әкеп соқтырады. Билік органдары үшін жүйені енгізудің экономикалық тиімділігі бюджеттік қаражатты үнемдеуден көрінеді.

4) Телекоммуникациялық инфрақұрылым

Қалалық құрылымдар мүддесінде пайдаланылатын желілерге пайдаланылатын телекоммуникациялық технологиялардың толықтығы мен тиімділігі, қала міндеттерін шешу ерекшеліктеріне икемді түрде бейімделу мүмкіндіктері бойынша қатаң талаптар қояды .

Астанада қала тұрғындарына ақылы теледидарды, Интернетке, электронды оқуға,

цифрлық телефонға, мультимедиалық қызметтерге қол жетімділігін қоса алғанда, перспективалы ақпараттық-коммуникациялық қызметтер ұсынуды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы кең ауқымды интерактивті байланыстар желілерін құру.

4. Ақпараттық теңсіздікті еңсеру

Ақпараттық теңсіздік тұрғындардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларға (АКТ) қол жетімділігі қағидаттары бойынша әлеуметтік жіктелуінің артуын білдіреді. Оны жою үшін мыналар қажет:

Қала тұрғындарының күнделікті өмірі үшін қажетті ақпаратқа қол жетімділігін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелер мен қызметтер құру;

Астана қаласы тұрғындарының және ұйымдарының Интернет желісіне қоғамдық қол жеткізу орталықтары жүйесін дамыту, әлеуметтік объектілердің Интернет желісіне қол жетімділігін қамтамасыз ету;

ақпараттық технологияларды пайдалануды үйретуді ұйымдастыру, Астана қаласын ақпараттандыру үшін кадрлар даярлау;

әлеуметтік-бағдарланған ақпараттық ресурстар мен қызметтердің қалалық біріктірілген жүйесін әзірлеу.

5. Қаланы дамыту үшін ақпараттық технологияларды пайдалану **1. Қалалық басқаруды ақпараттандыру ("Электронды әкімдік" тұғырнамасын іске асыру)**

Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды Интернетке ауыстыра отырып және он-лайн ортасында жұмыс мүмкіндігін ұсына отырып, қалалық билік орындары өз бөлімшелері қызметінің тиімділігін арттырады, қабылданатын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етеді, азаматтар мен ұйымдарға неғұрлым сапалы қызмет көрсетеді. Бұл ретте мынадай жүйелер мен дерекқорлар құру қажет:

1) Электронды құжат айналымы жүйесі

Жүйе бөгде рұқсат етілмеген енуден қорғалуы тиіс. Жүйе құралдары құжаттардың шынайылығын және толықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

2) Қалалық басқарудың орталық органдары

Басқару процесі қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық және тактикалық мақсаттарына қол жеткізуге әсер ететін жағдаяттардың көптігімен, қаланы басқару құрылымдарының көптігімен және олардың бір-бірінен аумақтарда қашық орналасуымен күрделенеді. Бұл проблемаларды билік органдарын жедел және сенімді ақпараттық қамтамасыз етуді, ағымдағы жағдайды талдау мүмкіндігінсіз, оны болжаусыз, оңтайлы басқару шешімдерін өңдеу әрі олардың стратегиялық және нақты уақыт режимінде пайдаланылуын бақылау, қаланы басқарудың барлық буындарын уақытылы ақпараттандыруды және үйлестіруді қамтамасыз ету тұрғындарды уақытылы және толық ақпараттандыру жағдайларын жасаусыз шешу мүмкін емес.

3) Мүліктік-жер қатынастары

Меншікті басқару қаланың әлеуметтік-экономикалық саясатын іске асырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Ол - бірыңғай саясатпен біріктірілген және қала қауымдастығы тіршілігін теңдестіре дамытуға бағытталған билік органдарының әкімшілік, экономикалық және заң шығару іс-әрекеттерінің кешені болып табылады. Меншікті басқару мақсаты қаланың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешу, халықтың әл-ауқатын және тұрмыс деңгейін арттыру үшін бюджеттің кіріс бөлігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қалалық ортаның тұруына қолайлы жағдай жасау болып табылады.

4) Әлеуметтік орта

Сала ішінде де, сондай-ақ өздерінің арасында да ақпараттық ресурстарды кешенді автоматтандыру және біріктіру есебінен әлеуметтік сала салаларының тиімді қызмет етуін арттыру негізінде қала тұрғындарының тұрмыс сапасын көтеру.

5) Қалалық шаруашылық

Қалалық шаруашылықтың (тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық) жұмыс істеуін ақпараттық қамтамасыз етудің тиімді тетіктерін қалыптастыру. ТКШ - бұл қаланың билік органдарының стратегиялық мүдделерінің аймағы, бұл бірінші кезекте республикалық және жергілікті бюджет тарабынан қаржыландырудың ең жоғары әлеуметтік маңыздылығы және едәуір көлемімен негізделеді.

Іс-шаралар ретінде қалалық шаруашылықтың бірыңғай ақпараттық-есеп айырысу жүйесін құру және дамыту, салалық департаменттер мен басқармалардың ақпараттық жүйелерін дамыту, қала тұрғындарына коммуналдық қызметтер көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерін дамыту және біріктіру ұсынылады.

6) Сәулет және құрылыс

Құрылыс кешенін басқару жүйесін уақытылы қайта құрылымдау және қайта инженерлендірілумен қамтамасыз ету үшін құрылыс барысын тұрақты мониторингілеуді қоса алғанда, құрылыс бағдарламаларының іске асырылуын бақылауды ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру көзделеді. Құрылыс-инвестициялық процесіне қатысушылардың ақпараттандырылу деңгейін арттыру.

7) Табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау

Бірыңғай қалалық экологиялық мониторинг жүйесін құру, оған атмосфералық ауаның, жер бетіндегі сулардың, топырақтың сапасын және жасыл желектердің жай-күйін бақылаудың кіші жүйесін қамтуы тиіс. Қоршаған ортаны қорғау жай-күйін экологиялық бақылау базалық және жедел ақпараттың толық көлемінсіз тиімді болмайды.

2. Қызмет салаларын ақпараттандыру

1) Тұрғын үй-коммуналдық қатынастар

Коммуналдық тұрғын үй қорын және тұрғын үй алуға кезекке тұрушыларды автоматтандырылған есепке алу. Тұрғын үй-коммуналдық төлемдерді есепке алуды қамтамасыз ету, көрсетілетін қызметтердің саны мен сапасын бақылау.

2) Білім беру

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану есебінен оқушылардың білім сапасын арттыру және жүктемелерін төмендету үшін жағдай жасау. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және білім беру технологияларын алмасу.

3) Денсаулық сақтау

Мемлекетпен кепілдендірілген медициналық көмек ұсынуды есепке алу. Медициналық кадрлардың біліктілігін арттыру және медициналық технологиялар алмасу үшін жағдай жасау.

4) Әлеуметтік қорғау саласы

Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік төлемдер алушыларды автоматтандырылған есепке алу. Қалалық бос орындар дерекқоры, жұмыссыздарды, кедейлік шегінен төмен тұратын азаматтарды есепке алу.

5) Көлік

Қоғамдық көлік қозғалысы, жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарының жұмыс істеуі туралы ақпаратты жедел жинау.

6) Халықтың өтініштерін қабылдау қызметі

Азаматтардың өтініштерін автоматты жинау және өңдеу. Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметтің жұмысын қолдау.

7) Кәсіпкерлік

Экономика, заңды тұлғаларды тіркеу және тарату қызметтерін қолдау саласында басқару шешімдерін қабылдау үшін қаланың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің ж а й - к ү й і н і ң м о н и т о р и н г і .

Астана қаласын ақпараттандыруды жүргізу үшін жағдай жасау және қалалық ақпараттық жүйелерді құру 2006 - 2008 жылдар кезеңінде жүзеге асырылатын болады. Астана қаласының тұтас ақпараттық инфрақұрылымын құру, электронды қалалық қызметтерді ұсыну, электронды қызметтер ұсыну жобаларын әзірлеу және іске асыру үшін жағдай жасау 2009 - 2010 жылдар кезеңінде көзделеді.

&10. Ақпараттық-имидждік саясат

1. Ақпараттық саясат

Ақпараттық саясат қол жеткізген нәтижелерді және олардың қала мен республика үшін маңызын барынша жария етуге қол жеткізу үшін орта мерзімді кезеңге арналған Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының бағдарламасын іске асыруды ақпараттық қолдауға бағытталуы тиіс.

Сондай-ақ, Бағдарлама шеңберінде нақты іс-шаралар өткізу үшін алдын-ала

ақпараттық орта құра отырып, ақпараттық саясат әлеуметтік-экономикалық дамытуды қолдау міндетін шешуі тиіс.

Ақпараттық саясатты іске асыру үшін мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

1. Барлық нысаналы аудиторияларды қамту үшін ақпараттық саясатты жүзеге асыратын БАҚ-тардың шеңберін кеңейту.

Бұл үшін мынадай құралдарды қолдану қажет: мемлекеттік тапсырысты өңірлік және республикалық БАҚ-тарда орналастыру; Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың көкейтесті бағыттарын жария етуге БАҚ-тар арасында конкурстар өткізу; баспасөз конференциялары, брифингтер, баспасөз турлары, телекөпірлер және БАҚ өкілдерімен ашық өзара іс-қимылдың басқа да нысандары.

2. Астаналық ақпарат клубын құру.

Оның функциясы - қаланың көкейтесті мәселелерін талқылау және олар бойынша пікірсайыс алаңын ұйымдастыру. Клубтың құрамы: журналистер, талқыланатын мәселелер құзыретіне жататын мемлекеттік органдар мен кәсіпорындардың өкілдері, ҮЕҰ-дардың, оқу орындарының және ғылыми ұйымдардың өкілдері, тәуелсіз сарапшылар. Клубтың жұмысы мынадай:

өз кезегінде басылымның объективтілігін, проблеманы талдаудың тереңдігін арттыратын БАҚ өкілдерінің Астана қаласы туралы хабардар болуы деңгейін арттыруға;

клуб отырыстарына өңірлік БАҚ өкілдерін, сондай-ақ басқа өңірлерден сарапшылар шақыру арқылы ақпараттық өрісті кеңейту және Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы хабардар болу деңгейін көтеруге;

қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының көкейтесті мәселелеріне жалпы түсіністікпен қарау және оларды шешу тәсілдерін ұсынуға.

қалалық басқарудың ашықтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

3. Электронды ақпараттық инфрақұрылым құру

Электронды ақпараттық инфрақұрылым мынадай қағидаттарға сәйкес құрылуы тиіс:

Бірыңғайлығы. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, мемлекеттік мекемелердің және мемлекеттік кәсіпорындардың жекелеген веб-сайттарына шығатын Астана әкімдігінің бірыңғай веб-порталын құру қажет. Пайдаланушыларға ақпарат іздестіру кезінде қолайлы жағдайды қамтамасыз ету қажет.

Мазмұнының пайдалылығы. Веб-сайттардың мазмұны пайдаланушылар нақты мәселелер жөнінде анықтамалық ақпараттар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың қызметі туралы, қаланың тіршілігі туралы, қалалық жобалар және тағы басқалар туралы мәліметтер алулары үшін олардың қажеттілігіне барынша сай болуы тиіс.

Мемлекеттік басқарудың ашықтығы. Жергілікті органдар қабылдайтын нормативтік

құқықтық актілер туралы, қаланың бюджеті туралы, қалалық даму бағдарламалары туралы, мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі туралы толық ақпарат беру қажет.

Шетелдік пайдаланушыларға қолайлы болуы. Веб-сайттардың мазмұны мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде таратылуын көздеу қажет.

Кері байланыс. Веб-сайттар қоғамдық пікір мониторингінің және жергілікті мемлекеттік басқаруды жетілдірудің тұрақты жұмыс істейтін тетігін жасай отырып, қаланың көкейтесті проблемаларын талқылауға мүмкіншілік беруі тиіс.

Ақпараттық нарықта жылжыту. Қалалық веб-сайттар құру және оларды қолдаумен қатар, басқа веб-сайттарда сілтемелер орналастыруды көздейтін, адамдардың оларды қарауын арттыруға және әртүрлі ақпараттық материалдарға вебтік мекен-жайлар енгізуге және тағы басқаларға бағытталған іс-шаралар қажет.

2. Имидждік саясат

1. Астананың оң бейнесін жасау

Осы міндет қазақстандық қоғамды топтастыруға және ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал ете отырып, Қазақстанның дамуының бейнелік мәні ретінде астананың қарқынды өсуі идеяларын халыққа жеткізуді көздейді.

Б а с ы м д ы қ т а р :

Астана - елдің саяси, экономикалық және мәдени орталығы;

Астана - қазақстандық қоғамдарды топтастыратын түпқазық;

Астана - еуразиялық кеңістікте және әлемде Қазақстанның ықпалдасу бастамаларын і с к е а с ы р а т ы н о р ы н .

Н е г і з г і б а ғ ы т т а р :

кең ауқымды мәдени, спорт, іскерлік және басқа имидждік жүктеме көтеретін іс-шараларды: Қала күні, "Студенттік көктем" фестивалі, "Жас қанат" фестивалі, Халықтар достастығы фестивалі, Жастар бірлігі аптасы, халықаралық деңгейдегі спорттық жарыстар, мәдениет пен өнердің қалалық, республикалық және халықаралық к о н к у р с т а р ы н ө т к і з у ;

бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен астананың бейнелік мәнін көтеру. Электронды БАҚ-та: жаңалықтар блогындағы сюжеттер, телекүнделіктер, тікелей эфир бағдарламалары, телеайдарлар, циклды хабарлар, телеочерктер, имидждік аудио-, бейнероликтер, әдеби және деректі фильмдер, қалалық веб-сайттарды қамтамасыз ету және т ұ р а қ т ы қ о л д а у . Б а с п а Б А Қ - т а :

имидждік мақалалар жариялау, арнайы айдарлар ашу, газеттер мен журналдардың а р н а й ы н ө м і р л е р і н ш ы ғ а р у ;

имидждік өнімді, оның арасында: кітаптар, сурет альбомдары, бейнелі жолнұсқалар , сыйлық жинақталымдары, Астана картасы, электронды визиткалар, мультимедиялық дискілер, Астананың бейнесі бар сыйлық өнімдер өндіруге және таратуға көмек

көрсету. Сондай-ақ, сыртқы жарнама құралдарын белсенді пайдалану қажет.

2. Нысаналы аудиториялар арасында Астананың оң бейнесін жылжыту.

Осы міндет қолданбалы әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін нақты нысаналы аудиторияларда Астананың оң бейнесін қалыптастыруға бағытталған атаулы имидждік жұмысты көздейді.

Б а с ы м д ы қ т а р :

Астана қаласының нысаналы аудиторияға бағытталған оң бейнесін қолданбалы және атаулы түрде жалпы идеологиялық жылжытуды толықтыру; фактологиялық ұран сипатындағы көзқарасты толықтыру, имиджді көтерудің тікелей емес нысандарын пайдалану;

оларды шешуде көмек көрсетуге бағытталған нақты әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге әсер ету бойынша бағаның сандық параметрлері бойынша имидждік іс-шаралар бағасын толықтыру.

Н е г і з г і б а ғы т т а р :

Астана қаласының 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған имидждік стратегиясын әзірлеу қажет, ол мыналарды қамтиды:

нысаналы аудиториялар (қалалық, республикалық, шетелдік); әрбір аудиторияда қалыптастыру қажет имидж сипаттамалары; имидж сипаттамаларын жеткізуді талап ететін тәсілдер мен құралдар.

Имидждік стратегия негізіне келесі ұсыныстар енгізілетін болады:

1 . Қ а л а л ы қ а у д и т о р и я .

И м и д ж с и п а т т а м а с ы :

Астананы дамытудың басты басымдығы өмір сүру және қызмет ету үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады;

қаланың бүкіл әлеуметтік-экономикалық салалары астаналық стандарттарға ұ м т ы л у д а ;

Астанада халыққа қалалық қызмет көрсетуді жақсарту жөнінде дәйекті саясат жүргізілуде. Басқару шешімдері ашық рәсімдер өткізу жолымен қабылданады; салауатты қоршаған орта және қала тазалығы халық, кәсіпорындар мен билік орындарының бірлескен күш-жігерімен анықталады;

Астанада бизнес жүргізу үшін жағдайлар үнемі жетілдірілуде, қала жаңа кәсіпкерлік жобаларды қолдауда.

Т ә с і л д е р і м е н қ ұ р а л д а р ы :

қаланы басқарудың қалай жүзеге асырылатынын жақсы түсіну үшін мектеп оқушыларына, колледж студенттеріне, халықтың барлық мүдделі топтарына көмек көрсетуге бағытталған қалалық басқару органдарының қызметімен танысу жөніндегі к у р с т а р д ы ұ й ы м д а с т ы р у ;

қалалық жобалар мен мәселелер бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу. Қаланы абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі жеке бастамаларды қолдау;

кәсіпкерлер конкурстарын өткізу, Астананың кәсіпкерлік картасын, жергілікті мемлекеттік органдардың ақпараттық материалдарын құрастыру.

2. Республикалық аудитория Имидж сипаттамасы:

Астана республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының қозғаушы күші болып табылады.

Астана экономикасына инвестициялар ел экономикасына мультипликативті тиімділік көрсетеді, жұмыс орындарын құрады, әртүрлі өңірлердегі кәсіпорындарға тапсырыстар береді.

Астана - инновациялық жетекші. Астанада басқа өңірлер үшін оң тәжірибе ретінде қызмет ететін әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешудің озық тәсілдері әзірленеді және қолданылады. Сонымен бір мезгілде, Астана өзара іс-қимыл жасау үшін ашық және басқа өңірлердің оң тәжірибелерін пайдаланады.

Астанада тұрақты жетілдіріліп тұратын қолайлы іскерлік ахуал жасалды. Астана танымдық, іскерлік, экологиялық, спорттық туризм үшін тартымды.

Тәсілдері мен құралдары:
веб-сайттар, республикалық және өңірлік БАҚ;
көшпелі іс-шараларды ұйымдастыру;

Астананың инвестициялық мүмкіндіктерінің тұсаукесері. Астанада іске асырылатын өңірлік кәсіпорындардың табысты жобалары туралы ақпаратты тарату.

3. Шетелдік аудитория Имидж сипаттамасы:

Астана орнықты экономикалық даму сатысында тұр және Қазақстан мен Орта Азияның экономикалық орталығы тұғырына шығады;

Астана жоғарғы инвестициялық рейтингке ие, капитал салу үшін перспективалы және инвесторлар үшін сенімді кепілдік беретін өңір болып табылады;

Астана Шығыс-Батыс көлік дәлізінің жүйе қалыптастырушы буыны;

Астана және жақын маңдағы өңірлер іскерлік, экологиялық, спорттық және этнотуризм үшін тартымды орын болып табылады. Астанада қызмет көрсету және қауіпсіздіктің халықаралық стандарттарға сай туристік инфрақұрылым дамуы үстінде;

Астана халықаралық маңызы бар қала, әлемдік ауқымдағы іс-шараларды өткізетін орын болып табылады, ол мәдени өзара іс-қимыл үшін ашық.

Тәсілдері мен құралдары:
қазақ, орыс, ағылшын және басқа шетел тілдеріндегі веб-сайттар;
талдамалы және сараптама материалдар түріндегі шетел БАҚ-дағы жарияланымдар;

инвестициялық ахуал сипаттамасын, табысты инвестициялық жобалардың капитал салымдары үшін перспективалы салалар мысалдарын, инвестицияларға мұқтаж нақты жобаларды қамтитын Астананың инвестициялық жолнұсқасы.

Бағдарламаны орындау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары арқылы жүзеге асырылатын болады, яғни шартты екі кезеңге бөлінген: 2006-2008 және 2009-2010 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарлауда әзірленетін бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлейтін және бекітетін болады.

Іс-шаралар жоспарлары Астана қаласын дамытудың әр сатысының сапалы ерекшеліктерін сипаттайтын және Бағдарламаның барлық ережелерін іске асыруды көздейтін болады. Оларда нақты орындаушылар мен іске асыру мерзімдері, сондай-ақ жылдар бойынша қаржыландырудың болжамды көлемдері мен көздері белгіленеді.

Қаланы дамытудың ең көкейтесті мәселелері бойынша өңірлік бағдарламалар қабылданатын болады, оларды Астана қаласының мәслихаты бекітетін болады. Бағдарламаны іске асырудың жекелеген шаралары мен тетіктері Қазақстанның астанасын дамытуды көздейтін республикалық, өңірлік және салалық бағдарламаларда к ө р і н і с т а б а д ы .

Іс-шаралардың кешендігі Астана қаласының тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін дамытудың барлық бағыттары бойынша нысаналы әрі келісілген іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін барынша үйлестіруге және мүмкіндіктерін шоғырландыруға мүмкіндік туғызады.

Астана қаласының әкімдігі іс-шаралар жоспарларының орындалу барысын бақылау және Бағдарламаның жоспарланатын көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың тұрақты мониторингін және оның тиімділігін бағалауды жүзеге асыратын болады.

&11. Туризм индустриясы

Астана қаласының туристік саласын 2006 - 2010 жылдар кезеңінде дамытудың мақсаты жиынтығында туристік кластер түрінде көрінетін, басқа салалар үшін экономикалық тиімділік жасайтын ішкі және келу туризмдеріне бағдарланған индустрия ретінде қалыптастыру болып табылады.

Туризм индустриясын дамытудың үрдістері мен басымдықтары

Астана қаласында 2006 - 2010 жылдары туризм индустриясын дамыту мынадай ф а к т о р л а р м е н а н ы қ т а л а д ы :

- Астана қаласының халқының өсуі, сондай-ақ сырттан келушілер санының өсуі рекреациядағы қажеттіліктің ұлғаюына әкеледі;

- Астананың ролі іскерлік және оқиғалы туризмнің өсуі үшін алғышарт жасайтын елдің экономикалық орталығы ретінде, сондай-ақ халықаралық маңызы бар қала р е т і н д е а р т а д ы ;

- Астаналық мәртебе және сол жақ жағалаудың дамуы Астана қаласына таныстыру

сапарларының өсуін білдіреді;

- Астана қаласының халықаралық әуежайын пайдалануға беру келу туризмінің едәуір ұлғаятына әкеледі;

- шетел дипломатиялық корпусының Астанаға көшуі басқа өңірлердің, ең алдымен Алматы қаласы туристік ұйымдарының өкілеттіктерін кеңейтуге әкеледі. Мұның нәтижесі бір жағынан шығу туризмін ұлғайту, екінші жағынан Астана қаласының туристік нарығының құрылымын өзгерту, бәсекелестік деңгейін көтеру болып табылады.

Астана қаласында туризм индустриясын дамыту бағыттарын анықтау үшін, сондай-ақ туристік саладағы жалпыәлемдік үрдістерді ескеру қажет:

- ең серпінді дамып келе жатқан және неғұрлым табыстысы іскерлік туризм болып табылады;

- спорт, оқиғалы және экологиялық туризмге деген сұраныстың өсуін білдіретін демалудың белсенді нысандары енжар нысандардың орнын алмастырады;

- туристік сапарлардың ойын-сауық компоненті білім берумен алмастырылады, мәдени-танымдық туризм жедел қарқынмен дамуда;

- топтық турларға сұраныс кемуде, әрі жеке турларға деген сұраныс артуда, автобус және автомобильдермен сапарларға деген сұраныс артуда.

Жоғарыда аталған факторлар мен үрдістерді негізге ала отырып, Астана қаласының туризм индустриясының дамуында мынадай басымдықтар ажыратылады:

- Астананы іскерлік туризм орталығы ретінде дамыту;

- Астананы танымдық туризм орталығы ретінде дамыту;

- Астананы өңірлік туристік қызмет көрсету орталығы, этнотуризмге қызмет көрсететін транзиттік-тарату торабы, таяу өңірлердегі экологиялық және спорт-сауықтыру туризмі ретінде дамыту.

Сонымен бір мезгілде, қазіргі бастапқы шарттарды ескеру қажет. Біріншіден, шығу туризміне бағдарланған Астана қаласының туристік саласының инвестициялық әлуеті шектеулі. Екіншіден, басқа өңірлердің туристік ресурстарын тартусыз Астана қаласының туристік ресурстары шектеулі. Осыған байланысты, туризм индустриясының жүйелі дамуына ғана емес, сонымен бірге оны сабақтас салалармен бірге кешенді жоспарлауға көшу керек.

Астана қаласының туризм индустриясын дамытудың негізгі бағыты туристік кластерді құру болып табылады. Бұл ретте, оның құрылымында мынадай компоненттер қамтылады:

1. Жүйе құраушы туристік бағыттар:

- іскерлік туризм;

- экологиялық туризм;

- мәдени-танымдық туризм;

- этнотуризм.

2. Сервистік салалары:

- туристерді орналастыру;
- қоғамдық тамақтандыру индустриясы;
 - көліктік қызмет көрсету;
- демалыс және ойын-сауық индустриясы;
 - мәдениет және спорт саласы;
- тамақ өнімдерін, кәдесыйлар, ұлттық киімдер, туристік жарақтар, Астана қаласының бейнелік мәні бар өнімдер және т.б. шығару.

3. Кластер қызметінің тетіктері:

- туристік өнімдер маркетингі және оларды жылжыту;
 - ақпараттық қамтамасыз ету;
 - төлем жасау жүйелері;
 - кадрлық қамтамасыз ету;
 - инвестициялық қолдау;
- нормативтік және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.

Туризм индустриясын дамытуда кластерлі тәсілді іске асыру туризм инфрақұрылымын құруға және жетілдіруге арналған мемлекеттік органдардың күш-жігерін бағыттауды, сондай-ақ кластерге қатысушылар арасындағы өзара қатынасты дамытуды тетігін іске қосу және оларды қолдауды көздейді. Қойылған мақсатқа жету үшін мынадай бағыттар бойынша жұмыс жүргізу қажет:

- іскерлік туризмді дамыту;
- экологиялық туризмді дамыту;
- мәдени-танымдық туризмді дамыту;
- этнотуризмді дамыту.

Іскерлік туризмді дамыту үшін әлемдік стандарттарға сай көп функционалдык көрме орталығын құру қажет;

экологиялық туризм үшін Қорғалжын кентінен Қаражар кентіне дейінгі автомобиль жолының учаскесін қайта жаңартуды қамтамасыз ету; әуе көлігімен жеткізудің баламалы нұсқасын қарастыру; ілеспе инфрақұрылымды: су-электрмен жабдықтау, кәріз және қатты қалдықтарды жою, телекоммуникациялар жүйелерін дамыту қажет;

мәдени-танымдық туризм үшін орналастыру құралдарының қол жетімділігін, қазіргі қалалық экскурсия бағыттарын жетілдіру және жаңаларын құру қажет;

этнотуризм үшін қалалық "Атамекен" - Қазақстан картасы" этномемориалдық кешенінің базасында этноауылды құру; құрамына этноауыл, ат-спорт клубы, ұлттық ас үй, ұлттық өнер заттарының саудасы енетін кешенді турларды ұйымдастыру қажет. Қала маңындағы ауыл туризмін дамыту, Астана қаласының төңірегінде шағын аймақтар мен шағын ауылдарды ұйымдастыру, оларға ұлттық нақыш беру қажет.

Демалыс және ойын-сауық индустриясын дамыту

Астана қаласында рекреацияның, бос уақыт және туристік қатынастың үш деңгейлік жүйесін дамыту қажет: демалудың қалалық аймақтары, қала маңындағы демалыс аймақтары, Ақмола облысы маңындағы демалыс аймақтары. Қазіргі уақытта бұл жүйенің барлық үш деңгейі де жұмыс істеп жатыр, бірақ астана халқы санының өсуіне байланысты оларды кем дегенде бір жарым есеге кеңейту қажет.

Астана өсіп отырған халқына қызмет көрсету бойынша негізгі рекреациялық жүктемені көтеретін қала маңындағы демалыс аймақтарын құру болып табылады. Осындай демалыс аймағын Үлкен Сарыоба көлінде орналастыру нұсқасын қарастыру қажет. Демалыс және ойын-сауық объектілерінің құрылысы жеке инвестициялар есебінен жүзеге асырылатын болады. Алайда, жобаға бастама жасау үшін мемлекеттік инфрақұрылымдық шешім - қатты жабынымен автомобиль жолы учаскесін салу қажет. Сондай-ақ жылдың қысқы кезінде де демалыс аймағы болуы қажет. Тау шаңғы базасын ұйымдастыру үшін Софиев тас жолындағы шоқыны пайдалану нұсқасын қарастыру қажет. Бұдан басқа, қала маңындағы демалыс аймақтарын кеңейту мақсатында Қоянды өзенінде демалыс аймағын және Тельман кенті ауданындағы Есіл өзенінде демалыс аймағын салу, кемпингтердің салынуын қажет ететін, бард өлендерінің жыл сайынғы фестивалі өтетін 42-разъезд, Көктал кенті, Есіл өзені сияқты туристер көп баратын демалыс аймақтарын дамыту қажет.

Демалыс және туристер көп баратын Бурабай, Қорғалжын, Ерейментау аймақтары Ақмола облысында орналасқан, алайда оларға баратын туристердің елеулі бөлігін Астана қаласының тұрғындары құрайды және олардың жалпы саны мен меншікті салмағы елорда халқының өсуімен тек қана ұлғаятын болады. Демалыстың осы аймақтары инфрақұрылымының барлық элементтерін - ақпараттық қамтамасыз етуді, орналастыруды, тамақтандыруды, демалыс және ойын-сауықты - жетілдіру және әлемдік стандарттарға жеткізу қажет.

Астана қаласының туризм индустриясын дамыту бойынша аталған бағыттарды іске асыру нәтижесінде:

- 2010 жылы келу туризмі 36400-нан астам адамды құрайды, яғни 2004 жылмен салыстырғанда 1,6 есеге өседі;

- ішкі туризм 2010 жылы 2004 жылмен салыстырғанда 1,7 есеге ұлғайып, 255 000 адам шамасын құрайды;

- Астана қаласы халқының өсуіне, халықаралық әуежайдың ашылуына және елшіліктердің Астана қаласына көшірілуіне байланысты шығу туризмінің жылдам өсуі күтілуде - 2010 жылы 32 000 адамға дейін, бұл 2004 жылдың көрсеткішінен 1,8 есеге жоғары;

- туризм индустриясын дамыту туристік саладан түсетін жалпы кірістердің ұлғаюына әкеледі. 2010 жылы 2004 жылмен салыстырғанда 2 есеге ұлғайып, олар 5,0 млн. теңгеден асады деп күтілуде.

4. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға республикалық, жергілікті бюджеттердің, халықтың қаражаттары, халықаралық қаржылық экономикалық ұйымдардың, шетелдік және отандық жеке инвесторлардың гранттары пайдаланылатын болады.

2006-2010 жылдарға арналған инвестицияларға жалпы қажеттілік 523,2 млрд.теңге, оның ішінде республикалық бюджет қаражатынан - 495,5 млрд.теңге, жергілікті бюджеттер қаражатынан - 27,6 млрд.теңге, кәсіпорындар мен ұйымдар қаражатынан - 0,07 млрд. теңгені құрайды:

Жылдар	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Кәсіпорындар мен ұйымдар қаражаты	ЖИЫНЫ
2006	625*	6,9	-	69,4
2007	79,3*	7,7	-	87,0
2008	100,9	4,1	0,01	105,01
2009	119,3	4,3	0,02	123,62
2010	133,5	4,6	0,004	138,14

электр мен жылу энергетикасына - 123,7 млрд.теңге;
 сумен жабдықтау және су бөлуге - 128,9 млрд.теңге;
 көліктік жүйесін дамытуға - 110,1 млрд.теңге;
 білім беру жүйесіне - 17,5 млрд.теңге;
 денсаулық сақтауды дамытуға - 15,8 млрд.теңге;
 мәдениет пен спортты дамытуға - 32,6 млрд. теңге;
 тұрғын үй құрылысына - 19,4 млрд. теңге;
 абаттандыруға - 71,1 млрд.теңге;
 қоршаған ортаны қорғауға - 2,07 млрд.теңге;
 индустриялық парк құрылысына - 2,0.

Әрбір жылға арналған қаржыландыру көлемі кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті және Астана қаласының бюджетін қалыптастыру кезінде анықталатын болады.

5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру неғұрлым жоғарғы сапалы деңгейде халықтың тұрмыс деңгейін көтеру үшін жағдай туғызатын астаналық ортаны үйлесімді дамытуды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Әлемдік стандарттарға сай қаланың инфрақұрылымы қалыптастырылады. Астана қаласының экономикалық орталық ретінде ролі артады, ол үш кластерден - құрылыс индустриясында, тамақ өнеркәсібінде және туризмде қалыптастырылады. Бұл кәсіпорындардың жеткізушілермен, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарымен тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның негізгі бағыттарын іске асыру 2010 жылы астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының мынадай көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді:

э к о н о м и к а д а :

2010 жылы ЖӨӨ 2004 жылмен салыстырғанда 2 есеге өсуіне; өнеркәсіптік өндіріс көлемінің 2,8 есеге, оның ішінде өңдеуші өнеркәсіпте - 3,6 есеге, электр энергиясын, газ бен су өндіру мен бөлуде - 1,3 есеге ұлғаюы; өнеркәсіптегі нақты өсімнің жыл сайынғы қарқыны 18,8 % мөлшерінде, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 2005 жылмен салыстырғанда 24,0 % мөлшерінде қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

өнеркәсіпте негізгі капиталға инвестициялардың өсімі 2004 жылғы бағамен 1,4 есе, өңдеуші өнеркәсіпте 2004 жылмен салыстырғанда 1,29 есеге ұлғайтуға; өнеркәсіпте жұмыс істейтін адамдардың саны 1,1 есе ұлғаюына; 2010 жылға қаладағы ЖӨӨ-гі шағын кәсіпкерлік үлесінің 29,2%-ға дейін ұлғаюына ә к е п с о ғ а д ы .

Т і р ш і л і к и н ф р а қ ұ р ы л ы м ы н д а :

электр энергиясын өндіруді 1,2 есеге арттыру;
жылу энергиясын өндіруді 1,5-1,6 есеге өсіру;

830 км көшелер мен жолдар салу және қайта жаңарту, оның ішінде 50 км жоғары жылдамдықты жолдар (14 км-ге ұзарту), 134 км реттелетін қозғалыстың қалалық маңызы бар магистральді көшелері (41 км-ге ұзарту), 192 км аудандық маңызы бар магистральді көшелер (120 км-ге ұзарту), 454 км жергілікті маңызы бар көшелер мен ж о л д а р (2 5 к м - г е ұ з а р т у) ;

жыл сайын қатқыл жабынды 20 км жол салу, жалпы желі ұзақтығынан қаланың жол төсемдерін 50%-ға дейін қайта жаңартуды жүргізу;

21 құрылыс, оның ішінде 2 көпір, 2 жол өткелін және 9 көліктік айырымдар мен 8 ж е р а с т ы ө т к е л д е р і н с а л у ;

7500-9000 автомобиль қоятын орынға арналған кемінде 30 жабық және ашық паркингтер (тұрғын үй кешендері мен қоғамдық мақсаттағы объектілердің құрамында және дербес объектілер ретінде) құрылысы;

300 км су құбырын алмастыру және салу арқылы сумен жабдықтау және су бөлу ж ү й е с і н ж а ң ғ ы р т у ;

Талдыкөл сарқынды суларының жинақтауышын жою және қайта өңдеу.

Қ ұ р ы л ы с т а :

50 мыңнан астам отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ететін 3,1 млн. текше метр тұрғын үй құрылысын, оның ішінде - 2,7 млн. текше метр көп қабатты құрылысты іске қ о с у ;

құрылыс-монтаждау жұмыстарының құнын 15-20 %-ға төмендету;
құрылыстың сапасын көтеру және құрылыс кешенінің өніміне сұранысты арттыру;
қазіргі тұрғын үй қорының техникалық жай-күйін жақсарту және үйлердің пайдалану мерзімдерін едәуір ұлғайту, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз ету және астананың сәулеттік бейнесін жақсарту;
астананың сәулеттік бейнесін жақсарту;
қазіргі заманғы санитарлық-техникалық нормаларға сай жаңа үйлерге көшіру есебінен қала тұрғындарының қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз ету және тұрғын-үй ж а ғ д а й л а р ы н ж а қ с а р т у .

Сауда және қызмет көрсету саласында:

ЖӨӨ құрылымындағы сауда және қызмет көрсету үлесін 21%-ға дейін арттыру;
қаланың сауда алаңдарымен қамтылуын 18,9 %-ға дейін арттыру;
республиканың бөлшек сауда тауар айналымы көрсеткіштеріндегі қаланың меншікті салмағын 10 %-ға дейін және тұтынушылық тауарлардың көтерме сауда айналымындағы меншікті салмағын 15 %-ға дейін өсіру;
сауда және қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылған адамдардың санын жыл с а й ы н 5 - 7 %-ға ұ л ғ а й т у ;
жалпы көлемі 100000 ш.м. ірі сауда рыноктарын іске қосу, оның ішінде 95% - Оң ж а ғ а л а у д а ;

Астана қаласы тұрғындарының сауда алаңдарымен қамтылуын 50%-ға ұлғайту;
2010 жылға қарай бөлшек сауда тауар айналымының көрсеткішіндегі Астананың меншікті салмағын жалпы республика бойынша 10%-ға дейін және тұтынушылық тауарлармен көтерме саудадағы меншікті салмағын 15%-ға дейін ұлғайту.

Ә л е у м е т т і к с а л а д а :

әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру;
әлеуметтік жағынан осал адамдардың жағдайын жақсарту;
халықтың өмір сүруінің орташа ұзақтығын 71,8 жасқа дейін ұлғайту;
жұмыссыздық деңгейін 6,9 %-ға дейін төмендету;
кедейлік шегінде тұратын адамдар санын азайту;
халықтың ақшалай табыстарын 1,8 есеге арттыру;
сапалы білім алуға қол жетімділікті және міндеттілігін қамтамасыз ету;
жалпы білім беретін мектептерге жүктемелердің санитарлық нормаларын қ а м т а м а с ы з е т у ;
білім беру жүйесінің бірыңғай білім беру ақпараттық ортасын құру;

мектептегі орындардың тапшылығын 70%-ға және мектепке дейінгі ұйымдарда 50%
- ғ а қ ы с қ а р т у ;

қаланың білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының деңгейін
қазіргі заманның талаптары деңгейіне жеткізу;

ерекше санаттағы, оның ішінде даму мүмкіндігі шектеулі балалардың білімге
с ұ р а н ы с ы н қ а м т а м а с ы з е т у ;

жас және ересек тұрғындарға жұмыс біліктілігіне қажетті кәсіби білім алу үшін
жағдай жасау және оларды нарықты экономика жағдайында қоғамдық пайдалы еңбекке
т а р т у ;

еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кәсіптік кадрларды даярлау үшін 2,4 мың
ж ұ м ы с о р н ы н ұ й ы м д а с т ы р у ;

білім беру саласындағы бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау, қайта даярлау үшін
б а з а ә з і р л е у ж әне ж а ғ д а й ж а с а у ;

халықтың (әсіресе жастардың) мәдени, рухани деңгейін көтеру;
қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және қоғамның одан әрі топтасуын
д а м ы т у .

Э к о л о г и я с а л а с ы н д а :

Астана қаласының қоршаған ортасының жай-күйін бақылаудың бірыңғай жүйесін
қ ұ р у ;

ресурстардың ұтымды пайдалануға және зиянды шығарындыларды азайтуға
ынталандыратын іс-шараларды іске асыру;

жылу энергетикасы кәсіпорындарында тазалау құрылыстарын орнату;
автомобиль көлігін мотор жанармайының экологиялық таза түрлеріне көшіру;

Талдықөл жинақтауышын тазарту құрылыстарын салу, оны жою және
ж а у ы н - ш а ш ы н к ә р і з і н д а м ы т у ;

қайта өңдеуді қоса алғанда, өндіру және тұтыну қалдықтарын басқару жүйесін құру;

қаланың бірыңғай жасыл құрылымын құру;

қаланың экологиялық қауіпсіздігін тиімді басқаруды арттыру, қала дамуының
экологиялық болжамын қалыптастыру және табиғи ресурстарды ұтымды басқару.

Қалалық қызмет көрсету саласында:

Астана қаласының ақпараттық қоғамға кіруін қамтамасыз етуге бағытталған
құқықтық актілердің толыққанды жүйесін құру;

азаматтар мен ұйымдардың ақпаратқа және базалық ақпараттық-коммуникативтік
қызметтерге құқықтарын бекіту;

электрондық өзара іс-қимыл ортасының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін желілік
сервистердің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын жасау;

қаланың ақпарат жүйелерін әзірлеуге және ұстауға шығындарды азайту;
ақпараттық ресурстардың пайдаланудың тиімділігін арттыру;

"электронды мекеме" технологиясын қолдайтын қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу;

қаланың негізгі ақпараттық ресурстарын сыртқы және ішкі қауіптерден қорғауды қамтамасыз ету;

олардың қысқа мерзімде көрсетілуін көздейтін қалалық қызмет көрсетудің стандарттарын енгізу;

электронды нысанда қызмет көрсетуді ұсынуға көшуге жағдай жасау және оған кезең-кезеңімен көшу;

қалалық басқарудың ашық жүруін арттыру, қалалық қызметті пайдаланушылардың және оларды ұсынатын қызмет көрсету құрылымының уақытын және қаражатын үнемдеуге қол жеткізу;

ақпараттық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және ШБЖ құруға және оны іске қосуға шығындарды азайту;

ақпараттық ресурстарды жеделдете дамыту.

Ақпараттық-имидждік саясат саласында:

электронды ақпараттық инфрақұрылым құру;

ақпараттық өрісті кеңейту және Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдауға әрі ақпараттық сүйемелдеуге жаңа көзқарас енгізу;

нысаналы аудиторияларда Астана қаласының оң бейнесін қалыптастыру.

Телекоммуникацияларды дамыту саласында:

халықтың кең жіктерінің білім деңгейін және компьютерлік сауаттылығын көтеру;

бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту;

дәстүрлі почта қызметінің қол жетімділігін, сапасын және әлеуметтік маңызын арттыру.

Қабылданған бағдарламалық іс-шараларды практикада іске асыру оны дамытудың макроэкономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, орта мерзімді, сондай-ақ ұзақ мерзімді кезеңдерде Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының оң үрдістерін орнықтыруға мүмкіндік туғызады.

Астана қаласының дамуының 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың жоспарланатын индикаторлары 13-кестеде көрсетілген.

13-кесте

**Астана қаласы дамуының
2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын
іске асырудың жоспарланған индикаторлары**

	2006	2007	2008	2009	2010
2004 ж. салыстырмалы бағасындағы ЖӨӨ, млн д.теңге	404,5	452,9	507,4	574,4	649,4
ЖӨӨ өсімінің қарқыны,%	11,5	12,0	12,0	13,2	13,1

Өнеркәсіптік өнім өсімінің қарқыны,%	18,8	19,2	19,3	18,7	18,3
ЖӨӨ-мен шағын бизнес субъектілері өндірген өнімдер мен көрсеткен қызметтердің меншікті салмағы, %	25,8	26,7	27,6	28,3	29,2
Экономикалық белсенді халықтың шағын бизнестегі жұмыспен қамтылуының меншікті салмағы, %	18,2	20,2	22,1	24,1	26,1
Тұрғын үйді пайдалануға беру, мың текше метр (Қазақстан Республикасында Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылысына қала бюджеті алған кредиттерді есепке алмағанда)	530	662,5	462,1	499,0	538,9
Сыртқы сауда айналымы, млн. доллар	3060	3720	4460	5460	6180
- Экспорт (млн.доллар)	1710	2000	2300	2900	3200
- Импорт (млн. доллар)	1350	1720	2160	2560	2980
Жұмыссыздық деңгейі, %	7,6	6,9	6,9	6,9	6,9
Кірістер (ресми трансферттерді есепке алмағанда), млрд.теңге	41,0	45,9	47,1	48,1	49,2